

ҚАЗАК

ӘДЕБИЕТІ



«Бірінді, қазақ, бірін дос,
Көрмесен, істің бәрі бос!»

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

12+



№13 (4012), 3 сәуір, 2026 жыл

www.qazaqadabiet.kz



Қазақстанның Еңбек Ері, көрнекті жазушы-драматург

Әкім ТАРАЗИ

ӨМІРДЕН ОЗҒАНЫНА ЖЫЛ ТОЛДЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӨМІРДІ КӨКІРЕК КӨЗІМЕН ТАНЫҒАН СУРЕТКЕР

Әкім Тарази – әдебиет әлемінде өз орнын ерекше бейнелей алған бірегей жазушы. Сирек кездесетін тұлға! Әкім Тарази қала өмірін, қалада болып жатқан оқиғалы өмірді жазады.

Урбанизация үрдісіне сәйкес ауыл өмірі қала өміріне ойысты. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, белгілі түрік жазушысы, Нобель сыйлығының лауреаты Орхан Памукқа ұқсатамын. Бірақ Памукпен салыстырар болсақ, Әкім Тарази ағаның философиясы тереңірек, ерекшелігі – шыншылдығында, реалистігінде. Туындыларында оқырмандарды аямайды, шындықтың көрінісін дөп басады. Мен біздің бүгінгі әдебиетімізде осы тұрғыдан көрінетін жазушыларды көп емес деп ойлаймын. Сондықтан Әкім Тарази ұлттық әдебиетімізде, әлем әдебиетінде өзінің терең ізін қалдырды. Шерхан Мұртаза айтқандай, «Жазушының көзі – көкірегінде». Әкім Тарази – жазушы ретінде, драматург ретінде өмірді осы көкірек көзімен таныған суреткер. Ерекшелігі де осында деп ойлаймын.

Өкінішке қарай, біз жазушыларымызды шет елге көп паш ете алмай қалдық. Сондықтан Әкім Тарази шығармалары шет елде көбірек танымал болады деп есептеймін. Себебі бұл кісі дүниежүзінің ең жоғары сыйлықтарға лайық екеніне ешқандай күмәнім жоқ.

2018 жыл

«ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІНІҢ» СҮЙЕНЕРІ – ОҚЫРМАН. ОҚЫРМАННЫҢ СҮЙІП ОҚИТЫН ГАЗЕТІ – «ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ»

Газеттің индексі: жеке жазылушылар үшін – **65353**; мекемелер мен ұйымдар үшін – **15353**

Баспасөз-2026 «Казпошта» АҚ бойынша	Жеке жазылушыларға: Қалаларда: 1 айға – 925,82 т. 3 айға – 2 777,46 т. 6 айға – 5 554,92 т. 12 айға – 11 109,84 т.	Аудандар мен ауылдарда: 1 айға – 925,82 т. 3 айға – 2 777,46 т. 6 айға – 5 554,92 т. 12 айға – 11 109,84 т.	Кәсіпорындар мен ұйымдарға: Қалаларда: 1 айға – 1918,53 т. 3 айға – 5755,59 т. 6 айға – 11511,18 т. 12 айға – 23022,36 т.	Аудандар мен ауылдарда: 1 айға – 1720,82 т. 3 айға – 5162,46 т. 6 айға – 10324,92 т. 12 айға – 20649,84 т.
	«Евразия пресс» ЖШС бойынша	Жеке жазылушылар үшін: 1 айға – 746 теңге. 3 айға – 2238 теңге 6 айға – 4476 теңге. 12 айға – 8952 теңге	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін: 1 айға – 1441 теңге. 3 айға – 4323 теңге 6 айға – 8646 теңге. 12 айға – 17292 теңге	

ӨЛЕҢМЕН ӨРІЛГЕН ҒҰМЫР



Бүгін Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Франц Кафка атындағы халықаралық «Алтын медаль» сыйлығының лауреаты Шөмішбай Сариевті еске алуға арналған «Өмірін өлеңмен өрнектеген тұлға» атты салтанатты кеш өтті.

Алқалы жиынға зиялы қауым өкілдері, белгілі әдебиеттанушы ғалымдар, акын-жазушылар, мәдениет және өнер майталмандары мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты. Бұл тағалымды шара Қазақстан Жазушылар одағы аясында ұлттық әдебиетке өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның рухани мұрасын ұлықтау, кейінгі буынға насихаттау мақсатында өтті.

Кеш барысында Шөмішбай Сариевтің

өнегеге толы өмір жолы мен қазақ руханиятының алтын қорына айналған бай шығармашылық мұрасы кенінен дәріптелді. Басқосуда сөз алған қаламгерлер мен ғалымдар оның ұлттық поэзияны жаңа көркемдік иірімдермен байытқан бірегей қолтаңбасын, лирикасындағы терең философиялық мазмұн мен биік рухани құндылықтарды ерекше атап өтті.

Сонымен қатар Шөмішбай Сариевтің тек ақындық қыры ғана емес, оның әдебиеттану саласындағы ғылыми ізденістері мен әлемдік классиканы қазақ тіліне аударудағы еңбегі де жан-жақты сөз болды.

Шара аясында ақынның өмірі мен шығармашылық белестерінен сыр шертетін фотосуреттер көрмесі ұйымдастырылып, қатысушылар назарына ұсынылды.

Бұл еске алу кеші Шөмішбай Сариевтің мәңгілік мұрасын ұлықтап, оның қазақ әдебиетіндегі орнының айрықша екенін тағы бір мәрте айқындаған тағалымды рухани басқосу болды.

Қырғыз Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Женишбек Асанкулов Қазақстан Жазушылар одағына ресми сапармен келіп, Басқарма төрағасы Мереке Құлкеновпен кездесті. Басқосу барысында бауырлас елдердің мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын дамыту, қазақ-қырғыз әдеби байланыстарын нығайту мәселелері кеңінен талқыланды. Сондай-ақ қос елдің тарихында айрықша орын алатын бірегей тұлға Жүсіп Әбдрахмановтың еңбек жолын ұлықтау жолындағы жайлар қозғалды. Жиын соңында Женишбек мырзаға аздаған сауалымызды қойған едік.

Женишбек АСАНКУЛОВ,

Қырғыз Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы:



Жүсіп ӘБДРАХМАНОВ

ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗҒА ОРТАҚ ТҰЛҒА



– Қырғыз халқының тарихи қайраткері Жүсіп Әбдрахманов – қазақ елі үшін де ерен тұлға. Қазақстан Жазушылар одағына арнайы ат басын бұруларыңыз да осы тұлға есімімен байланысты екен.

– Иә, бүгін Қазақстан Жазушылар одағына арнайы келіп отырмыз. Біршама уақыт бұрын Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының Төрағасы Мереке Әбдешұлы Қырғызстанға келген іссапарында Қырғызстанның мемлекет қайраткері, Қырғыз Комиссарлары Кеңесінің бірінші төрағасы, қырғыз мемлекетінің негізін қалаушылардың бірі Жүсіп Әбдрахмановтың еңбегі турасында жан-жақты айтқан болатын. Мереке ағаның сөзін қырғыз тарихшылары мен жазушылары, қырғыз зиялы қауым өкілдері бірауыздан қолдаған еді. Бүгінгі кездесуіміздің басты мақсаты да сол ерен тұлғаның жүріп өткен жолын, қайраткерлігі мен тұлғалық болмысын ұлықтай отырып, Алматы шаһарында Жүсіп Әбдрахманов атына көше беру, ескерткішін орнату жайын талқылау болды.

Небәрі 26 жасында Қырғыз Республикасы үкіметінің басшысы болып тағайындалған Жүсіп Әбдрахмановтың еңбек жолы, саясатты алғашқы қадамы қазақ елінде, Алматы қаласында бастау алған. 1901 жылы 28 желтоқсанда Ыстықкөл облысының Чиркей ауылында дүниеге келген ол 1920 – 1921 жылдары Алматы, Талдықорған қалаларында қызмет атқарған.

Жүсіп Әбдрахмановтың ашаршылық жылдары зұлмат кезеңге тап болған қазақтарға қол ұшын созғаны да тарих беттерінде жазылған. Мереке Әбдешұлының: «Қиын шақта біз кімді паналадық? Қырғызстанды паналадық. Сол

кездегі үкіметтің басында отырған Жүсіп Әбдрахмановты біз ет жүрегіміз елжіреп жақсы көреміз. Қазақ деген айбарлы елдің астанасында немесе Алматы қаласында Жүсіп Әбдрахмановтың ескерткішін орнату маңызды деп есептеймін. Ол кісінің еңбегі турасында кенінен жазу да – біз үшін басты мұраттардың бірі», – деп айтқаны біздің де көңілімізді толқытып еді.

– Тағы қандай шараларды жүзеге асыруды жоспарлап отырсыздар?

– Бірінші мәселе – көшеге атын беру болса, екінші жоспар – Алматы қаласына Жүсіп атамның ескерткішін орнату. Осы мақсат аясында да Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасының мүсіншілері өзара ақылдасып, жұмыс жасауда. Екі елдің де осы салаға жауапты тұлғаларымен сөйлесіп, келісімдер жүргізіп, мамыр айының басында ауқымды шара өткізуді ұйғарып отырмыз. Бұған дейін Талдықорған қаласында Жүсіп Әбдрахманов атына көше берілгені де тарих үшін өзекті.

– Осындай игі жұмыстар қазақ-қырғыз халықтарының рухани, ұлттық байланысын одан әрі нығайта түсері анық.

– Әрине. Айтып өткенімдей, Жүсіп атамның алғашында қазақ еліндегі Жетісу облысында жұмыс істеп, содан кейін Қырғыз елінде еңбек жолын жалғастырған, мемлекет дамуына айрықша үлес қосқан. Жүсіп Әбдрахмановтың жары қазақ қызы болғанын да атап өткеніміз жөн. Гүлбахрам Әбдрахмановамен қазақ елінде шаңырақ көтеріп, екі ұл, үш қызды дүниеге әкеліп, 1924-жылдары отбасымен Қырғызстанға қоныс аударған. Қазақ жерінде қызметте жүрген кездері туралы күнделігіне де жазған екен атам.

– Ұрпақтары Қырғызстанда өмір сүріп жатыр ма?

Екі ұлдан кейінгі қызы Аида Жүсіпқызы Қазақ ССР КГБ басшысының орынбасары Абдуманап Төлеулиевке тұрмысқа шығып, Алматы қаласында тұрақтап қалды. Ұлы, немерелері осы шаһарда. Ал атамның қалған ұрпақтай Бішкекте, қырғыз елінде.

– Жоспарларыңыз сәтімен жүзеге аса берсін!

Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

«КЕЛЬНДЕГІ КӨКЖАЛ» КИНОҒА АЙНАЛАДЫ



Осыдан тура бір жыл бұрын ERG компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Ибрагимовтың демеушілігімен қазақ тілінде жазылатын романдарға байқау жарияланған болатын. Байқаудың жуырда қорытындысы шығарылды.

Жүлдегерлер қатарында Думан Рамазан («Сынақ»), Қуаныш Жиенбай («Аралқұмдағы ақырғы аялдама»), Нұржан Қуантайұлы («Опасыз ойын»), Асқар Алтай («Каскад»), Мұрат Алмасбек («Екі жағалау»), Қуат Бораш («Тәубе»), Айым Ақылтай («Қарыз») сынды есімі елге белгілі қаламгерлер, жас жазушылар бар. Олар 3 000 000 теңге көлемінде каламақы алды.

Ал байқаудың бас жүлдесін – (15 000 000 теңге) «Кельндегі көкжал» романы үшін қазақтың көрнекті жазушысы Жүсіпбек Қорғасбек иеленді.

Бас жүлдені ҚР Жазушылар одағының төрағасы Мереке Құлкенов табыстады. Сонымен қатар бұл шығарма желісімен көркем фильм түсіріліп, үлкен экранға шығуы жоспарланып отыр. Бұл – әдеби туындының жаңа деңгейге көтеріліп, кең аудиторияға жетуіне мүмкіндік береді.

Салтанатты шара барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның құттықтау хаты оқылды. Халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы, сондай-ақ шараға, Халықаралық ТҮРКСОЙ ұйымының Бас хатшысының кеңесшісі Қанат Саматұлы, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, ҚР Ұлттық кітапханасының директоры Ғазиза Құдайбергенова, жобаны жүзеге асыруға белгілі журналистер Қайнар Олжай, Арман Скабылұлы, сонымен қатар бір топ зиялы қауым өкілдері қатысты.

ТАҒЫЛЫМДЫ БАСҚОСУ МОЛ ӘСЕР СЫЙЛАДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Журналистика факультетінің «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнері» кафедрасының ұйымдастыруымен ғалым, ақын, драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері Қайым Мұхамедханұлының туғанына 110 жыл толуына арналған мазмұнды кездесу өтті.

Іс-шара аясында «Ер қазақ» кітабының авторы, журналист, жазушы Дәулет Сейсенұлымен жүздесу ұйымдастырылды. Кездесуге ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Бауыржан Жақып, Журналистика факультетінің деканы Қанат Әуесбайұлы, «Баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнері» кафедрасының меңгерушісі Айгүл Рамазан, журналист, жазушы «Ер қазақ» кітабының авторы Дәу-

лет Сейсенұлы, ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әбубәкір Қайран, журналист-сатирик, аға оқытушы Ермахан Шайхыұлы, библиограф-ғалым Қоңыр Мұқатайқызы қатысты.

Іс-шараны факультет деканы Қанат Әуесбайұлы ашып, бұл басқосудың Қайым Мұхамедханұлы секілді ірі тұлғаның мұрасын жас ұрпаққа кеңінен танытудағы орны ерекше екенін атап өтті. Сөз кезегін алған Бауыржан Жақып: «Қайымның әкесі Мұхамедхан орыс, араб, түрік тілдерін меңгерген өте сауатты адам болған. Алаш қайраткерлерімен етене араласқан жан. Осындай тұлғадан, киелі шаңырақтан шыққан бала Қайым Мұхтар Омарханұлымен дос болған. Қайым ағамызға осындай құнды туындының шығуы оның артында іздеушілердің Дәулет Сейсенұлы сияқты шәкірттерінің барының арқасында, оған шүкір айтамыз», — деп Қайым тұлғасының тамыры тереңде жатқанын жеткізді.

Бұдан соң Дәулет Сейсенұлы өз әңгімесін Қайымның өзінен бұрын,

оның Қайым болып қалыптасуына ықпал еткен әкесі туралы айтудан бастады. Ол Қайымның әкесі Ахмет Риза медресесінде имам болғанын, Семейде шыққан «Сарыарқа» газетіне, «Абай» журналына қаржылай көмек беріп, қазақ әдебиетіне жанашырлық танытқанын атап өтті.

Қ.Мұхамедханұлынан дәріс алған шәкірттер көп болған. Солардың бірі — Әбубәкір Қайран. Ақын өз сөзінде Қайым Мұхамедханұлын өзіне ұстаз болғанын, жанына жақын адам ретінде ерекше ілтипатпен еске алды. Сондай-ақ «Ер қазақ» кітабын оқығаннан кейін, шабыттанып өлең жазғанын айтып, сол өлеңін оқып берді.

Кездесудің қорытынды сөзін кафедра меңгерушісі Айгүл Рамазан тиянақтады. Ол Қайым Мұхамедханұлының табандылығына тәнті екенін айтып, оның ғалымдығы бір төбе екенін ерекше атап өтті.

Дариға ДОСАН,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
журналистика факультетінің
3-курс студенті

ТҰСАУКЕСЕР



«АҚЫЛДЫ АҚЫМАҚТАР»

«Сіздің кітап оқитыныңызды білемін.
Бірақ шынымы айтайын,
мен бұл романды сіз үшін емес,
кітап оқымайтындар үшін жаздым».

Автор

Қазақстан Жазушылар одағында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Құрметті жазушысы, бірнеше кітаптың авторы, сықақшы-жазушы Мұхтар Шерімнің «Ақылды ақымақтар» атты сатиралық романының тұсаукесері өтті.

Ауқымды мәдени-рухани шараға Алматыдағы қаламгерлер, сатира сүйер қауым мен жазушының бірге оқып, бірге өскен курстас достары қатысты. Мәдени шараны ақын Аманғазы Кәріпжан жүргізіп отырды.

Тұсаукесер рәсімінде сөз алған Қазақстан Жазушылар одағының Басқарма Төрағасының орынбасары, ақын Қасымхан Бегманов Мұхтар Шерімнің талантты азамат, сапалы, өнімді еңбек еткен жазушы екенін сатира жанрында оның он бес томдық шығармалар жинағы жарық көргенін айтып, оның ел ішінде, қалың қазақтың ортасында жүріп осындай үлкен еңбектер жазып жүргенін өте жоғары бағалаймыз, — деді.

Бұдан соң сөз алған жазушының курстастары мен сатира сүйер достары жазушының бұған дейін жазған шығармалары мен «Супер бетсіздер» атты сатиралық романының да оқырман тарапынан жылы қабылданғанын, ал «Ақылды ақымақтар» сатиралық романы билік пен қоғамды әжуәлаудағы сатиралық уытын күшейткен жаңа туынды екенін атап, сатира саңлағына денсаулық, ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс тіледі.

Мұхтар Шерім 1975 жылы Қазақ Мемлекеттік университетіне түсіп, оның журналистика факультетін бітірді. Бәйдібек ауданында «Алғабас» газетінде корректор болып жұмыс істеді. 1983 жылдан 1990 жылға дейін «Оңтүстік Қазақстан» газетінде қызмет жасады. Газеттің сын-сықақ бөлімін басқарды. «Ара-Шмель» журналының Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстары бойынша меншікті тілшісі болды.

Сықақшының көптеген шығармалары республикалық «Тамаша» ойын-сауық отауының, «Шаншар», «Күлкі керуені» театрларының тұрақты репертуарына айналды. Жазушының «Қисық шеге», «Күлеміз бе, қайтеміз?», «Құдағи құшақтай береді», «Бюрократпен қоштасу» деген кітаптары бар. Елу жасында «Ым-баппа», «Быт-шытынды шығарамын», «Талтайып тұрғым келеді!», «Кешіріңіз, сіз есек емессіз...» деген атпен төрт томдық сатиралық кітаптары жарық көрді.

КӨРКЕМДІК КЕПІЛІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда айтқан «Кітап оқитын ұлт» тұжырымдамасы Республика халқының арасында тұрақты оқу мәдениетін қалыптастыруға үлкен қозғаушы күш болғаны белгілі.

Ел іші шынында да кеніш екен. Мемлекет басшысының сол тұжырымдамасын жүзеге асыруға ерекше ынтамен кіріскен Бакытжан Тұрлыбек бастаған азаматтардың бүгінгі басқосуда келтірген деректері шынында да керемет. Бұл Жобаны 2025 жылдың қыркүйегінде бастаған кезде оқырман санын 100 мың адамға жеткізе алар ма екенбіз деген алаң көңілдері де болған екен. Нәтижесінде, жобаға 189 мыңнан астам оқырман қатысыпты. Жобаға қатысқандардың әрқайсысы 15 кітаптан оқыпты. Демек, біз сол

оқырмандардың ой-санасының қандай деңгейге көтерілгендігін болжай да аламыз.

Бұл — оқырмандардың қазіргі кезде де белсенді екендігінің көрсеткіші.

Бас қосуда сөз алған қаламгерлер Қойшығара Салғараұлы, Төлен Әбдік, Шәрбану Бейсенова, Алдан Смайыл, Роза Мұқанова, Сауытбек Абдрахманов, Мәди Айымбетов, Жанарбек Әшімжан, Қуаныш Жиенбай, Жанат Әскербекқызы, Бауыржан Бабажанұлы өз пікірлерін ортаға салды.


Енді осы Жобаның ауқымын кеңейте түсу үшін оның ақпараттандырылуына қалың көпшілік өз үлестерін қосу керек деп ойлаймын. Көркем әдебиет — жан дүние көркемдігінің кепілі. Ендеше жастарды кітап оқуға жұмылдырудың түпкі мәні — саналы да мәдениетті, мейірімді де озық ойлы ұлт тәрбиелеу. Әрбір ата-ананы алаңдатып отырған түрлі пиғылдағы ағымдардың ықпалынан сақтандырудың кілті де осында.


«НАУРЫЗ — ДУМАН»

Алматыдағы С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешенінде «Наурыз — думан» атты жыр кеші өтті.

Жыр кешіне ақын, аудармашы, философия докторы (PhD), әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті «Абай» ғылыми-зерттеу институтының профессоры Төрегелді Тұяқбай, ақын, Қазақстанның Құрметті жазушысы Шаяхмет Алжанбай және ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының кандидаты Бакытбек Бәмішұлы қатысып, Наурыз мейрамының мәні мен маңызы туралы ой бөлісіп, өлеңдерін оқыды. Музей кешенінің кітапханасына кітаптарын сыйлады.

Кешті Музей кешенінің аға ғылыми қызметкері, ақын Әділғазы Қайырбеков жүргізіп отырды. Шараға зиялы қауым өкілдері, Логистика және көлік академиясының, Алматы колледжінің оқытушысы Сандуғаш Өзбекова студенттерімен қатысты.





Мұхтар МАҒАУИН

Біраз жыл бұрын Әкім аға отыз бес жасқа келді. Отыз бес жасқа Содан тойға жиналды. Үйіне. Әбіш, Сайын, Асқар бар, киностудиядан тағы екі-үш жігіт қосылды. Ол кезде Әкім аға – киностудияда бас редактор.

Ал енді осы жерде «аға» деген сөзімнің мәнісін айта кетейін. Бізден жасы үлкен, қатарлас, ілгерінді-кейін жігіттер болды. Қалихан, Қабдештерді – Қалекен және Қабдеш деп атадық. Ал аға болған – осы Әкім. Содан соң Сайын болды. Екеуі ғана. Бұл сөздің мағынасы жасы үлкендікті ғана білдірмесе керек. Атақ, мәртебе, жандарал деген сияқты мәнде ғой. Әкім аға, Сайын аға дейміз. Содан Әкім ағамның үйіне жиналды. Әкім ағам кішкене жүзі тұнжыранқырап отыр, «Мінекей, отыз бес жасқа келіп қалдым», – дейді. Маған өте көп боп көрінді, үлкен боп көрінді. Өзім жиырманың ортасынан асқам. Бір алыстағы заман сияқты көрінді. Содан отыз бесін тойлады. Одан бұл жасқа әлі бірталай заманнан кейін біз де келетін шығармыз деп ойлады. Ал енді Әкім бүгін тоқсанға толып отыр. Қазір, керісінше, онша үлкен боп, онша көп боп көрінбейді. Уақыт өтіп, жас ұлғайған сайын жастардың арасы жақындай береді. Одан ғана емес, Әкім ағам әлі сол отыз бестегі қайратты, жас қалпында, өміне аз-маз көлеңке кірген болуы мүмкін. Басқасы, ақыл-ойы, парасаты, мінезі – бәрі бұрынғы қалпында. Ең бастысы, Әкімнің тоқсанға келуінің негізгі екі себебі бар. Біріншісі – өзінің тұрақты, қалыпты, салмақты мінезі, дүниеге кеңінен қарайтыны. Екіншісі, менің Роза қарындасымның айрықша күтімінің арқасында.

Біздің жазушылар қауымы қатар жүргенде, бір қаланың ішінде жүргенде кейде түсінісе алмай, сыйыса алмай жатады. Мен қазірше жердің түбінде, Америкада жатырмын. Соның өзінде кейде кейбір әріптестердің алай-бұлай деген сәлемі, жаңғырығы жетіп жатады. Ал бір үйде екі жазушының тұруы деген, ол – өте қиын нәрсе. Мүмкін емеске жақын жағдай. Екеуі, мінекей, отыз жылдан асты, жарасты ғұмыр кешіп келе жатыр. Бұл Әкімнің өзгеше махаббатының, Роза қарындасымның өзгеше махаббатының көрінісі ғана емес, рухани жақындықтың, өзара түсіністіктің жарқын үлгісі.

Тоқсан деген жердің шегі емес, әлі алда қаншама заман бар. Ал бұдан бұрын Әкім ағамның жетпіс жылдық тойын өткіздік. Жаңағы отыз бестен кейінгі екі аралықта. Сол той қазақ зиялылары түгел жиналған мереке болды. Әдебиеттің ғана емес, ұлттың мерекесі сияқты өтті. Сонда: «Бұл Әкімді мен баяғыдан бері аға деп келе

жатырмын. Әкім менің ағам. Сонда Роза кім болады? Роза маған жеңге болып шығады екен. Ал енді Роза өз алдына менің қарындасым. Сонда Әкім кім болады? Әкім маған күйеубала болып шығады екен. Сосын ойлап таптым. Бұл аға болар, жеңге болар, қарындас болар, күйеубала болар, Алпамыс бар

дер айтылды. Сонда сол жиынның жоғары дәрежеде өтуінің, қазақ еңсесінің жоғары болуының бір көрінісі Әкімнің жиналыс басқаруынан көрінді.

Ал екінші жолы Әкім ағам менің бір жиынымды атқарды. «Жұлдыз» журналының бас редакторлығына бәйге жарияланды. Алғаш рет өтіп тұрған конкурс-

дардың соңы, жетпісінші жылдардың басында басталды. Оның алғашқы өкілдерінің бірі де осы Әкім ағам болды.

Біздің әдеби сын, кем дегенде, елу жыл кейінге қалып келе жатыр. Әкім шығармалары да толық талдауын, өзінің бағасын әлі алған жоқ. Бірақ халық кереметтей қабылдады. Қазақ әде-

ӘКІМ ТАРАЗИ ӘДЕБИЕТКЕ ЖАҢАЛЫҚ БОЛЫП КЕЛДІ



Соған түстім. «Жұлдызға» редактор болғым келді. Менің ұғымымда журнал редакторы болу деген – ең үлкен қызмет. Әдебиетке бағдар бересін. Түгелдей кейінгі жастарға шарапатын тиіп отырады. Редактор болғым келді. Сонда осы жиынды Әкім ағам басқарды. Әкім ағам басқарып, аяғында Олжас (Сүлейменов) қорытындылады. Ақыры талас-тайталас... Менен басқа да үш адам түскен. Бәрі де – мықты. Мен Әкімнің басқаруының арқасында, бір жағынан, жеңіп шығып «Жұлдызға» редактор болдым. Он сегіз жарым жыл отырдым.

Әкім аға басшылық қызметте отырғанда көптеген игі істерді жүзеге асырды, Жазушылар одағындағы, киностудиядағы үлкен оқиғалардың басшысы болды. Жақсы кинолар түсірді. «Қараш-Қараш оқиғасында» Мұхтар Әуезовтің ашып айта алмаған дүниелерінің бәрі жарыққа шықты.

Әдебиеттегі жаңа әрі ауқымды серпіннің алғашқы легінде Әкім болды. Сайын екеуі қатар бастады. Бірақ Сайын – дәстүрлі жазушы. Әкімнің жазуы мүлде басқа. Алғашқы «Күйрықты жұлдыз» деген повесі, содан кейін барып «Асу-асу», «Үлкен ауыл» деген алғашқы шығармалары сол алпысыншы, жетпісінші жылдардың тоғысында жазылған. Бұлар әдебиетке үлкен жаңалық алып келді. Жаңалық тақырыпта ғана емес, көркемдеу жүйесінде болатын. Тырнақалды туындыларымен-ақ әдебиетке жаңа тыныс берді. М.Әуезов бір топ ақынмен кездескенде: «Жыл құсы келгендей жаңалық сезінеміз», – деді ғой, ал шын жаңалық осы алпысыншы жыл-

биеті жаңа рухани биікке жетті десек, бүкіл әлемдік деңгейге жетті десек, ол белес те Әкімнің атымен байланысты. Мұны айту керек. Ең бастысы, Әкім ағамның өзінің шығармаларын жинақтап, түгелдей бастырып шығарыпты. Менің естуімше, он үш том болып басылыпты. Он үш томның сегіз томы, әлде тоғыз томы таза проза болуы керек. Бұл – аз емес, өте көп. Мысалы, Толстойдың өзінің барлық прозасы он томның маңайында. Тургеневтікі – жеті том, ұлы Әуезовтің прозасы – алты том ғана. Мәселе аз-көпте емес. Дегенмен де тұтас шығарманың мықты әрі көп болғаны тіпті жақсы ғой.

Алдағы уақытта, тоқсаннан кейін де ағам жазады деп ойлаймын. Менің айтатын аз ғана тілегім, ұсынысым, Әкім аға енді естеліктер кітабын жазса. Өйткені осы тоқсан жылдың ішінде көргені қаншама ағамыздың. Әдебиет төңірегінде, қоғамдық өмірде, қазақ халқының өмірінде Әкімнің түйгені өте көп. Оның үстіне, ылғи бастық болғаннан кейін бастықтармен көп араласты. Ол жағын жақсы біледі. Басты тілегім, Әкім ағам Роза екеуі жасай берсін. Әкім ағам енді отыз жыл жасасын. Жүз жиырма деген жас тілеймін. Ал Роза қарындасым да Әкім ағамның жасына келсін. Той тойға ұласа берсін. Әкім мен Роза екеуі бала-шағасының қызығын көрсін. Елінің құрметіне бөлене берсін. Төңіректері түгел болсын. Қазақ әдебиетінің одан әрі қарай өркендегенін, өскенін кейінгі жас буындар арқылы көріп, тани берсін, бар мұраттары орындалсын.

2 қазан, 2023 ж. Вашингтон

Ақселеу СЕЙДІМБЕКТИҢ ӘКІМ ТАРАЗИҒА ХАТЫ

Қадірлі Әбеке!

Аман-есенсіз бе?

Қоныс жайлы, іргеміз құтты болсын!

Жүз көрісіп, қол алысып, төс тиістіруге мұрша болмай жатыр. Бұл ретте уақыттың қат-қабаттығын уәж еткім келмейді, уақыт дегеніңіз қай заманда, қандай қоғамда пенде шіркінге мұрша берген дейсіз. Дәу де болса, кемшілік мен жақтан, менің орашалақтығымнан болу керек. Тәңір құп көрсе, ондай олқылықтың орнын толтырармыз.

Естіп-біліп отырған боларсыз, мына кітабымды («Қазақтың күй өнері») бәйгеге қостым.

Адам мүлде түйсіксіз болмаса өз еңбегінің парқын біледі ғой. Мақтан сөз деп ойлай көрменіз, осы кітапты жазуға 25-30 жыл өмірімді арнадым. Қазақтың 5 мыңдай күйін тіркеуге алдым, 1 мыңдай күйдің тарихи-эстетикалық поэтикасын сараладым. Қорқыт атадан бүгінге дейінгі 1200 жыл аясында ғұмыр кешкен 200-дей күйші-композитордың өмірі мен шығармашылығын анықтап бердім. Әрісі Еуразия көшпелілерінің, берісі қазақ халқының музыкалық мәдениеті туралы соңғы 2-3 мың жыл аясындағы әлемдік деректер тұңғыш рет тарихнамалық (историографический) айналымға түсті. Жинақталған және сараланған материалдардың типологиялық ауқымы тек қана қазақтың емес, сонымен бірге исі түркілік музыка мәдениетінің де пайда болу, қалыптасу мәселелеріне толымды айғақ бола алады деп білемін.

Осының бәрі, әрине, айтуға оңай болғанмен, көп бейнет шеккенімді жасыра алмаймын және оған еш өкінбеймін.

Қадірлі Әбеке, несіне тәптіштей берейін, егер сәті түсіп, еңбек еленіп жатса, алдымен қазақтың қасиетті күй өнері үшін мерей-мәртебе болмақ. Сонсоң, қазіргідей ызы-кықы заманда ұрпақтың қандай құндылыққа бағдар жасауына да демесін болар еді-ау деп ойлаймын. Әсіре сөз емес, сырым да, шыным да осы.

Зор құрметпен, Ақселеу

24.11.2004.

Астана

Дулат ИСАБЕКОВ

Әкім Тарази. Бұл есім қазақ әдебиетінде 60-жылдары кеңінен таныла бастады. Сол жылдары әдебиетке бір топ жас жігіт келді. Қалихан Ысқақ, Рамазан Тоқтаров, Бек Тоғысбаев, Әкім Тарази... Жай келген жоқ, шаңдатып келді! Әбіш те бар, бірақ ол бұл топқа қосыла қоймады, жеке жүрді. Бұлардың алдында біздің классикалық әдебиетіміздің өкілдері – Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов, Сафуан Шаймерденовтер бар еді. Бұл топтағы жігіттер олардан өзгеше жаза бастады. Форманың жаңалығы, баяндау стилінің өзгешелігі, образдардың нақтылығы мен көркемдік бейнелердің шеберлікпен ашылуы тұрғысынан, әсіресе Қалихан, Сайын және Әкімнің шығармалары көп сөз болып жатты.

ӘДЕБИЕТТІҢ АЛТЫН КЕЗЕҢІ ӘКІМ ЕСІМІМЕН ДЕ БАЙЛАНЫСТЫ



1967 жылы әскерде жүрген кезімде Мәмбет Бестібаев деген қайынағам хат жазыпты. Хатында: «Өзіңнен 5-6 жас ғана үлкен Әкім Таразидың Әуезов театрында шығармасы сахналанды. Біз бәріміз көріп келдік. Тамаша! Сен де солардан қалыспауың керек», — депті. Мені қайрағаны ғой. Ал мен 24-25 жаста ғанамын. Ол кезде Әуезов театрында пьесаның қойылуы аспаннан метеорит түскендей жаңалық болатын. Содан, әскерден келген соң мен де театрда «Күлмейтін комедиясын» тамашаладым. Одан бөлек, ең басты шығармасы «Жолы болғыш жігітті» де сол кезде жазды. Ал «Күлмейтін комедиясы» бірден Одақ көлемінде танылып кетті. Одақта ол кезде 350 миллион халық болатын. Сол 350 миллион халыққа арналған «Театр журналына» пьеса «Асаубөкен» деген атпен жарияланды. Бұл үлкен оқиға болды және Әкім Таразидың аты Одақ көлемінде кеңінен танылды.

Камал Смайылов киноны басқарып тұрғанда Әкім Тарази Кинематографистер одағының бірінші хатшысы еді. Қалтай Мұхамеджанов комитеттің бас редакторы, Әбіш Кекілбаев Қазақ киностудиясының бас редакторы, Телман Жанұзақов редакторы болатын. Осы сияқты елге белгілі тұлғалар

киноның төңірегінде жүрді. Бұл қазақ киносының сан жағынан да, сапа жағынан да өсіп, көркемдік дәрежесінің көтерілуіне ықпал етті. Сол кезде қазақ киносының Алтын қорына кірген «Қыз Жібек», «Гауһар тас», «Менің атым Қожа» сынды атышулы фильмдер түсірілді. Мен әдебиеттің де, драматургияның да алтын кезеңі сол тұс деп ойлаймын.

Қазақта «Бес тапал» аталған бес жазушы болды. Олар — Әкім Тарази, Қалихан Ысқақов, Сайын Мұратбеков, Рамазан Тоқтаров және Бек Тоғысбаев. Бірақ Бек Тоғысбаев бұл топпен соншалықты белсенді араласа қоймады, «Бес тапалдың» ішінде аты ғана болды. Сол бес тапалдың бірі — Әкім Тарази. Әкім болғаннан кейін мен ол кісіні «Әке» деймін. Менің атым Дулат болған соң, мені «Баба» дейді. Руы — Дулат қой. Сөйтіп, екеуміздің арамызда осындай псевдоним қалыптасып калған.

Жазушылар көбінде өз заманының рухына лайықты шығармалар жазады. Ал қай заманда болса да оқылатын шығарма жазған қаламгерді жазушының жазушысы десе болады. Әкімнің «Тасжарған», «Жолы болғыш жігіт», «Бұлтқа салған ұясын» шығармаларын әлі оқырмандарын жоғалтпаған дүниелер деп есептеймін.

ЗАМАН СИҚЫН САЯСАТ БҰЗАДЫ



Әкім ТАРАЗИ

Кеңес үкіметі дүниедегі ең қуатты ел еді қару-жарақ жағынан. Жұдырықтай жер шарын құлпарша қылып жіберу «қолында» еді. Бар ғалам маған қарасын, маған қарамаса, қараң қалсын деген саясатты ұстанады.

Кеңес үкіметі алдына жан салмаған ел еді, өзін-өзі қорғауда. Темір тәртіп, бетон бірлік, мызғымас саясат мәңгіліктің кепіліндей еді. Қыбыр еткенді қалт жібермейтін, сыбыр еткенді селт жібермейтін. Қырық адамның басы қосылған жерде сақ құлағы тұратын, отыз адамның басы қосылған жерде көреген көзі болатын.

Темір-бетон құрсау бұзылмас деуші едім. Темір-бетон камал құламас деуші едім. Өнім түгіл түсімде көңілді күдік мендеген емес. Асқақтаған кезде ауасыз қалған көрік тәрізді пыс етті де басылды, солып қалды. Жүйрік көңілден жүрдек көкдененнің озған тұсы осы еді.

1991 жылдың бірінші қаңтары мен ыстық түстік қияндағы Малайзия елінде, Диксон деген қалада, Үнді Мұхитының жылы суында малтып жүріп қарсы алдым. Тағдырдың тартқан сыйы еді ол бір: құмжиекке шықсаң, сіресіп, «белі қайысып» тұрған сауда сөрелері «ала ғой!», «келе ғой!», «су тегін!».

Қонақүйге келіп, теледидарды жалғадым: суық түстік қияндағы Кеңес одағы деген далиған елді көрсетіп жатыр екен. Мәскеу көшелері шақырымдарға созылған арақ өшіреті, нан өшіреті, сабын өшіреті. Тағы да сөрелер, дүкендердегі сөрелер. Қаңырап бос тұрған сөрелер... Антарылып, не істерін білмей тұрған кемпір-шал. Жанарында жылт еткен сәуле жоқ, жанарында — бармақ басындай мұз түйме, көз орнында — мұз түйме!

Одан он-онбес жыл бұрын болса, «біздің елімізге жала жауып жатырсындар» деп өре тұра келер ме едік, кім білсін. Бірақ 1986 жылдың Желтоқсаны зерделі жүректерді оятып, тұман торлаған кездердің шелін сылып тастаған

кез: қонақүй бөлмесіндегі Еуразия картасына көзім түсіп кеткен — суық солтүстікте «Кеңестер Одағы» деп аталатын алып қара құс «Ортлық Азия және Қазақстан» деп аталатын балапан қырандарды бөктеріп барады екен. Қайда? Қайда?

Өмірімде ілкі мәрте дағдарыс ойға ұрындым: Қайда? Қайда кетіп барамыз? Бөктергіге қор болып... қайда ғана кетіп барамыз?

Малайзия — Қазақстанмен тағдырлас ел, он жеті миллион халқы бар, көпұлтты, негізгі тұрғындары — мәліштер 40 пайыз; діні де ала-құла: мұсылмандар, христиандар, буддашылар. Тарихы да қымқуыт, соғыстан көз аспаған, жапон басқыншылары, француз басқыншылары, қытай басқыншылары, 1972 жылы «өлдім-талдым», құрыдым «біттім» дегенде еркіндікке ие болған. Біз барғанда бостандық алғанына он сегіз-ақ жыл толған.

Он сегіз-ақ жыл! Тарих үшін қас-қағым сәт емес пе! Белшесінен батпаққа батқан, орман-тоғайы маса-шіркейге тұншыққан ұры-қарыға таланған аш-жалаңаш ел еңсесін қалай тез көтергеніне таңғаласың! Қалалары қандай, «далалары» қандай! Қуала-Лумпурдың ғимараттары Нью-Йорк пен Сингапурге бергісіз, көк тіреген зәулім үйлер; шыбын тайып жығылатын данғылдар, көздің жауын алатын көліктер. Ең жажабы, қалтасы тоқ, сондықтан көңілі де тоқ, жүзінде күлкі ойнаған жайдары жұрт. Сөйлесе кетсең, екі езуін екі құлағына іле салады!

Соншалықты тез дамудың, соншалықты тез көркеюдің не сыры бар, не сиқыры бар? Мен сонда ойладым (*экономист-ғалымдар келісер, келіспесе, мейлі!*): соншалықты дамудың, соншалықты тез көркеюдің ең негізгі сыры да, сиқыры да бостандықта шығар деп. Ел бостандығы — ер бостандығы, жеке бастың бостандығы, еңбек тәсілінің, табыс табу тәсілінің бостандығы! Сөз аңдымай, сыбыс аңдымай, өз көлеңкесінен өзі қорықпай, өз халқына өзі жауықпай Еркіндікке табынған ел екен деп жорыдым.

Содан бері де табаны күректей сегіз жыл өтіпті-ау. Дәлірек айтсам, сегіз-ақ жыл! Сол кезде «біздің» баспасөз Малайзия басшыларының: «Азия-Тынық мұхит аймағының жеті жолбарысының бірі біз боламыз!» деген ұранына күлетін, ашуға

болмайтын жерлерін ашып күлетін. Ақырында не болды! Сондағы мысқылшыл күлегештер қайда! Ал талай тағдырлы Малайзия — бүгінде Азияның жеті жолбарысының бірі!

Жарты айға созылған сол сапарда мәскеулік бір жазушы (*жазушы ма, әлде... Өз басым күмән арқалап қайтқан едім...*) күңіреніп күйінуден бір жалықпады:

— Бұлар бізден неге қорықпайды-ей?! Бұрын Кеңес адамдарын көргенде зәре-құты қалмаушы еді! Екі қолын жамбасына жапсырып сіресе қалушы еді (*«руки по швам» деген орысша тіркесті тікелей аударғаным*).

Әлгі жауабы жоқ жауапсыз сөздерді күнде-күнде қайталап әбден мезі қылған соң:

— Қорқытып сыйлы болғың келсе, шағын ғана атом бомбасын қалтаңа сала келмедің бе? — деп тосқауыл қоюға тура келген.

Заман сиқын саясат бұзады. Көшелер ұранға толған сайын сөрелерді жылан жалай бермек. Егемендіктің алғашқы жылдары тағдыр мені қала шетіне «лақтырып тастады». (*Оны неге жасырайын! Шын жазушы байлығын айтып шаттанбасын, керісінше, жарлығын айтып мақтансын*). Сол кездегі талондарды қалай тез ұмыттық? Өлшеулі күріш, өлшеулі қант, әсіресе отыз күнге бөлінетін 150 грамм зығыр майы! Отыз күнге бөлінетін қол басындай қара сабын! Солардың кезегінде күн ұзақ сарсылып тұрып көр. Қиналғаным рас, бірақ қорланған жоқпын. Көппен көрген ұлы той. Ескі кебістей тозып кеткен троллейбус, автобустар аялдамаға келіп тоқтап жатыр.

Жұқарған жүйкенді езігілей түскендей жүрісін баяулатып, емексіте беретін, әдейі мазактағандай көк түтінін бұрқ-бұрқ еткізіп оза беретін. Тарқылдап қашқан көліктің соңынан тырандай қуған жұрт. Әлдебір оқырманым танып қоя ма деп жалған намысты жеңе алмай кейде аңырып тұрып қаламын.

Аты дардай жазушы осындай ұсақ-түйекті неге езігілеп отыр деп мұрнын шүйіретіндер аз болмас. Түсінбесе, мейлі... Азаматты тапшылық қорлайды. «Атан түйені жер шайқаса, ешкіні аспаннан ізде» демекші, жұмысшы, шаруа қауымының ахуалын айтып жату қажет пе?! Жақсылықты да, жамандықты да «жоғарғы жақтан» күтіп үйренгенбіз, бәріміз жабылып бір басшының ғана басын «тырнайтынбыз».



**Нұрлан
ОРАЗАЛИН**

Уақыт дейтін қатал, қатыгез, қаһарлы сыншының тезінен сүрінбей өту – суреткер үшін үлкен сын, үлкен бақыт. Бұл – азабы мен мехнаты мол, қиындығы мен қиянаты жетіп артылатын ұйқысыз түндер мен күлкісіз күндердің жемісі! Ары мен бары, қуанышы мен зары, нұры мен сыры сыңға түскен айлардың, жылдардың көрінісі! Екі ғасыр ақиқатын тең көріп, екі дәуір шындығын ойы мен санасы, жүрегі мен тілегі арқылы өткізген, өткізіп келе жатқан қазақ көркемөсінің аса көрнекті өкілі, қазіргі таңдағы ұлт руханиятының ұстыны бөлек абызы, ұлт биігіне көтерілген тұғырлы тұлға, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Еңбек Ері Әкім Тарази – уақыт дейтін осынау қатал, қатыгез сыншының тезінен сүрінбей өтіп келе жатқан жаратылысы бөлек суреткер. Бұл – шығармашыл тұлғаны танытқан, мойындатқан уақыттың өз бағасы!

Әкім Тарази туралы әңгіме айтылғанда... Көз алдымызға, әуелі, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары елестейді.

Алатаудың бөктері мен Алматының көшелерінен апорт алмасының иісі аңқып тұратын жылдар...

Алаш арыстарының аты аталмай, заты көмікте жатқан нәти қатты қоғамның аспанын «жылымық» дейтін жаңа сөз кезіп, жанға жылылық әкелген, ойға, санаға қанат біте бастаған кезең...

Дала мен қаланың арасына өздерінің білік-білімімен, парасат-пайымымен, ойлау, сөйлеу, жазу мәдениетінің кендігімен, тереңдігімен кең өріс ашып, ұлттың «өлгенін тірілтіп», өшкенін қайта жаққан Алтай мен Атырау арасында жатқан Ұлы Байтақтың алпыс екі тамырына қазақы қан жүгіртіп, рухани әлемімізге үлкен өзгерістер алып келген, өмір, қоғам, заман, адам танудың ғаламдық сипаттағы үлгілерін қалыптастырған «алпысыншы жылғылар» елестейді.

Осы орайда көңілге мүлтіксіз қонар бір анық бар. Ол – көп айтылып жүргенімен, түбірлі талдауға түсіп, бағасы әлі күнге толық беріле қоймаған кермиық кезеңнің ұлт руханиятына құбылыс болып енгені...

Осы бір әлемнің өзгеріске түсуіне себеп болған тарихи құбылыстың нәтижесінде...

Жылдар бойы кірпігіне мұз қатқан қабағы қалың қоғам туралы, қоғам тудырған көлеңкелі сипаттар жайлы жұмған аузы «ашылмай» келген қоғамдық пікір айдыны мен қазақ көркемөсінің іштей тынған кеңестігінде орасан серпілудің, ересен сілкінудің ерекше нышандары, көркемдік ізденістің жарқын үлгілері тұсауын кесті. Өмірді бар күнгей-көленкесімен камти отырып, «айтуға болмайтын» ақиқаттар айтыла бастады. Әдебиет пен өнердің өрісі кеңейді, өркені өсті. Ойға, санаға ықпал етер көркем туындылар қатары

көбейді...

Бүгінгі тоқсанның көзталар биігіне туын қадап отырған Әкім Тарази – сол өрісімізді кеңейтіп, өркенімізді өсірген осы кезең әдебиеті мен мәдениетінің маңдай алды өкілі, классик жазушы.

«Айтар болсаң, жеріне жеткізіп, сүйегінен өткізіп айт, әйтпесе, өзінді де, өзгені де өзеуретіп алдама» дейтін суреткерлік серт пен көркемдік қағидаға берік жазушының балаларға арнап жазылған алғашқы «Арман-атаманынан» бастап, әр жылдарда баспа бетін көріп, кітап болып басылған «Өрт», «Күйрықты жұлдыз», «Асу-асу», «Қиян соқпақ», «Бұлтқа салған ұясын», «Тасжарған», «Қорқау жұлдыз», «Әулет», «Ақбердінің ауласы», «Дүниенің шеті», «Кен», «Жаза», «Тәж» секілді әңгіме, повесть, романдары; «Күлмейтін комедия», «Жақсы кісі», «Жолы болғыш жігіт», «Қос боздақ», «Қыз махаббаты», «Тұлпардың ізі» тәрізді республика театрларында кеңінен жүрген пьесалары сөзіміздің айғағы.

Бұл – суреткер ойы мен қиялының кендігін танытар шығармалардың біз білетін ұзын-ырғалы тізімі.

Иә...

Тізім ғана!

Ал тізімнің төркінінде қаншама уақыт пен қоғамның, адам мен заманның, дала мен ғаламның ара қатынасын анықтайтын, мына ұлы дүние туралы толғанған, тебіренген жүрек пен сананың ұйқысыз сәт-сағаттары, мазасыз айлары, тынымсыз жылдары жатқанын елестетіп көрінізші... Айлар тасасынан құрсауы берік, құрығы ұзын, қамыты мықты қоғаммен теңесіп отырып, тегеуріні берік текті сөз айтқан дарынды жастың жалынды ойын аңғаруға, жылдар тасасынан жігері мен намысын ұлттық намыс пен жігердің биігіне көтере отырып, кім-кіммен де терезесін тең ұстап тілдескен, асау заманын ақылмен ауыздырықтап, халқының бар-жоғын түгендеу биігіне көтерілген шынайы суреткердің, парасатты көркемсөз иесінің, кең мінезді кемел ойлы тұлғаның, сабырлы ел ағасының пайымы мен болмысын тануға болады.

Міне...

Қалың елі төрінен орын ұсынып, ұлт руханиятының абызына айналған суреткер-Таразидың тәлімі мен тағдырлы кеңестігі осындай!

Жазушы жайлы ой толғап отырып, кешегі күннің бірер үзіктері көңіл төрінен тіл қатты...

Соны қағазға түсірдім.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары. Өлең жазып, сөз дейтін сиқырлы әлемнің жетегіне жаңа ілесіп, мектеп қабырғасындағы жүрген күндер... Қолыма «Қазақстан пионері» газетінің бірнеше санында қатарынан жарық көрген Ә.Әшімов дейтін жазушының «Арман-атаман» дейтін пьесасы түсті. Жетінші класс оқушысының жан жүрегін баураған әлгі шағын пьесаны бір топ бала қайыра-қайыра оқыдық. Қатарлас достарыммен пьесаның «читкасын» жасап, роль бөлістік. Мелске – Мұрын, Елемеске – Теміртон, Коммунарға – Қазақбай тиді. Мен Арманның ролін алдым. Сонымен... Әрқайсымыз сөздерімізді жаттадық... Жасыратыны жоқ... Атқора-сиырқоралардың бұрыш-бұрышын «репетиция» жасайтын орын (сахна) етіп, әзірлікке кірістік... Қанша жасырып дайындалғанымызбен, біздің «спектакліміздің» дақпырты мектеп директорының құлағына жетеді. Контторына шақырады... Әңгіме «Не бүлдіріп жүрсіндермен?» басталды... Директорымыздың кабинетінде өрбіген «қатал әңгіменің» ақыры «Арман-атаманның» колхоз клубында өткен «премьерасымен» аяқталды. Қысты күн қырауда трактор сүйреткен жойпан шанамен қойлы ауылдар мен

бригада-бригадаларды аралап, елге театр көрсеттік. Театр, артист, режиссер, драматург дейтін ұғымдардың қанатына қонып, Арманның арманына ілесіп, Африкаға кете жаздағаным әлі күнге жадымда... Аңғал, адал балалықтың бал күндері-ай! Сол күндерде театр дейтін киелі әлеммен алғаш танысып, бір батыр бабамыз туралы тұңғыш пьеса да жазған едім... Өлең мен өнердің жолына алып барар алғашқы сұрлеу-соқпағым екен ғой!.. «Ә.Әшімов» деген драматургтің Тарази екенін кейін білдім...

Қалай болғанда да...

Ойлап отырсам, менің өнер мен театрдағы жолымның тұма бастауы жас

ұлы өнердің қос бірдей сәйгүлігіне, тұлпартекті жүйрігіне іштей сүйсініп ем сонда... Бүгін де, міне, сол сәт, сол күндерді еске алып отырмын. Сүйсініп отырмын!

Есімде Сайын Мұратбеков сол жолы: «Әкім Тарази алып дәуірмен алысқан алыптар қатарынан...» деп еді.

Бүгін...

Сол досы туралы айтқан достың әділ бағасы тілімнің ұшына оралды.

Ақиқат сөз... Шынында да... Жалын мен парасат, ой мен сезім шығармаларында қанаттаса өрілген суреткер Таразидың сүмбіле түніндей тұнық, жұлдызы жарқырап жанған, жайдары

ДӘУІРТЕКТІ

жазушы Таразидың осы пьесасымен басталған екен. Бірде сол оқиға туралы ағамызға айтқанымда жылы жымыйп: «Байқаймын, мен осал болмаппын... Жазушылар одағының болашақ басшысының арманын оятыппын... Мәртебе! Мен туралы мақала жаза қалсаң, осы детальды ұмытпассың!» деп еді. Бүгін сол уәдені орындаудың сәті келді...

Иә...

Өмірде асықпай сөйлеп, айтарын баптап айтатын қаламгер-ағамызбен өнер майданында да, өмір майданында да, шүкір, аға-дос, іні-дос болып, әдебиет дейтін алберен ауылдың қызығы мен шыжығын бірге бөлісе көтерісіп келеміз.

Бір жолы бір қаламдас-әріптесіміз Әкім ағамызға: «Сіздің пәлен дейтін мақтаулы досыңыздың мынандай кемшілігі бар. Білесіз бе?» – деді. «Қандай?» деді ағамыз. «Өзінен өзге ешкімді мойындамайды!» деді. Әкім Ұртайұлы әлгі ақжүрек, адал әріптесіне барлай қарап: «Ол кемшілігі емес, ол артықшылығы!» – деді. Әріптесім: «Даже... Сізді мойындамайды!» – деді қызбаланып. Ағамыз: «Ол да оның артықшылығы!» – деді сабырлы қалпын бұзбай... Әңгімеге нүкте осылай қойылды.

Бір жолы ағамыз телефон соғып: «Нұрлан, сөз бар еді...» – деді. «Келіңіз...» – дедім. Келді.

«Сайынның юбилейі келеді. Өзің білесің... Ағаң өліп кетсе де өзі туралы өтініш айтпайды. Қазақтың Чеховы ғой! Нағыз классик! Не ойын бар? Атаққа... Халық жазушысына ұсыну керек!» – деді. Достың дос туралы айтқан адал сөз, жомарт ойына риза болдым. Араға екі-үш күндей уақыт салып, Сайын ағаны шақырдым. «Қыр астында алпыс тұр, Сәке. Мерейтой! Дұрыстап өткізейік. Қаласаңыз, Әуезов театрында... Баяндамашыны белгілейік» дедім. Ағамыз жүзінен нұр төгіліп тұратын ерекше жан еді ғой. «Ойланайық... Ақындар өлең оқып, залды ұстайды. Біз прозаикпыз. Театр... Қалай болар екен?» деді. «Атаққа ұсынайық... Халық жазушысына...» дегенімде, ағаның ашаң жүзі қысылып, қызарып кетті. «Нұрлан, шырағым. Пейіліне рақмет! Шын сөзім. Өзің жақсы білетін бес саусаққа сиятын Қалихан, Қабдеш, Рамазан, Сайын, Әкім дейтін бес тапалды үлкені – Әкім аға бар. Әуелі соны ұсынындар... Оның үстіне мен «Жабайы алмадан» соң... Жаза алмай жүрмін... Әкім ағаң өндіріп жазып жүр. Маған, жоғарғы жақ қиса, қарсы болмаса, «Қайраткерлік те» жетеді» деді.

Бірінің сыртынан бірі бөтен сөзбен ауыз бұлғамай, бірінің сөзін бірі сөйлеп, бірінің намысын бірі іздеген сөз дейтін

жаздың аспанындай ашық көркем әлемі оқырманын әсте бейтарап қалдырмайды. Жазушының дәуір суреті мен кескінін тануға, бағалауға, характерлер мінезі мен қаракетін тап басып айыруға барынша шебер қызмет ететін үлгісі мен үрдісі бөлек қолтаңба қай тұста да жүрісінен жаңылмайды. Сөзге саран, ойға бай, баяндау үлгісіндегі қарапайымдылық пен қағылездік астарынан адамдар мінезі мен тағдырының қырық қатпарлы сыр-сипаты аңғарылатын, табиғаттың төрт мезгіліндей алуан-алуан ойлардың тоқтаусыз ағысының үні байқалатын қаламгер кеңестігіне еріксіз сүйсінесіз. Ойы нақты, сезімі шалқар, бояуы қанық, өмірдің өзіндей бірде мұнды, бірде қажырлы, бірде нұрлы, бірде сабырлы сөз әлемімен сарқыла сырласып, әңгіме-сұхбат құрып беттесіп отырып, кешегінің қасіреті мен қуанышын ғана сезінумен шектелмей, жұмырбасты пендеге тән бүгінгі өмір, тіршілік ақиқатымен де жүздескендей күй кешесіз.

Тарази әлемімен тілдесіп, сырласып отырып, өткен өмір көріністерімен қайыра кездесесіз. Бүгінгі адамдардың қайғысы мен мұңын танығандай боласыз... Ертенгі келер оқырманның да тамырын ұстап, тағдырына ұйытқы болар зердесіне ой салар шындық дейтін көркем әлемге сапар шегесіз...

Қолына қалам ұстаған адамға Алладан бұйырған абырой мен бақыттың ең үлкені осы емес пе?!

Жазған-сызғаның жай ғана қағаз бетін шұбарлау немесе көңіл аптығын басудан туған алданыш емес, әлдебір киелі де қуатты күштің ықпалымен жазбасына көнбей, жаныңа тыным бермей, Мұқағалидың сөзімен айтқанда, «әлдекім құлағына сыбырлағандай» жетелеп отырып, ойың мен сөзің ақ қағаз айдынына өріле қонса... Суреткер бақыты дегеніміз сол емес пе?!

Соғыстан аман шығып, есін енді-енді жиған елуінші жылғы ел өміріне қанық, бала күндері жетімдер мен жесірлердің көз жасымен жуылып өскен буынның белді, беделді, көшбастар өкілі – Әкім Таразидың бойындағы айырықша бір бөліп айтар қасиеті, суреткерлік мінезі – асықпай, аптықпай, алдына келген жанның қабағына қарап, көзін оқу, жанын тану. Бұл – бар мен жоқты қатар көрген, жоқтың да, бардың да қадіріне жеткен өмір, тіршілік иесінің ғана қолынан келер іс.

Әкім Ұртайұлының бойындағы осы бір сирек қасиетті құрбы-құрдастары мен өкшелес інілерінің де бойынан аңғарамын. Қызыл кітапқа еніп бара жатқан кісілік пен кішіліктің нышаны! Өмір мен заманның әлгіндей ауыр мектебінен өткендіктен бе, әлде бұйрықтың

ісі ме, бұл буынның көбі дарынды, білімді, білікті. Оқығаны мен тоқығаны мол. Халық жүрегіне жол табар әдебиеттің бір олжалы кезеңі де осы буынның еншісіне тиген.

Сөз сөйлесе, ойланып сөйлейтін, ой толғаса, толғанып айтатын, жаратылысынан сабырлы, «қалдым» деп саспайтын, «оздым» деп таспайтын суреткердің: «Бәрімізді жаратқан Алла. Оған ешкімнің дауы жоқ. Мені де жаратқан, менің Қалиханымды да жаратқан Алла!.. Өмірдің қызығы мен қуанышын сыйлаған (Құдайдан кейінгі) ата-анам. Мені жазушы жасаған тағдырым, ортам, заманым, дәуірім!

зде оқылған дүниелердің артықшылығы да, кемшілігі де адам жадынан кетпейді... Әкім Тарази қаламы шындап, қиялға қанат бітірген тағылымы терең, табиғаты таза көркем дүниелер біздің жадымызда жаңашылдығымен қалды. Тартыссыздық ауруынан енді-енді айығып, бой жазып, талғам мен танымның, уақыт талабына сай, жаңа беттері өзгеше өріс алған кезеңде, әрісі — әлем, берісі — Одақ көлемінде ауызға ілігіп жүрген озық шығармаларды іздеп жүріп, жарысып оқуға құмар ұрпақтың санасына Таразидың Жақсы кісілері мен Мүйізбайлары, дәуір қоржынында жүріп, жаны жаңқаланған Асау Бөкен-

табысатын «қоғам дертінен» айтулы пьеса да сырт қалған жоқ. Әрине, бұл жайт кезінде қырыққа жетер-жетпес жастағы пьеса авторының басына біраз қара бұлт төндіргені рас.

Дегенмен... Уақыт — сыншы... Бәрін де өз орнына қойды. Тарази кейіпкерлерінің жаны, жүрегі өртке оранып, адамзат пен ұлтқа ортақ ұлы құндылықтар үшін жанталаса майдан ашқан тұтас бір дәуірді ойымның сүзгісіне салдым. Бүгінде айтыла-айтыла кәдірі кете бастаған демократия дейтін ұғым сирек ауызға түсетін қатал, қатыгез жүйеге ойша оралдым. Тарази кейіпкерлерімен жүздестім. Соларды өмір тайталасына салған қоғам мен қоғамдық құрылымның тағдырына, тамырына көз жүгірттім. Алты құрлықтың бағыт-бағдарын өзгертіп, әлемнің саяси картасын түбірімен жаңартқан тәуелсіздену дәуірінің өткен ғасырдың 90-жылдарындағы демократиялық өрлеудің басы осы алпысыншы жылдарда жатқанын сезіндім. Тіпті қазақ ұлтының тағдырында тарихи орны зор, ұлы бетбұрыстың басы болып, халық жадында жатталар Желтоқсан көтерілісінің өзі бастауын осы сірескен сенді тұңғыш еріткен, ой-сана атаулыға еркіндік дейтін киелі ұғымның шуағы мен нұрын молынан шашқан «алпысыншы жылғылардың» арманы мен мұратынан алғанын мойындауымыз керек. Асқар Сүлейменовтің сөзімен айтқанда, «таяқты жегізіп те, таяқты жеп те жүріп», буыны бекіп, сүйегі қатқан еркін ойлы тұлғалардың әдебиетте ғана емес, өнер, ғылым, білім, қысқасы, қоғамдық өмірдің бар саласында (мемлекеттік құрылымдарда да) кеңінен қанат жая жүріп, қоғамдық ой мен сананың өрістеуіне жан-жақты ықпал еткенін байқаймыз.

Әкім Таразидың қаламгерлік қарымы мен суреткерлік арыны — тұлға тұғырына көтерілген жанның өзгеше әлемі, жаратылысы, болмысы біз айтып отырған дәл осы кезеңнің тікелей көрінісі. Бір тұлға хақындағы ойымыздың бір буын өмірімен тікелей ұштасып, бір буын жайлы әңгімеміз бір тұлға туралы пікірімізбен қойын-қолтық сабақтасып жатуы да соның белгісі... Сондықтан шынайы концепциялық сипатқа ие болған жазушының суреткерлік кредосы мен азаматтық бітімін «Мені жазушы жасаған тағдыр...» деп жазушының өзі айтқан тоқтамды сөзінен, философиялық тұжырымынан көруге болады.

Дүниелік құбылыстың қай-қайсысына да барынша байсалды, байыпты терең көзқараспен қарай отырып, саралап, талдап баға беру — іріліктің нышаны! Кесек мінезді суреткерліктің айқын белгісі! Табиғат ірі етіп жаратқан жанның ұсақтауға хақысы жоқ. Ұсақтанғаны — үгілгені, үгілгені — өз ұстанымынан айырылып, тағдыры алдында бүгілгені!

Біз білетін суреткер, қайраткер Тарази — өз тағдырын өзі жасап, өз қалыбына өзі оғын құйған қорғасындай салмақты, үгілуден аулақ, бүгілуді білмейтін тұлға!

Адам — қай кезде де өзі өмір сүрген уақыттың төл перзенті.

Бұл — әлімсақтан белгілі жазушысыз қағида.

Осы бір «жазушысыз қағидаға» біз өмір сүрген екі ғасыр тоғысы аз-кем толықтыру жасады. Өзгеріс енгізді! Ұлт пен ұрпақ жүгін көтерер тұлғаларға, әсіресе қазіргі қазақ қоғамының жағдайында қаламгерлік қарымы мен қайраткерлік арыны үйлескен ірі тұлғаларға уақыттың ғана перзенті болу аздық ететініне көзіміз жете түсуде. Халық ойын айтып, ел тағдырына араша тұрар, елдік биікке көтерілген тұлғаларға, уақытпен бірге ұлтқа, ұлттық рухқа, ұлт болмысын танытар іргелі ұғымдарға тікелей қызмет етер ел перзенті бола

Смағұл ЕЛУБАЙ

КСРО-мен СӨЗ МАЙДАНЫНДА КҮРЕСІП ӨТТІ

Мінеки, Әкім ағаның өмірден өткеніне де жыл болыпты. Ағамызбен 1972 жылы танысқан едік. Ол кісі Киногерлер одағының бірінші хатшысы, біз Кинокомитет Бас редакторы Қалтай Мұхамеджаов ағамыздың қол астындағы қатардағы бір редакторы болатынбыз. Қолымызға Әкім ағамыздың «Құйрықты жұлдыз» атты әңгімелер жинағы түсті. Жинақтың ұнағаны соншалық, бірден пікір жаздык. Несімен ұнады? Тек өзіне тән жазу мәнерімен ұнады. Стилистикасы емес, адамға, қоғамға деген сыншыл көзқарасымен ұнады. Тарази таразысына түскен адам, қоғам сыртында кекесінмен суреттелген тұтас советтік қызыл шындық жататын. Қалтасында қызыл билет, отырғаны қызыл кресло Әкім қаламгердің қылышынан қан тамған бұл қызыл қоғамға деген кекесіні тосын сөз, тосын көзқарас, керек десеніз, тосын батылдық, батырлық болып көрінді бізге. Қазақ әдебиетіне Советті сүймейтінін бүкпейтін сирек қаламгер келгенін көрдік. Ең қызығы, осы ұстанымынан Әкім аға өмір бойы танбай, тайқымай өтті. Осы ұстанымы шағын әңгімелері «Тасжарған» атты үлкен романға ұласқанда да ширай түсті. Советтік шындықты кекесінмен көрсетті, яғни қаламгер өле-өлгенше қазақ деген халықтың тілін, дінін, бостандығын бұғақтаған СССР-мен сөз майданында күресіп өтті деуге келеді.

Біз ағамызды азды-көпті білетін бір оқырманы ретінде осылай ойлаймыз.

СУРЕТКЕР



Жазушылық тағдырымды тәрбиелеген, жетілдірген дос-жарандарыма, замандастарыма, еліме, ортама ризамын!» деуі көңілге қонады.

Әкім Тарази әлемі — таным терең, талғамы нәзік, кірпияз әлем.

Әкім Тарази әлемі — ұқсамайтын тағдырлардың ұйқаспайтын мінезін «тайға басқан танбадай етіп» анықтар, от пен судың, ыстық пен суықтың, махаббат пен зұлымдықтың, аярлық пен адалдықтың, каталдық пен мейірімділіктің, қасірет пен қайғының күн мен түндей қатар өрілген ғажайып әлемі.

Әкім Тарази шығармалары арқылы кез келген оқырман жиырмасыншы ғасырдың алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдарындағы өмір мен қоғам ақиқатын қалай таныса, бүгінгі біз ғұмыр кешіп жатқан жаңа дәуір ақиқатын да солай таныры шүбәсіз.

Өз басым жазушы болмысын даралай түсер осындай ерекшелікті қаламгер есімін «алпысыншы жылғылардың» алдыңғы сапына алып шыққан «Құйрықты жұлдыз», «Асу-асу», «Өрт», т.т. повестерінен, сондай-ақ алпысыншы, жетпісінші жылдары қазақ драматургиясы мен театрына жаңа леп ала келген «Күлмейтін комедия», «Жақсы кісі», «Жолы болғыш жігіт» пьесаларынан көремін... Жазушының талантты өкшебасар інісі Смағұл Елубайдың сөзімен айтқанда, «Әкім Тарази алып империямен іштей ымыраға келмей, қаламгерлік ұстанымына шаң қондырмаған» сирек бітімді суреткер.

Бұл шығармалардың өмірге келіп, оқырман жүрегіне жол табу кезеңі осы күні сексенге бет түзеген, өкінішке қарай, қатары ерте сиреген менің буынымның әдеби-көркем талғамының қалыптасуымен тұспа-тұс келеді. Жас ке-

дері мен Кірпішбайлары бір-бір көркем образ болып сомдалды. Кеңестік дәуірдің дәл сол тұстағы «мещандық тәрбиесі» жаны мен жүрегің ұйыққа батырған астарында сарказм мен әжуа, комедия мен трагедия қатар өрілген бұл кейіпкерлер, турасын айтсақ, социалистік реализм қалыптастырған наным мен сенімнің тамыр жайған дәуіріне, дәлірек айтқанда, сол дәуір идеологиясына аса ұнай қойған жоқ...

Алпысыншы жылғы шырағы жылт етіп жанған еркін ойлау мен еркін сөйлеудің «басынан бағы ұша бастаған» жетпісінші жылдар Тарази тәрізді ойы батыр, сөзі батыл суреткердің жолын қиындатып, қорығын тарылта бастады. Өзінің отбасы өмірі мен күнделікті қызметіндегі өмірі бірінен-бірі алшақ жатқан «жақсы кісілердің» табиғаты қалай «күмән» шақырса, екі жеп, биге шығып, өрлеу жолында алдау мен арбаудың қай түрінен де бас тартпайтын басы дауға түскен Бөкендердің тағдыры мен әрекеті соны сипатты драмалық туындылардың «жолын байлағаны», кезінде көп дау-талас тудырғаны белгілі. Ашулының қимылын шектеп, ашынғанның аузын жабудың сан түрлі әдісін игерген идеологияшыл қоғам өзі сомдап шығарған әлгі өз кейіпкерлерінен өзі бас тартып, бас сауғалап жатқан кезеңде биліктен бұдан өзге әрекет күту мүмкін емес еді... Соның салдарынан «Жолы болғыш жігіттің» қазақ сахнасындағы жолы «болыңқырамай», көрермен игілігіне айналар жолы ұзаққырап кетті. Қайта, керісінше, пьесаның аудармасы («Везучий Букен») орыс театрларының назарына жиі ілігіп жатты. Ежелден белгілі «ескі аурудан», яғни озық дүниелерімізбен Мәскеу айналып жүріп, орыс тіліндегі тәржімасынан соң зорға

білу де парыз екені анық аңғарылып отыр. Бұл міндеттің үдесінен пендешілік атаулыдан бойын аулақ ұстайтындар ғана шықпақ!

Әкім Таразидың суреткерлік жаратылысы мен болмысынан, өз басым, уақытпен қатар, елінің де перзенті болар ірілік бітімді, кесек мінезді көремін.

Бұл — уақыт дәлелдеген шындық!

Өз кейіпкерлері іздейтін әділдік пен адалдықты мына бедауа мінезді өзгерген өмірдің өрісі мен айдынына қатар салып, «мылтықсыз майдан» атты кеңістікте жүрегі мен тілегін қатар жегіп, сабырынан жаңылмай, ойын алаңдатқан заман, дәуір, ел, қоғам өміріне қатысты пікірлерін жасқанбай, еркін айту — Әкім Таразидың суреткерлік бітімі мен қайраткерлік қалыбын танытар қасиеті, азаматтық кескіні.

Біз білетін Әкім Тарази — суреткерлік болмысы ірі, жаратылысы таза, кісілік пен кішіліктің абыройлы асқарына көтерілген халықшыл, қоғамшыл, мемлекетшіл тұлға.

Ол мен үшін өмірде — сырлас-аға, әдебиетте — ойы мен мұраты табысқан қаламдас! Уақыт кеңістігімен есептегенде, айдыны кең, айбыны мықты замандас! Абыз ойлы ақсақалымыз!

Ұлттық көркем әлемімізді, өзінің өзгеше жазу өрнегімен, ойлау, сөйлеу мәдениетінің кендігімен, өрелі тұлғалық болмысымен байытып, жаңа дәуір босағасын іргелі өміршең шығармаларымен аттап, өзгерудің өркенді жолын тандаған жұртымыздың өрінде, тоқсанның төрінде отырған хас бітімді суреткерді әркез оқырман ойының ұлан-ғайыр кеңістігінен көруді бұйыртысын!



Тұрсын ЖҰРТБАЙ

Абайдың айтқанындай: «Жайнаған туы жығылмай», жақсы өмір сүрген, жайдары дидары мен жылы жүзін суытпай, тағы да сол Абай айтқандай, «Жасынан түсін билеп, сыр бермеген, күлсе де, ренжісе де білдірмеген. Нанасың не айтса да, амалың жоқ, Түсінде бір кәдік жоқ аддар деген. Кейде – паң, кейде – көңгіш орынымен, Кейде – елеусіз, кейде ынтық форманымен, Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу, От жалындай жауапкер», – дегізетін тумысы мен болмысы бөлек тұлғаның бірі – Әкім аға, кәдімгі Әкім Тарази. Ол өткен ғасырдың алпысыншы жылдарының басында жарық көрген өзінің алғашқы «Құйрықты жұлдыз» атты хикаятымен қазақ прозасына стенографистік сарказмға толы мәнерді әкелді.

Өзі өскен кеңестік қоғамда өзін жат адам ретінде сезінген (ал, бұл ол тұста буржуазиялық идеологияның идеалистік кейіпкері ретінде теріс бағаланатын) жалғыз жанның фанатизмге ұштасқан көңіл ауанын көркем кеңістікке айналдырды. Байыпты баяндау тәсіліне бауыр баса бастаған он төрт-он бес жастағы албырт сана үшін бастапқыда тосырқап қарап, бара-бара әр бетіндегі сарказмдар мен қоғамды жатсынудың салдарын талдап, сіңіріп барып, сонымен қатар ол жатсынудың идеологиялық астарын мезгелендіріп сыни пікірлердің салқынын сезген соң ғана, сол «Құйрықты жұлдыз» хикаяты менің де көңіл ауаныма айналып, сондай қияли ғадетпен өмір сүре бастағандай едім. Мұның астарын, сол жылдары әдеби сынның тізімінде үнемі қатар талданатын «Қоңыр күз еді» (Қалихан Ысқақов), «Жусан иісі» (Сайын Мұратбеков), «Қаздар қайтқанда» (Қабдеш Жұмаділов), «Бақыт» (Рамазан Тоқтаров) атты шығармаларды оқыған соң ғана түсіндім.

Бұл бес шығарманың тақырыптары алшақ, оқиға өзегі өзге, жазу мәнері мүлде басқаша өрілетініне қарамастан, қандай да бір ішкі үйлесімдік бар сияқты көрінетін де тұратын. Оны кексе тартқанда ғана аңғардым, олардың басын қосып, жүрегің жалғастырып тұрған алтын өзек дүниені көркем жүйелеу (бейнелеу емес) әдістері екен. Шығармашылық психологияның ең тылсым болмысы болып табылатын бұл құбылыс жүрек пен жүйкенің сана санылауынан тамыр тартатын. Тіпті бұлардың елуге қараған жасында жарияланған салмақты шығармаларында да сол «жалғас жүректерінің» рухани талшығы анық аңғарылатын. Ә.Таразидың эпикалық сипат берген «Кен» романынан да сол сарын анық нышан танытатын. Жазушылар одағындағы әдеби талқылауда арнайы жасаған баяндамада байқаған осы бір «рухани жалғастықты» айтқаныма, өзі де таңғалып еді. Әрине, стенографистік стильмен, сарказммен, мысқылды жымыспен роман жазу ауыр. Алайда «Құйрықты жұлдыздан» басталған сол әдеби тәсілдер «Кен» романында тіпті тамырын тереңге жіберген еді. Роман шағын жанрға тән емес ретінде көркем тәсілдерден тұрады. Айтарын мысқылды штрихпен білдіреді. Мысалы,

қалың халықтың топырлап-сығылыса, иетермелесіп кіріп бара жатқанын көрген кейіпкер, кенет шорши секіріп кетіп, артына бір қарап, етегін қағып қойып ілгері аттайды. Оның неден сескенгенін білмесе де, сонындағы сапырылысқан жұрттың барлығы әлгі жерден секіріп өтіп жатады. Тептегіс жерден неге секіріп өтіп жатыр? Оны ешкім білмейді. Ал осы көрініс арқылы, жазушы, Абай айтқандай, «Өзінде дербес ой жоқ», «Көп айтса, көнді, жұрт айтса, болды» дейтін әдетпен кеңестік идеология бойынша, көп не істеді, сен де соны істеуін

тудияға, Қабдеш пен Рамазан баспаға ауыстырылып, «ыдыратылады». Сол бес-он жылда олар сырт жүріп ысылып, сарабдал тартып, қайтадан Одаққа келіп, хатшылық қызметке орналасты. Міне, Әкім ағаның ағалық бауырмалдығына, азаматтық әділ алғауына сол жылдары куә болдым. Шығармашылық байланысты қадағалайтын Әкім аға сол шаралардың барлығына үнемі жастарды тартып, аға жазушылармен бірге әр түрлі одақтық жиналыстарға жіберіп отырды. Оның мұндай алғауына ие болмаған жас қаламгер кемде-кем шығар. Әлі

БЕСТІҢ БІРІ



керек деген тобырлық психологиямен өмір сүретіндерді кекетіп тұр. Сол мысқылмен жазушы қоғамның бүкіл можантопайлығын мезгейді. Екінші бір көркем тәсіл мынадай кілтпанға құрылған: романда бір-біріне еш қатысы жоқ жолаушылар көлікпен қаланың екі жағынан орталыққа бет алып келеді. Арада өзге оқиғаларды баяндап барып, жаңағы екеуін қайталап суреттеп қояды. Апырмау, көлемді романда мұндай алшақ оқиғаны қандай көркемдік ілікпен қиыстыруға болады? Болады екен. Ентелеп келе жатқан екі көлік ақыры қаланың ортаңғы көшелерінің бірінде қақтығысып, жазымға ұшырайды. Сөйтсек, бұл романның оқиғаларының да қақтығысты тұсы екен. Бірі туралы екіншісінің қапері жоқ адамдардың тағдыры осы кездейсоқ қақтығыс арқылы тоғысады.

Міне, жазушы Әкім Таразидың көркем әлемі осындай сарказмдық тылсымға толы. Мұндай миньюторлық жазу мәнерін ұстанған жазушы, қазақ әдебиетінде, мен білгенде тек Әкім Тарази ғана. Жоғарыда аты аталған: жас кездерінде «бес қасқа», отыздарында «бес қарагер», қырыққа шығып, денелері толыса бастағанда «бес тапал» (құрдастары Асқар Сүлейменов қойған) атанып, жиырма бес жастарынан бастап, өмірден өткенше аттары қатар аталып, бір-бірінен «қорқып», «қорқытып», «қорықпай», «қорықпағанып», «қорыққансып» (өздері бір-біріне телітін, жазушылардың арасында аңыз боп кеткен тұрақты қалжыңдары) жұбын жазбай өмір сүрді. Сөйтіп, олар қазақ әдебиетінің бес бәйтерегі атанды. Тек, араларына Сәкен серіні (Жүніс) ғана анда-санда қосып, еркелететін еді.

Біз, әдебиеттің табалдырығын аттаған алпысыншы жылдардың аяғында, бұл «бесқарагердің» арасындағы әзіл-қалжың халықаралық деңгейге (шын мәнінде) көтеріліп барып басылыпты. Жаңа азаттық алған Африканың бір мемлекетінің ресми кәсіподақ өкіліне «бәстесіп барып», өзіміне жасаған қазақы қалжыңдарынан соң, іс Орталық комитет пен Қауіпсіздік комитетінің тексеруіне түседі. Оны сол ресми өкілдің өзі араласып жүріп басқаннан кейін, бесеуі бес мекемеге: Сайын мен Әкім Мәскеуге (Әдебиет институты мен сценарий курсына), Қалихан кино-

есімде, 1980 жылы қараша айында Қазақ әдебиеті туралы Мәскеуде талқылау өтетін болды. Соған, түбіт мұрты енді тебіндеп келе жатқан Б.Сарбалаев, А.Егеубаев, Б.Ыбырайымов, Р.Жанғожин – бесеуімзді Сайын аға екеуі шақырып алып: «Білемін, жасқанасындар. Бірақ қазақ әдебиетінің ертенгі мүддесін қорғайтын сендерсіңдер. Ысылындар. Барасындар», – деді. Екінші Алматының вокзалына келгенімде, жоғарыдағы «бес қасқаның» бесеуін де сонда қатар көрдім. Капитандары Дәмеш бастаған бес жеміміз де шығарып салуға келіпті. Сондағы ерлі-зайыптылардың мұндай жарасыммен жарқылдай қалжыңдасып, бір-бірін өзіміз, емін-еркін жайрандасқанын көрсеніз ғой. Адам таңғалады. Содан, «бес жеңге» вокзалда қалды да, «үш қасқа» – Қал-аған, Қабдеш аға, Рамазан аға бірінші Алматыға дейін Әкім аға мен Сайын ағаны шығарып салуға бізбен бірге жолға шықты. Әңгіме, әзіл-қалжың гулей жөнелді. Бір уақытта пойыз екпін алып, зіркілдей жөнелді. Сөйтсек, Шамалғаннан өтіп барамыз. Әйтеуір пойызды Ақсегірге тоқтатып, «үш қасқа» сонда түсіп қалды. Ал жолдағы екі тәулік бойы не әңгіме айтылмады дейсін. Ақсегірге қалған «үш қасқаны» танып қойған станция тұрғындары қой сойып, қонақ етіп, ертеңінде үйлеріне әкеп тастапты. Айтсақ, оның өзі – бір хикая. Соны еске алғанда: «Қал-аған жүрген жер, солай, бала!» – деп баяу жымыып қоятын Әкім-аға.

Одақтың Преаволық комиссияның төрағасы ретінде, Желтоқсан оқиғасы туралы деректер жию мен Алаш ардагерлерінің мұрасын ақтау, Семей-Невада қозғалысын жандандыру тұсында да осы істерге Одақтың жауапты хатшысы ретінде үнемі Әкім ағаға есеп беріп отырдым. Өзінің сабырлы мінезімен, жоғары жаққа жалтақтамай, батыл ой айтып, күш беріп, жауапкершілікті өзіне алып, қандай екпіндеп келген дәбірлердің болсын, демін өзі басып отыратын. Әлі есімде, Желтоқсан оқиғасы басылар-басылмастан Мәскеуге әдебиет сыншыларының Пленумына бару керек болды. Бас тартып едім: «Мұның жасықтық болады. Мына оқиғаның шындығын Мәскеуге келетін он алты республиканың әдебиетшілері білу керек. Сенің азаматтық парызың. Балтық жағалауы елдерінің, Ук-

Несіпбек АЙТҰЛЫ

АҚ САУЫТ – АҚ КӨЙЛЕГІҢ

*Жылдардың артқа тастап сан белесін,
Жан аға, алға тартып сен келесің.
Киелі қара сөздің қуатымен,
Халқыңа қысылғанда дем бересің.*

*Байқасам, қол жетпейтін шында тұрсың,
Жақсыға ұлтын сүйген шын жақынсың.
Ақ сауыт – ақ көйлегің, қалам – найза,
Қорғаған ел намысын бір батырсың.*

*Бой емес, ойыменен асқан аға,
Сайындар саған бекер дос бола ма!
Қасында Бәйтеректің тебіреніп,
Отырсың тілекші боп Астанаға!*

*Жаныңды салып талай от-жалынға,
Есейген азаматсың ат жалында.
Түйіліп тұрымтайдай жыр оқиын,
Тойланып жетпіс бесің жатқаныңда!*

*Жетелер сүріндірмей сөзімді алға,
Бұл інің сасқан емес өзің барда.
Қоясың сауырыма қамшы басып,
Бауырым жүйрік аттай жазылғанда.*

*Асықпай маң-маң басқан, маңғаз аға,
Ұқсайды тектілігің ханзадаға.
Жүрмейсің жамандармен әсте қатар,
Түрмейсің құлағыңды даңғазға.*

*Қаламы ойдан ұшқын жарқылдатқан,
Өзіңді етер туған халқың мақтан.
Таязға сыр алдырмас тұңғығысың,
Түбінде ат басындай алтын жатқан.*

*Жалт етіп көрер еді мұны бірден,
Жан болса жүрегіңе шын үйілген.
Көп жаман қайдан білсін, аз жақсының,
Сыртынан бірі танып, бірі күлген!?*

раинаның, өзіміздің ортаазиялықтардың білуі тиіс және тәжірибе жинақта», – деді. Тиісті сөзді пленумда бәріміздің атымыздан Мұрат Әуезов айтты. Оның мінбеге көтерілуіне Роллан Сейсенбаев ықпал етті. Содан бастап, мені әр республикада өтетін мәжілістерге жұмсап отырды: «Тиісті мағлұматтар мен ақпараттарды соларға бер», – деді. Әкім ағаның бұл ақылы кейін үлкен септігін тигізді. Одақтас республиканың жазушылары атынан Орталық комитетке ресми сұраулар түсе бастады. Осының барлығын еш аптықпай, сабырмен атқарып отырды, тіпті, ол еңбегі туралы кейін тіс жарып ешкімге айтқан жоқ. Мүмкін, күнделігі мен естеліктерінде жазылып қалуы ықтимал. Сондай-ақ жанкешті тұстарда менің үстімнен жазылған арыздарға да өзіме ештеңе айтпай жауабын өзі қайтарып отырды. Міне, Әкім – Әкім Таразидың, Әкім ағаның азаматтық ұстанымы осындай еді. Ұлтының мүддесі үшін адал және еш жарнамасыз, үнсіз, бірақ тиянақты қызмет етті.

Адам ретінде де бауыры жылы, жүрегі жұмсақ еді. Одаққа қызметке келмей тұрғанымда, еш араласым жоқ кезде, қарындасым Төлеу 21 жасында атом сынағының кесірінен ақ қаннан қайтыс болғанда, қаланың шетіндегі үйге: «Қазақтың бір жас жазушысының өзегін өрт шалды-ау. Көңіл айтып, жұбатайық», – деп жоғарыдағы бес ағаммен қоса Б.Тілегеновтің келіп, қайғымды бөліскенін қалай ұмытайын. Әкім ағаны сонда бірінші рет бетпе-бет көріп едім. Тағдырдың бұл тәлкегін қойсаңшы, соңғы рет туған апайым қайтқанда, Балнұр Балғабекқызымен бірге жұбату дастарқанына үйіне шақырып еді. Онда, жары Розаның да ықыласы бар, әрине. Бұл менің Әкім ағаны соңғы көруім екен. Алматыда ота жасатып жатқанда дүниеден өтіп, топырақ сала алмадым. Осы бір еске алуым сол өкінішімнің орнын толтыра алмаса да, ол кісінің қабіріне салған менің бір шымшым топырағым ретінде сауапқа жазылса екен. Әкім аға қашан да қазақ әдебиетіндегі бесмарқасқаның – бесқарагердің бірі, бестің бірі болып қала береді.



Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Әдебиет әлемінің Әкімі – классик жазушы, драматург, киногер, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Еңбек Ері Әкім Таразидың 90 жылдығына арналған жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әкім Тарази – әдебиет әлемінде өте сирек кездесетін тұлға, қазақ әдебиетінде ерекше орын алған бірегей жазушы», – деп оның философиясы өте терең, реалист жазушы екенін ерекше атап өтті. Әсіресе қала өмірін, ұлт болмысының өзгеріске түскен күрделі психологиялық кезеңін суреттеуде бөгенайы бөлек қаламгер екенін айтты.

Әкім ағамыздың 12 томдық шығармалар жинағы жазушының «түн отырмай, күн ұйықтамай» қолынан қаламы түспеген, талай жылғы қажырлы еңбегінің жемісі деп білеміз.

Үлкен романының өзінде бір ауыз артық сөз болмайтын, сөзді үнемдеп, ойды оздырып отыру Әкім ағаның қаламгерлік ерекше мінезі десек, қателеспейміз. Бұл қасиет өзі аға тұтқан, жанына еріп жүріп көп тағылым алған сөз зергері Ғабеннен жұқса керек. Ағаның өмір жолына көз салып отырсақ, Мәскеуде білім алуына, кино саласына келуіне де Ғабен себепкер болған екен. «Қазір қазақ әдебиетінде Әкім Таразидың ерекше қолтаңбасы қалса, біріншіден, Алланың арқасы, екіншіден, Ғабит Мүсіреповке алғыс айтамын. Үшіншіден, қанаттас, қаламдас достарымның арқасы», – дейтін өзі де ағынан жарылып.

Сайын Мұратбеков, Рамазан Тоқтаров, Қалихан Ысқаков, Қабдеш Жұмаділов, Әкім Тарази секілді кезінде «бес тапал» атанған Алаштың аймандай жазушылары бүгінде бір-бір биік тауға, аңыз адамға айналды. Әкім ағаның орны бөлек. Қаламгердің «Тасжарған», «Шер», «Қиянат», «Қорқау жұлдыз» секілді романдарының қай-қайсысы болмасын, үлкен дайындықпен, кең тыныс, зор эпикалық қуатпен жазылған дүниелер.

«Тасжарғандағы» парасат пен дегдарлықты бойына сіңірген, рухани кемел Омар бейнесі арқылы тұтас кезеңнің көрінісін, адамдық пен кісілік құндылықтарын, қоғамдық жүйенің аяллығын аямай ашып көрсетеді. Тарази шығармашылығы туралы көрнекті әдебиет сыншысы Сағат Әшімбаев: «Туған әдебиетімізде алпысыншы жылдар аралығында кейбір замандастарымыздың мінез-құлқы мен психологиясында байқалып жүрген тоғышарлыққа, мешандық мерез сезімдердің бас көтеруіне алғашқылардың қатарында повестері арқылы қарсы шабуылға шыққандардың бірі Әкім Тарази еді», – деген екен. Оның бірқатар шығармасында қазақ халқының соғыс жылдарындағы тұрмыс-тіршілігі, жетімдер мен жесірлердің жанкешті өмірі, қиын тағдыры, сол тұстағы қайшылыққа толы қоғам шындығы айшықты суреттелген.

Әкім аға – философ, психолог жазушы. Ойшыл қаламгер күрделі шығар-

маларында дәуір шындығын, замана қалтарыстарын, адам болмысын һәм әлеуметтік-рухани мәселелерді тереңнен толғап жазады. Оның шығармаларын оқып отырғанда көз алдында кино лентасы тізбектеліп өтіп жатқандай болады.

Ғасыр зұлматына айналған ХХ ғасырдағы алапат ашаршылық – халқымыздың ұзақ тарихында Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан кейінгі ең ауыр тауқымет. Жер басып жүрген Алаш баласының үштен бірін жалмап кеткен осынау кенеусіз апат біздің әдебиет-

«Әкім» – кеудесі хикметке толы хақим мағынасына да келеді. Сондықтан Әкім аға расында оқырманын ойландыратын, парасат биігінен аласармаған пайымы терең, ойы берен хақим аға деп санаймыз. Әкім ағаның тарихи-романтикалық сарындағы пьесалары да қазақ оқырмандарының көңілінен шығып, көзайымына айналды. Белгілі театр сыншысы әрі үлкен өнер зерттеушісі Әшірбек Сығай Әкім ағаның «Асау Бөкен», «Жақсы кісі», «Күлмейтін комедия» секілді 3 пьесасын «Қазақ әдебиетіне, қазақ драматургия

БІРТУАР



тімізде елеулі із қалдырмағаны өкінішті жайт. Бұл тарапта біз көбіне ұлы жазушы Бейімбет Майлиннің әңгімелерін алға тартамыз. Ұлт қасіреті көркем шежіреге айналмағандай. Оның ең басты себебі, қылышынан қан тамған қызыл цензура екені баршаға түсінікті. Сол қиын заманда қисынын келтіріп, өмірін қатерге тігіп, классик Әкім Таразидың осы тақырыпқа бет бұруы, шеберлікпен осы шерлі тарихты көркем шығармаға айналдыруы үлкен тәуекел мен ұлтын сүйген жүректің тандауы екені анық. Мысалы, «Андрей» атты әңгімесінде қазақ халқының бастан кешкен ауыр азабын, трагедиясын сөз етеді. Автор армян Андрейдің әпкесі Манана аузымен сұмдық жайттарды айтқызып, тосын ойлардың тиегін ағытады. «Андрей» әңгімесі арқылы зобалаң жылдар қасіретін қалам ұшына қондырып, жүрек түкпірінде жатқан шерлі сезімді көркем дүниеге көшіреді.

Тарланбоз Тарази – тақырып таңдауда да ірілік пен кірпияз талғам иесі. Бұл оның шағын әңгімелерінен көлемді кесек туындыларына дейін аңғарылып тұрады. Қалам тербер тұста халқымыздың тағдыр жолындағы шешуші кезеңдер мен тағылымды тұстарды қапы жібермейді. Сондай кезеңдердегі ұлттың жан толқынысы мен жүрек бұлқынысын тамыршыдай тап басып отыратынын байқаймыз.

Әкім аға бір сөзінде: «Сабыр мен ұстамдылық сияқты ұлы қасиетті – Ғабит аға мен Кемел ағадан үйрендім», – деген екен. Қазақ детективінің атасы, көркем-сөздің шебері Кемел Тоқаев пен Әкім ағаның ағалық-інілік сыйластығы, шығармашылық байланысы оның көркем мінезі мен достыққа адалдығының бір көрінісі іспетті.

саласына қосылған классикалық үлгі» деп бағалағаны бар. Шынында, бұл шығармалар – қанша уақыт өтсе де мазмұнын жоғалтпайтын, қатпары қалың, тағылымы терең, өлмес туындылар.

Әкім ағамыздың шығармашылығымен бұрыннан етене таныспыз. Ағамыздың жазу мәнері мен сөз өрнегіне, прозасындағы шымыр сюжет пен дестелі ойларына бала кезден қанық болып өстік.

Көштің басын Астанамызға тірегенде, көрмесем де арқа тұтып, танымасам да тағылымын көргім келетін аяулы адамдар қатарында Әкім ағамыз да аманда ойымда жүрді. Дидар несіп болып алдымен, Роза жеңгемізбен таныстым. Сосын, Әкім ағамызға сәлем бере бардым. Бұл кездесу бірте-бірте рухани үндестіктен туған аға-бауырлыққа айналды. Ағамызбен жиі кездесіп, жақсы сырласып кеттік.

Түркістан үшін от кешкен ұлы күрескер Мұстафа Шоқайдың өмір жолын, болмысы мен бейнесін шұрайлы тіл, шебер суреткерлікпен көркемдеген іргелі шығармашының жөні бөлек. Біз Әкім ағамен жиі кездесіп, әңгіме-дүкен құратынбыз. Кейде жазу үдерісі кезінде шақыратын. Көбіне мені сөйлетіп, сұрақтар қойып, өзі сырттай бақылап отыратын. Сөйтесем, кейін өзі Мұстафа Шоқай образын жасаған кезде әдейі әңгімеге тартып, кейіпкер сомдауға керек дүние іздегенін айтты. Бір қызығы, Әкім аға ол кезде қандай шығарма жазып жатқаны туралы жақ ашып айтқан емес. Кейін кітабын оқыдық. Кестелі сөз, кесімді ой, айшықты стильмен жазылған туынды Түркістанның тәуелсіздігі мен тұтастығы үшін жан қиған Мұстафа Шоқайдың өмірі мен тарихтағы орнын, қайраткерлігін жаңа қырынан танытады. Кейін ағамыз бір сұхбатында біздің «Мұстафа» атты кітабымызға да

Рафаэль НИЯЗБЕК

ТАУҒА, ТАСҚА САЛҒАНДА ШАҒЫЛМАҒАН

Көріп келем бәрін де көз ашқалы,
Кім-кімнің де бар шығар өз асқары.
Бірақ сенің рухыңнан биік емес,
Өзге жұрттың көтерген боз аспаны.

Жанарында тұратын от өріліп,
Ердің бәрі үйренген төте жүріп.
Айдынды асырып тұрған жоқ па,
Бір Алатау кеуденнен көтеріліп.

Қара сөзбен жырлаған боз даласын,
Пір тұтпайды қай іні өз ағасын.
Көрген емес алдынды кесіп өтіп,
Жұрттың бәрі білетін өз бағасын.

Ерте жеткен көгілдір көктемге,
Көтерілмей тұра ма көк төріне.
Екі Әкім тумайды,
Аптап, күптеп
Алатаудың ексең де бөктеріне.

Жас күнінде тағдырдың суығы ұрмай,
Кім жетілген табаға қуырылмай.
Нық шегеге ұқсатам кейде сені,
Қаққан жерде қалатын суырылмай.

Ақ жұлдызы көгінен көрінгенде,
Кімнің бағы жанбаған көңілді елде.
Майыспайтын шегесің,
Қақса сені
Дүниенің ұлтыны сөгілгенде.

Тауға, тасқа салғанда шағылмаған,
Сардар ерсін жолынан жаңылмаған.
Еркектерді ез деймін шеге болып,
Босағасына елдің қағылмаған.

Болашаққа жол тартқан кеме көріп,
Аға, сенің соңыңнан келем еріп.
Көк аспанды құлатпай ұстап тұрған,
Жұлдыз қанша төсіне шегеленіп.

Қан тамырын тулатқан құба белдің,
Бір құлыны сен едің Құлагердің.
Сендей ердің арқасы – босағасы
Мықты болса егер де туған елдің.

жоғары баға бергенін, арнайы тоқталып айтқанын оқып, мерейіміз тасығаны бар. Әкім Тарази секілді қабырғалы қаламгердің пікір-пайымы, жылы сөзі кейінгі буын үшін – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік екені даусыз.

Біз қазақы тәрбие алып, үлкенді сыйлап үйренген ауыл баласымыз. Қашан да жасы үлкен ағадан именіп, ақсақалды ардақ тұтып отыратын қазақтың игі мінезі бар ғой. Сондықтан көп жерлерде тартынып сөйлеп, әдеп сақтау бала күннен қалған әдетіміз. Бірақ Әкім аға бірде менің Жазушылар одағына өтуім керек екенін ескертіп, тартыншақтанғанымызға қарамастан көтермелеп, тиянақтап кепілхат жазып берді. Одаққа өту тәртібі бойынша үш қаламгер кепіл болуға тиіс еді. Қалған екеуін қазақтың ғажап ақыны, елдік пен ерліктің жампоз жыршысы Несіпбек Айтұлы мен дала мінезді дарқан жазушы Рахымжан Отарбаев жазып бергені есімде. Қадірлі ағаларымның бұл сенімі әдебиет пен ғылымға, үлкен жолға мінгізген арымас арғымақтай алға жетелеп келеді.

«Ақырын жүріп, анық басатын» абыз ағамыз Абай айтқандай «айнымайтын асыл адам». Бекзат болмысы, парасат-пайымы атасы Әшім дамолладан дарығандай. Басқа адамдар туралы басы артық сөз айтпайтын байыпты ағамыз жайма-шуақ мінезімен, жайсаң қалпынан танған емес. Ойшыл суреткер көркем мінездің ғажап үлгісіндей еді. Біртуар қаламгердің құнды туындылары уақыт безбеніне төтеп беріп, келер ұрпақтың да рухани азығы боларына кәміл сенеміз.



**Роза
МУҚАНОВА**

Әкім Тарази екеуіміз түбі бір-бірімізден ажырап қалатынымызды санамен қабылдағанымызбен, қай жылы, қай мезгіл, қай күн, қандай жаста, тіпті бір-бірімізді алдымен кім тастап кетеді, біздерді ажырататын өмір ме, өлім бе, оны да білмедік. Әйтеуір екеуімізге ортақ бір қатерлі өткелдің күтіп тұрғанын сезетінбіз. Күндердің күні туғанда біріміздің алдымен жол бастайтынымыз рас еді.

1993 жылдың 14 қарашасында емханаға түскен екен. «...Клизма. Ертеңнен бастап уколға дайындық. Тәте! Уайымдай берме, 93 жасқа дейін жасаймын», — депті. Аузына Құдай салған болар, тоқсан үшке қараған шағында дүниеден өтті. Қызығы, «93 ке дейін» депті, 93-ке келемін демепті. Айтыла салған сөз ғой деп ойласам керек, бұл жазбаны өзі қайтқаннан кейін жақында ғана оқыдым, таңғалдым...

Мен жылдар бойы қауіп-қатермен өмір сүрдім деуге болар. Әуелі әкесі Үртай атамның жасынан (елу алтыдан) аман өтсе екен деп тіледім, сонан соң анасы Әбима апамыздың (алты жеті) жасынан аман-есен өтуін тіледім, сосын Әшім дамулла атамның (сексен үш) жасынан асса екен деп тіледім. Осы тілектердің орындалғанына екеуіміз де шаттанып ғұмыр кештік. Токсанға жеткенде ел-жұрты ортаға алып, торқалы тойын жасады. Риза болды. Балалар да есейді. Ол да, мен де шын бақытты едік.

«Көке! Енді қандай өткел бар алдымызда?» — дегенімде, «Төле би бабамның жасы түр — тоқсан үш! Сол жастан аман өтсем, Жамбыл тәтемнің жасын сұрарсың», — деп әзілдеп қоятын. Үш жүздің төбе биі болған Төле би бабамыздың жасына келуді бұйырыған екен, тәубә дейін!

«Әкімім ұзақ жасаса екен, бақытты болса екен, өзі сияқты сабырлы, салықалы ұрпақтары болса екен» деген жалғыз ғана тілек болды. Мұндай тілекті ана ғана баласына тілеп, дұға жасайтын болар. Әкімнің өмір сүру тәсілі, тандауы, тіпті тамақтану дәстүрі ешкімге ұқсамайтын. Сонымен қатар жалғыздықты жаны қалайтын, көптің ішінен тез шаршайтын. Бұлның күндерінен айыққысы келетіндей кейде отырып, бос кеңістіктен қарманар жол іздей ме, оңаша қалғанда маған таныс емес бір әуенді ыңылдап салатыны бар еді. Бұл әнді ол жиі айтатын. Ән орыс тілінде, мұңлы еді. «...Голова стало белою, что с ней я поделаю. Ты моя любовь последняя — боль моя...» Сарыны әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді. Тихон Хренников деген композитордың жеке басынан өткен тағдыры деуші еді.

Әкімнің жасы елу төртте, мен болсам, жиырма үштемің. Жасым кіші болса да ол кісі мені «тәте» дейтін, мен ол кісіні «көке» деп кеттім.

Сезім — ойдан жүйрік, ақыл мен санадан озық, сана мен ақылдың үкім шығаруын күтпейтін ұшқыр. Найзағай жарқ етіп ұшқын атқанда сезімді тежеу мүмкін болмас. Тағдырдың сынынан қаймықпай ғұмырын найзаның ұшына іліп, басын бәйгеге тігер сәт. Сол жолда не өлер, не өнер. Обал ма, сауап па, білмедім...

Біз кездестік... Көп арасынан ол мені

танып қалды, мен де оны таныдым. (Бұл жерде «танымалдық» мағынасында айтып отырған жоқпын) Адам ретінде екеуіміз бір-бірімізден қашып та көрдік, қоғамның жат көзқарасынан, сын-пікірінен, өсек-аянынан жасып та көрдік. Біздің кездесу құштарлық емес еді, көрсеқызырлық та емес еді. Біздің кездесу бірін-бірі көп іздеген, ақыры тапқан, тауып алып, қайтадан бір-бірінен қашқан, «қайтадан адасып көрелік, бәлкім, енді қайтып кездеспесіз де...» деп шешіп, уәде байласқан, шешімін таппай, қайта қауышқан кезеңдерден тұрды. Шынын айтқанда, бізде билік болмады. Тағдырға билік жүргізе алмадық.

Өмір деген — көркем дүние. Шыңғырған шындығы да бар, көлгірситін сыпайылығы да бар. Біздің шындығымыз — екеуіміздің бір адам болып жаратылғанымызда. «Менің

осындай оқыс қылықтарымды ол терең сезінетін, басу айтқандай маңдайымнан сүйіп, елжіреп сабырға шақыратын. Оның ішкі жан дүниесінде сол сәт не болып жатқанын, қандай қопарылыстарға төтеп беріп келе жатқанын менен артық ешкім ұқпаған болар... Мені көп дайындады, ақыл айтты. «Чувствую приближение...» — делі дастарқан басында отырып.

Адамның табиғатының ерекше жаратылыс екенін, сыры мен жұмбағын Әкім Тарази арқылы ұғындым. Ол өмірбаяның әр деталіне терең мән беретін. Менің туған күнімнің 14 қазан, 1964 жыл екенін білгенде біраз уақытқа дейін таңғалып жүрді.

«1964 жыл, 14 қазан. Бұл менің «Тұлпардың ізі» дипломдық жұмысымның киноэкранға шыққан күні. Атақты кинорежиссер

ТОҚТАМАС ДҮНИЕНІҢ

жаным — сенің кеуденде» дейтін, маған Әкім Тарази.

«Біз екеуіміз...» дедім, ол кісі тоқсаннан асқан шағында.

«Біреу түсінді, біреу түсінбеді... Біреу күлді, біреу сенді... Біреу тілекші болды, біреу кектенді. Біреу алты аласы, бес бересі болмаса да еңісте тұрып, еңіреген болып кижінді. Бірі жала жапты», — дедім. Сонда Әкім Тарази маған: «Екеуіміз — бір дене, екі қолмыз. Бір денеде екі қол болмаса, дене зардап шегер еді. Егер бұл жалғанда сені кездестірмесем, зардабын тартқан болар едім», — деді. «Менің Әкімім бұл сөзді 2024 жылдың 8 мамырында айтты» деп жазып қойыппын.

«Мен сізді о баста балалықпен жақсы көрдім», — дедім Таразифа.

Ол: «Оның рас! Әуелгіде балалығыңмен жақсы көрдің, сосын даналығыңмен жақсы көрдің!» — деді.

Әкімнің айтатын әр сөзінде астар жататын. Мен әсіресе соңғы уақытта әр әңгімесіне құлақ түріп, ұзақ сырласатын болдым. Оның ойы да, пайымы да суреткерге ғана тән еді. Бос сөзді жақтырмайтын, бос әңгімеге құмартпайтын. Бірде күнделік жазып отырғаныма жаныма келді. Мен Габриэль Гарсия Маркес пен жары Мерседес екеуінің қалай кездескенін, Чарли Чаплиннің Уна О'Нейлге үйленердегі айтқан сөздерін Әкіміме айтып, көңілін көтеруге тырыстым.

— Жұмыс істеп отыр екенсің ғой, кеттім, онда! — деп, бөлмеден шығып бара жатты.

— Көкө, күнделіктегі жазбамды оқып берейін бе? — дедім.

— Оқышы! — деді.

— «Иә... Махаббат дегеніңіз — ерлік. Сүйгені үшін жанын беретін, жанын бергеннен дауа табатын — ерлік. Махаббат — еселсіз сүю, ессіз сүю. Осы жолда құрбандыққа бас тігу, барын салу. Өмірдің қызылды-жасылды әсіре қызығын талақ етіп, өзге әлемде жан сауғалау. Махаббат — рухани қалауың. Махаббат қана ілгері жылжытады. Махаббат — эволюция. Даму, жетілу, өркендеу. Махаббат — тоқырадым, құрыдым, жоғаламын, топыраққа айналамын деген энтропияны теріске шығаратын рух, күш! Махаббат — ешқашан айнамау, бірге күліп, бірге жылау... Дүниеден өтіп бара жатып та, жалғаннан жалғызын іздеп аласұру. Қасірет шеккен сәтте де жылап тұрып, сүйгеніне құмарту».

— Керемет! — делі бұрылып бара жатып, — Әйел болсам, жылар едім...

Ол бөлмеден шығып бара жатқан еді, жүгіріп барып, арқасынан қапсыра құшақтай алдым да жотасынан құшырлана иіскедім. Риза болып, мейіріммен күлімдеп тұр. «Бүгін күн ерекше әдемі болып тұр екен...» — дейтін мұндайда. «Күндердің бір күнінде осылай құшақтауға да зар болып қалмайын ба?...» — дедім құлағына сыбырлап. Менің



Мәжит Бегалин түсірді. Төлқұжатым бойынша Әкім Әшімов едім, бірақ Әкім Тарази болу арманым болатын. «Әй, Бүлкілбай! Саған жасаған сюрприз бар!» — деген Мәженнің не айтқысы келгенін түсінбей жүрдім. «Тұлпардың ізі» Автор — Әкім Тарази, 1964 ж., 14 октябрь» деп жарқ ете түсіп еді. Осы жыл, осы күн менің ныспымды да, тағдырымды да басқа арнаға бұрды. 1964 жылдың 14 қазанынан бастап, енді Әкім Әшімов емес, отыз бір жасымда біржолата Әкім Тарази болып өзгердім. Бірақ отыз бірдегі Әкім сол жылы, сол күні өзіне жар болатын бір қыздың дүниеге шығу етіп келіп жатқанын білмеді, — дейтін.

Жастау болсам керек, ол кезде Әкімнің бұл сөзіне аса ынта қойып, мән бермедім. Әкім архив құжаттарының негізінде «Тұлпардың ізі» кинофильмінің нотариальді нұсқасын жасатып кетіпті. Шамасы, тағдырының менімен байланысын отыз бір жасынан бастағысы келсе керек. Менің өзінен отыз бір жас кішілігімнің сыры мен жұмбағын ашып, дәлел тапқан болар.

Маған бірде өзінің жас кезіндегі фотосуретін ұсынды. (Біздің заманда қыз бен жігіт бірін-бірі жақсы көріп қалса, фотосуреттерін алмасатын) Суреттің сыртына: «Етжүрегім, арманым, қызығым, Тотона! Егер Сені кездестірмеген болсам, бұл Жалғанға бекер келіппін деп өтер едім! 6.04.1992. Әкім Тарази. Шофер» деп қол қойыпты.

1991 жылдары ата-анамның шешімін күтіп және бір мәрте елге баруым керек болды. Әкімсіз барып, ата-анамның «сойқанын» әуелі өзін көрмекке бел будым, бәлкім, мені енді қайтіп Алматыға жібермейтін де шығар деген күдігіміз болды.

Сондай бір күйзеліс үстінде жүрген сәті

болса керек. «Бүгін тәтем кеткелі бірінші рет сыртқа шықтым. Одақтың пленумы. Қызмет. Үйге кірерде қатты қиналдым — терезелер қараңғы. Тәтем жоқ. Ондай өмірдің керегі не?! 18 желтоқсан, 1991 жыл» деп жазыпты күнделігіне.

2020 жылы Қ.Қуанышбаев театрының директоры Асхат Маамировтың ұсынысымен «Бопай ханым» пьесасын жазуға кірістім. Ол кезде Әкімім 87-ге аяқ басқан. Күрделі ота екі рет жасалып, оны бұрынғы күйінен көп әлсіретіп жіберді. Қажырлы, қайратты адам ғой, аса уайымдамады, бірақ менің уайымым молайып, көз жасымды көрсетпей жылап алатынмын. Сондай бір сәтте Әбілқайыр хан ажал құшқан тұстағы Бопайдың жан түпкіріндегі ауыр қайғысын жаздым. Таң алдында жазып отырғаныма Әкім ұйқысынан оянды.

— Жұмыс істеп отырсың ғой, — деді.

— Мына тұсын оқып берейін, қалай келе жатқанымызды көрші! — деймін. «...Бийің толқын ұрған жартастай бірде көрініп, бірде көміліп өмір сүрем... Сенсіз өмір сүрем... Сен...с...і...з өмір...р сүрем бе... Сенсіз ғұмыр кешу — тіршіліктің құмарынан ажырау. Сенсіз алыс болжанбайды, жақын көрінбейді. Сенсіз күрес бар, жеңіс жоқ! Әр күнім әртүрлі сыбаға тартар. Сенсіз алдым — құз, артым — жар... Сен кеңейткен жер тарылады, сен тұншықтырған дау өршиді. О, Алланың ерекше жаратқан арыстан жүректі қаһарманы, Әбілқайыр!»

Әкім Таразиым ойланып қалыпты, үнсіз отырды да:

— Саған мұндай сөздер қалай келеді? — деді. Мен «Бопай ханым» монологының оған ұнағанын байқадым.

Қандай шаруаны бастамақ болсам да, қандай ұсыныстар алсам да алдымен Әкім Таразимен келісіп алатынмын. Ол: «Ойлан, асығыс шешім шығарма!» — дейтін. Немесе «Ойланайық! Асықпа!» — деп ұзақ жүріп алатын. Менің шыдамсыздығым, асығыстығым ол кісіге ұнай бермейтін, «Тым ақкөңілденіп кетпеші, өтініші!» — деп сабама түсіріп қоятын. Режиссер Болат Атабаев М.Әуезовтің «Қаралы сұлуды» әңгімесінің драматургиялық нұсқасын жазуыма өтініш білдірді. Болат Дулат Исабекова, Бикен Римоваға, Әлия Бөпежановаға, бәріне ұсыныс жасаған екен. Бәрі әртүрлі себеппен бас тартқан. Болат болса, М.Әуезовтің 100 жылдығы келе жатыр деп, жаналқымнан алып қоймады. Содан келісімді беріп, «Қаралы сұлуды» қолына ұстаттым.

— Көкө, Болат мәз болып жатыр, менің жазған нұсқам ұнапты, — дедім Әкімге. Ол үндемеді.

— Қанша күнде жаздың?

— Он күнде!

— Бұдан былай он күнде пьеса жаздым деп ешкімге айтпа!

— Неге?!

— Жұрт пьеса жазуды оңай деп ойлайды, пьеса жазудан өткен қиын жазу жоқ, есінде болсын! — деп қайырып тастады.

Адам өзін тыңдай алғанда ғана — адам! Өзіңнің ішің өзіңе айқын, өзіңнен өзің ұялып, өзіңді-өзің сынай аласың. Осы сезім ақиқат жолынан алшақтата қоймайды. Біз бір-бірімізге сын айта алатын едік. «Қатты айтасың, адамның көңіліне қарамайсың», — деді бірде өкпелеп. — Өзіңе қоятын жоғары талапты жұрттың бәріне қоя бермегін. Ондай талап бірінің қолынан келеді, бірінің қолынан келмейді»

Үйге келсем, Әкімнің дауысы шығып, әлдекімен әңімелесіп отырғандай болды. Үйге келген кім екен деп қарасам, қолына Сайын досының («Мұратбековтің») кітабын ұстап отыр екен, жалғыз өзі. Шамасы Сайынымен сөйлесіп отырғанға ұқсайды.



ДӨҢГЕЛЕГІ...

«Сен мені кешір. Биыл 80 жылдығың. Ешкімнің елейтін түрі жоқ сені, ал менің қолымнан не келсін? Бұрынғы шама жоқ, Сайыным. Сенің 80 жылдығың аталмай қала ма деп, уайымдап отырмын», — деп ұнжырғасы түсіп, көзі жасаурап отыр екен.

— Не болды, Көкө?

— Келдің бе?... Сайынан кешірім сұрап отырған түрім ғой.

— Естідім, уайымдама! Сайын ағам туралы мақаланы өзім жазамын, Университетте шығармашылық кешін өткіземіз. Ертең ректор Айман Мұсаходжаеваға кіріп шығайын. Қолдайды, саспа! — деймін көңілің жұбатып.

— А-аа... Сөйтемісін?... — дейді күндей жадырап, — Сені маған Құдайдың өзі берген ғой. Сайынымыз қатты уайымдап жүр едім, жанымы тынышталып қалды ғой, түһ! — дейді арқасынан жүк түскендей.

Содан «Егемен Қазақстан» газеті «Классик» деген мақаламды қос бетіне көлдей етіп жариялады. Талдықорғаннан Сайын ағаның қарындасы Майра ризашылығын айтып телефон шалды. Жазушылар одағының басшысы Нұрлан Оразалин телефон шалды. Астанада Ұлттық Өнер университетінде Сайын ағаның шығармашылық кешін өткіздік. Ине шаншар жер болмады, Сайын Мұратбековтің көзін көрген зиялы қауым, оқырман жұрт қаптап келді. Сайын Мұратбековтің тұған бауыры мен қарындасын Майраны Астанаға шақырттым, ол кісілер де келді. Таңғалғаным, Әкім Таразидың достарына деген адалдығы. Біреу білсе, біреу білмес, Қабдешке де, Қалихан, Рамазан, Сайынға да жанын салып, беделін салып Мемлекеттік сыйлық алып беру үшін аянбағанына күемін. Өзі күлетін, «Достарымның бәріне көмектестім, бірақ өзім Мемлекеттік сыйлықты солардың бәрінің соңында алдым», — деп. Достарының бәрі Әкімнің алдында өмірден озды. Барлығының кетіп жатқаны жанына ауыр тиді, жалғызсырады, сағынды.

Жиырма жылға жуық араласпай кеткен досы Қабдеш Жұмадидің Астанаға келгенін естіп, маған: «Қазаныңды көтер, Қабдеш келген екен, үйге шақырамын!» — деді. Мен «екеуі қалай кездесер екен, не деп сөз бастар екен» деп ойладым. Көптен көріспеген достар құшақтарын айқастыра амандасып, шұрқырасып жатты. Әкімнің кабинетінде өздері жеке қалып, бірінің тізесіне бірі қолын қойып, енді бірде бір-біріне қарама-қарсы қарап, әңгімелері таусылмай ентелей ұғыса түсіпті. Байқағаным, Қабдеш аға Әкімге «Сіз» деп сөйлейді екен. Екеуі дастарқан басына келгенде Қабдеш аға: «Жағдайыңыз жақсы екен, қонысыңыз құтты болсын!» — деді. Алғашқыда екеуі де үйірін енді тапқан тұлпардай жанаса, сағыныса қарасқан. Ұларбек Нұрғалым айтқандай, «Қызық екен... Екеуі бірін-бірі шекесінен құлағына дейін аймалады-ау...»

Сол жолы араларына түскен суық сызаттар жібіп, бәз-баяғы қалыптарын қайта тапқандай. «Бес тапалдан сіз екеуміз ғана қалдық. Баяғыда айтқан едіңіз, есіңізде болса. «Қазір ұялас күшкітей бір-біріміздің үйімізде түнеп, күн құрғатпай бірге қуанып, бірге күйініп жүргендеріңнің бәрі де өтеді. Өзгерісіндер, бір-біріңді көрместей бола-сындар, тіпті араласпай кететін күндерің де болады» дегеніңізде біз жәттө келіп, шамданып, сізге қатты ренжіп, қызыл-кеңірдек болып дауласқан едік, есіңізде ме?... Әулие екенсіз, айтқаныңыз дәл келді. Бір Алматыда тұрып, нашарлап жатқан Сайынның көңілін сұрап бара алмадым, үйіне...» Қабдеш аға алдында тұрған судан ұрттады. Бұл сөздерге Әкім аса мән бермегендей жауапсыз қалдырды. Қабдеш аға сөзін қайта сабақтады:

— Мен қарап жатпай біраз басылымдарға сіздің де атыңызға қатты-қатты сөздер айтып жібердім, оқыған боларсыз...

Ұлаш екеуміз (Ұларбек Нұрғалым) демімізді ішке тарттық. Қос суреткердің әр сөзін қалт жібермей аңдып, бағып отырмыз.

Әкім жымиды да қойды. Қабдешке қарап басын изеді.

— Оқыған жоқпын. Естідім... — деді Тарази.

— Ә-ә... Естіген екенсіз ғой... Сол баяғы мінезіңіз, өзгермейсіз! — деді Қабдеш.

— Қарындасың ғой, ағалап... Саған зәм-зәм судан құйыпты, алып отыр. Роза балалармен былтыр қажылығын өтеген, алдындағы су зәм-зәм... — деді Әкім әңгіме ауанын басқа арнаға бұрып.

— Зәм-зәм деймісіңдер, ішейік онда... Бұдан гөрі қарындасым бір жүз граммды құйғанда жөн болар ма еді, — деді Қабдеш аға әзілдеп. — Бірақ сіз дамолланың ұрпағысыз... — Қабдеш аға бірде желпініп, бірде саябырлап, бірде арқаланып, бірде қалыпқа түсіп, бірде қалыптан шығып отырғандай көрінді. — Рамазай (Рамазан Тоқтаров) айтушы еді, «Біздің кеменің капитаны Әкім!» — деп... Біздің басымызды біріктіріп жүретін сіз едіңіз. Бәрі де өтті өмірден, кетті... Кемеде қалған сіз бен біз...

Екеуінің сол сәті, әңгіме екпіні, бір-біріне қараған, түсініскен, іштей ұғысқан, кешірген, бірін-бірі жамандыққа қимаған жүздесулері көз алдымда. Бұрынғы жастық шақтарын, албырт, ақ көңіл адал шақтарын бір-бірінен іздеп отырғандай көрінді. Әкім жиырма жылғы салқындықтың сызын жүрегімен жылытқысы келді ме, әлде мынау жалған дүниенің уақытша тұрғындары екенін ұғынып, түсініп, қадам жасады ма?... Әлде ендігі кездесудің сәті бола бермейтінін алғыр санасы сезіп, қоштасып тұрғандары ма екен, онысын маған айтпады. Меніңше, «Кеме капитаны» достарының соңғы жұрнағына да кеме капитанының мәртебесімен жауап қатқысы келді. Достың қадірі қандай сәтте де, сын сағаттарда да

дос деп бекінді. Ұлы Алпамысқа: «Қабдеш ағаң саған нағашы болады, балам, иығына шапан жап!» — деді, жып-жылы бауырмал капитанға тән дауыспен. Алпамыс шапан жапты, мен де жеңгейге жеткізерсіз деп көделі шапанымды ұсындым. Өйткені келесі жылы ел болып тойлайтын Қабдеш ағаның 80 жас мерейтойы келе жатқан болатын.

«Арнайы шақырамын, тойға келесіңдер ғой», — деген еді қазақтың көркемсөз өнерінің алыбы. Бірақ бұл олардың соңғы кездесуі екен, Қабдеш аға ойламаған жерден үш-төрт айға жетпей дүние салды.

Әкімнің әдеті бар еді, достарын сағынған кезде, сөредегі кітаптарын аялап қолына алатын, әр бетті аялап ашатын, аялы алақанымен олардың суреттерін сипап, күрсінетін. «Жарықтық, адал еді, досым еді...» — деп күбірлейтін.

Өмірінің соңы деп ойламағанмен, әр күннің қымбатқа айналып бара жатқаны маған белгілі еді. Домбырасын тартып, халық әні «Зәурешті» ыңылдап айтып отырды да жылап қалды.

— Не болды, Көкө? — деймін.

— Кешірші, көзімнен жас шығып кетті. Жылап отырмын. Мұндай босбелбеу емес едім...

— Неге жыладың?

— Білмеймін, кейінгі кезде жылағым келеді...

— Маған ренжіп отырған жоқпысың?

— Жо-жоқ, өзім кейде осылай жылағым келеді.

— Жылама! Жаным! Жарығым! Әкімім... — деп, терезе жаққа қарадым. Оған кайсар, мықты болып көрінгеніммен терезе жақтауына қолымды қойып, дәрменсіздіктен өзім де жылап тұрдым. Мінезге бай, сабырға берік, тау қозғалса, қозғалмайтын, қабағынан талайлар қаймығатын қатулы Әкімім, өжет Әкімім, батыр Әкімім... Неге жылады екен?... деп күйзелдім. Сол күйзеліс еріксіз жасқа айналып, теріс қарап мен де егіліп тұрғам.

Бұл күні де ұзақ сөйлестік.

— Бірдене айтайын дедің бе, неге сонша қарап отырсың? — деді маған.

— Жай... «Сені неге қарттық жеңіп барады? Неге осынша әлсіредің екен?» деп жиі ойға шомамын.

Ол әдеттегідей жымиып қойды да:

— Уақыт қой... Уақыт... — деді.

— Уақыт деймісің... Сенің жастығыңды жәукемдеп, күш-қуатыңды талқандап, жанарыңа мұң салған, сені менен алыстатып, жетелеп кетейін деп тұрған уақытты жек көрем, көкө... — дедім көңілім босап.

— Сен керемет адамсың! — деді Ол жұлып алғандай.

— Осы сөзіңнен бір жаңылмадың-ау, жарығым. Неммен керемет болдым екен, осы мен?... Несімен керемет екем?! Қойшы...

— Сен болмасаң, мен өмір сүре алмас едім, баяғыда...а...а...а... өліп қалған болар едім. Кетті ғой, небір достарым! Сені көрудің өзі бақыт. Мен осы бақытты сезіндім. Рақмет, саған! — деді баладай қиылып.

— Менімен бірге тұрғалы қайталанып айта беретін, бір жаңылмайтын, бір өзгермейтін, бір жалтармайтын сөзің бұл. Мен оған қарадым, Ол да маған қарап отырған болатын. Екеуге бақыт сыйлаған уақыт дөңгеленіп барып тоқтап қалатынын кім білген...

P.S. Сені жаным жоқтаған кезде күнделіктерді оқимын. Оқимын да өткен өмірді тірілтіп аламын. Тірі дүниеге қайта оралып, уақытты кері айналдырамын. Сондағы бір жазбам көзіме оттай басылды: «...Мынау әлемді кіршіксіз тануға үйреттің. Ұлығы мен кішісі, жақсы мен жаманы, байы мен кедейі, қадірлісі мен қадірсізі жарысқан ала-сапыран қоғамда өзің басшымы болдың. Мен саған разымын, көкө! Мені кеш...»

Төлен ӘБДІК

ПРОЗАДА АЛҒАШ РЕТ СЫНИ НАРАЗЫЛЫҚТЫ БЕРЕ БІЛДІ

Әкім ағаны алғаш рет қай кезде көргенім есімде жоқ. Біз студент едік, ал олар жас жазушылар болатын. Өткен ғасырдың 60-жылдары Қазақстанда ғана емес, кеңестік кеңістікте өзгеріс жүріп жатты. Өмірге ризашылықтың жоқтығы сезіле бастаған кез. «Бұлай өмір сүруге болмайды ғой» деген ойдың ашық айтылмаса да, іште жүрген шағы. Бұл тіпті Мәскеуде де сезіле бастады. Ақын-жазушылар арасындағы сол көңіл күй бізге де жетті. Әкім ағалар – әдебиетке сол кезде келген жігіттер. Әкім, Рамазан, Сайын, Қалихан, кейін бұларға Қабдеш қосылды. Өздері шеттерінен сауатты болды. Өсіресе Сайынның «Менің қарындасым», Қалиханның тілінің құнарлылығы жиі айтылатын. Бұлардың ішінде Рамазан көбірек сынады. Кейін «Абайдың жұмбағын» жазып Мемлекеттік сыйлық алды. Бұл жазушылар көбіне ауылды жазатын.

Осылардың ішінде қолтаңбасы ерекшесі Әкім Тарази еді. Оның екі өзгешелігі болды. Біріншісі – қала өмірін жазды. Екіншісі – шығармаларында адамды сынау, қоғамды сынау үрдістері басым болды. Прозада алғаш рет сыни наразылықты бере білді. Совет үкіметінде қалыптасқан адамдармыз ғой, ол кездердегі жағдай белгілі, цензура өте қатал, аяғыңды қия бастырмайтын. Тіпті жазушының не жазғаны емес, не деп отырғаны да бақылаулы секілді кез болатын. Бірақ соған қарамастан, Әкімнің шығармаларында астарлы шындық жататын. Бұл кісі өзі астарсыз жазбайды. Шығарманың бетінде бір үлкен негізгі идея жатқанымен, астарында тағы бірдене тұрады. «Бұлай өмір сүруге болмайды» деген идеяның көріністері байқалушы еді. Райымбек Сейтметовтің «Әкімнің бір пьесасын бір рет қорқа-қорқа әрең қойдық» деп айтқаны есімде қалыпты.

Біз осы жазушыларға қарап өстік, бой түзедік. Олардан біршама кіші болсақта, бізді баласынған жоқ. Жазушылар өз арасында Әкім, Рамазан Сайын, Қалихандарды бойлары қысқа болған соң «бес тапал» деп әзілдеп атайтын. Арасында сәл ұзындауы Сайын еді. Кейінірек: «Мен кеш туып қалдым, әйтпесе бесінші тапал мен болатын едім», — деп әзілдеп жүрдім.

Сол кезеңде қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов үлкен бедел иесі еді. Ол кісіден бір жақсы сөз есту әрбір жас жазушыға арман болатын. Өйткені ол кісі аса кірпияз адам, әңгімелесу қиынның қиыны еді. Қазақи деуге де болмайды, тек сеніміне ие болу керек. Мысалы, Асқар Сүлейменов повесть жазғанда соған қатты риза болып, Асқарды ресторанның шақырып өзі сөйлескен. Міне, сондай адам Әкім ағаны туған баласы секілді жақсы көрген. Жазушылығына ықпал жасаған, қызметке алған. Бірақ ол жайында Әкім аға қатар жүрген бізге айтқан емес. Бұл да оның бойындағы үлкен жақсы қасиеттердің бірі деп есептеймін.

Әкім ағаның қазақтың кинодраматургиясына да сіңірген еңбегі өте зор. Бір кездердегі «Тұлпардың ізі», «Қараш-Қараштан» бастап толып жатқан нағыз көркем кинолардың сценарийін жазды. Бұл жағынан келгенде оның шығармашылық ауқымы өте үлкен. Соның бәріне үлгеріп жүрді. Меніңше, ол үйде қамалып алып, «қалай да көп жазсам екен» дегенді мақсат етпеген сияқты. Себебі дос-жарандарына уақыт арнап, сырласып, әзілдесіп, емін-еркін жақсы өмір сүрді.

Әкім ТАРАЗИ

Лирикалық шегініс

Кино жарықтыққа жиырма жыл өмірімді кийіп бердім. Лев Игнатевич Варшавскийдің «Академиясына» Камал (*Смайылов*) екеуіміз тыңдаушы болып келіп, дыңдай қызметкер болып қалыптастық. Киноның оқуларын қуып жүріп тауыстық. Мәскеуден «москал» тартып оралдым. Жиырма тоғыз жаста едім. Мәскеуге аттан деп бата берген Ғабит аға Мүсірепов еді. Екі жылдан кейін оралғанда құшақ жайып қарсы алған Мәжит аға Бегалин болды. Тұңғыш фильмім жарық көргенде («*Тұлпардың ізі*») 31 жаста едім. Мәскеуге аттанарда әкем жарықтық: «Адам болам десен, балам, партияға өт», — деді. Өттім. Мәскеуде жүріп өттім. Алматыға келген соң, Камал екеуіміздің де билік құрғымыз келді. Өз жайымызды кейін күйттерміз, алдымен өзгені жарылқап алайық дегендей Камал киностудиясының директорылығын қолға алды, мен Бас редакторлық тұтқаны ұстадым.

Сол мансапкерлік дәуірімізге осы күні өкінбеймін. Біздің «заманымызда» қазақ киносының классикалық үлгілері дүниеге келді. «Қыз Жібек» (*Ғабит Мүсірепов, Сұлтан Ходжиков*), «Атаманның ақыры» (*Андрей Кончаловский, Шәкен Айманов*), «Тұлпардың ізі» (*Әкім Тарази, Мәжит Бегалин*), «Қатерлі өткел» (*Зейін Шақин, Олжас Сүлейменов, Абдолла Қарсақбаев*), «Ана туралы аңыз» (*Жұмабай Тәшенов, Александр Карпов*)... Бұл тізімге кірмей қалған, бірақ қазақ киносының алтын қорына айналған 10-15 лента және бар. «Қазақфильм» киностудиясын жайлаған ертегідей есіл күндер естен кетпейді. Айқасып та қалатынбыз, шайқасып та қалатынбыз. Бірақ өшіккен емеспіз, кектескен емеспіз, «кет» дескен емеспіз. Енді көрместей болып, қиқуласып шығып, тобымыз бұзылмастан Алатаудың бөктеріне қарай кетіп бара жататынбыз. Өзіл-қалжыңымыз үзілген емес. Ондайда таусылмайтын кәусар бұлақ — Шәкен аға Аймановтың қалжыңдары еді. Мәжит аға Бегалиннің мысқылдары еді. Қарсақбаев Абдолланың жатып атар оқыс қылықтары еді. Сұлтан Ходжиков қалжыңға жоқ-ты. Сондықтан көшке ермей қалып қоятын. Ас пісірудің хас шебері Бейсенбайдың Шәрібі шашлықтың түтінінен түшкіріп, мангал маңынан кетпейтін. Түтін шыққан жерді «белінен қазып» Сахи Романов жүретін. Қаркылдай күлетін, бірақ өз есебін білетін. «Қылышынан қан тамған» министрлерді жылы-жылы сөйлеп, інінен шығарып алуға Шәкен аға шебер-ак еді. Сондықтан да киноға кесіп берген 20 жылдың ішінде Камал екеуіміздің үстімізден бір-де бір арыз түскен емес. Сол жағдайды айтып (*арыз түспегенін*) бір орнынан қозғалмайтын хатшымыз (*Қазақстан Орталық Комитетінің хатшысы*) Саттар Нұрмашұлы Имашев басын шайқап таңғалғаны бар. Шәкен, Мәжит, Сұлтан, Нұрғиса, Абдолла, Шәріп, Сахилар сол бір тар заманды кеніте білген, қату қабақты жадырата білген сабаздар екен-ау, шіркін.

Қысым қатты болатын. Әр сөзін аңдулы. Сол қысымды «қолтығымызға» да қыстырмайтынбыз. Заман ағымынан қиғаш тарта беретін едік. Қиғаш кетудің тауқыметтері де болып жататын. Қалихан айтпақшы, «оған да мойыған кезіміз болған жоқ».

Қазақ киносының халін күнбе-күн қадағалап отыратын Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев ағамыз бар еді. Ұсақ-түйек текешіктерден қорлық көрген күні Димекенге жүгінетінбіз. Асанбай Асқаров ағамыздың да арашалап қалған кездері есімде. Ол бір қайта оралмас қазыналы, базарлы кезең екен.

2. Кикілжің кезең

Шәкендер дәуірінің соңғы бір он жылында өрімталдай қазақ жастарын Мәскеудегі оқу орындарына топ-тобымен тоғытып алдық. Жас адамның санасынан гөрі кеудесі тез өсетіні белгілі. Алматыға қайтып оралған жастарымыз (*режиссері бар, кинодраматургері бар, әртістері бар*), «жоқ, біз ол жолмен жүрмейміз» деп Ленин айтқандай, тың жол, тайғақ кешу іздей бастады. Көпті көрген ағаларымыз мұртынан қымылып отырса да біз жүрген сара жолдан шықпа деп ешқайсысын қақпайлаған емес. «Алдыңнан жарылқасыннан» басқа айтары болған жоқ. Қазақ киносының кейінгі толқыны — «жаңа толқын» деп аталатын топ сол кезде қанаттанған еді. Сатыбалды Нарымбетов, Серік Апырымов, Ораз Рымжанов, Владимир Рерих,

Михаил Аранышев, Аяған Шәжімбаев, киноактерлер — Жамбыл Құдайбергенов, Димаш Ахымов сол кездерде қанаттарын қосып ұлгерді. Самғайтын кезі алда деп үміттеніп жүргенбіз.

3. «Батыстың өзінен де батыс кету»

Осы күндері ойласам, «Совет киносы» деген ұғым «Батыс киносы» деген ұғымнан

көсемдерді көрдік. «Оу, азаматтар, киноның жайын қозғайық та. Күніміз ертең не болады? Жеткен жеріміз осы ма?» деп үн қосқан бір-екі ағаның жағасы жұртылып тынды. Үзіліс кезіндегі шөре-шөреде сегіз топтан төрт топ айқындалды. Бірақ жиналыс соңында сол 4 топтың өзі құрақ көрпедей қырыққа бөлінді. Кім жеңгені, кім жеңілгені белгісіз қалды. Съезд біткен соң кабинетке таласулар басталды. Сотқар белсенділер сотқа жүгінді. Содан бері табаны күректей бір жыл «кілем» астындағы

десе, сол көзімді кеңірек ашатын әдетім. Соғып тастауға әзірленіп отырдым. Фильмнің кейіпкері — қала шетінде тұратын қазақ әйелі. Екі баласы, екі сиыры бар. Алагеуімде тұрып, ала сиырдың емшегіне жармасады. Алжапқышын беліне байлап, бір шелек сүтті мықшындай көтеріп, аялдамаға қарай жүгіреді. Үйде екі бала ұйықтап жатыр... Әлгінің сонынан еріп, режиссер мен оператор да бүрсендеп жөнеледі. Тәкаппар қаланың тас үйінен тасырандап

КИНОНЫҢ ХАЛІ ҚИНАЙДЫ МЕНІ...



көрес әлі тоқтар емес. Топтар... топтар... Киноның халін кім жоқтар? Тақырыбымыз тым ұсақтап кеткен жоқ па? Көркемдік шеберлік дегенді ұмыттық па? Егемен елдің өнерін кімжасамақ? Бастала беріп тоқтап қалған оншақты фильм сөреде жатыр. Газет-журналдарға сұхбат бергенде басшылар «он фильм түсіп жатыр, бес фильм түсіп жатыр» деп сол сөреде сұлап жатқан «құр сұлдерді» атайды. Ал, шын мәнінде, соңғы екі жылда түсіріліп жатқан жалғыз фильм. Ол — Роза Мұқанованың шығармасы бойынша түсіріліп жатқан «Ләйләнің мінажаты». Жалғыздың мінажаты зар боп естіледі екен...

Осы фильмге мемлекет тарапынан бөлінген 70-80 миллион теңгенің 80 пайызын көптен бері аштан-аш сұлап жатқан крокодил жұтып қойды. Крокодил дегенім — «Қазақфильм». Штаттағы жүздеген қызметкер, қаңырап бос тұрған залдар, павильондар, бөлмелер, суық сорып сүмірейген гараждағы көліктер, «тонвагендер», «лихтвагендер», алыстан жеткен қаржының иісін сезген крокодилдің тістеріндей сак-сак ете қалады. Қаржы түсті деп естіле сала киностудияның қасасының алдында қан майдан басталды. Аш-құрсақ артистер, көзі қарауытқан режиссерлер...

Бір ғажабы басшы қызметкерлердің мұрты майдан жылт-жылт етеді.

5. Екінші салдар

Егемендік алғалы қазақ киногерлері, негізінен, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясында шыңдалып шығады. Сол шыңдалып шығатын шеберлерді мандайынан шертіп тандайтын комиссияның төрағасы биыл болдым. Қанағат, таубе дедім. Жастарымыз баршылық. Жастарымыз ынталы.

Белгілі режиссер Ардақ Әмірқұловтың режиссерлік курсы он бала бітірді. Он диплом жұмысын көрдім. Дарынды жастар.

Бірақ... Он фильм бір фильм боп шығыпты. Он сюжет бір сюжет боп шығыпты. Он фильмнің он бас кейіпкері... Бас кейіпкер емес-ау, мас кейіпкер! Есірткі ішкен адамдай есенгіреп қалған жастар. Бүкіл әлемді менсінбейтін қуыс кеуде. Мен кереметпін, мені неге мойындамайсың деген негізсіз талап. Талант емес, талап. Сол баяғы Батысқа қарап мөңіреу. Сол баяғы шұбартілді «шеберлер». Өзінің қазақ екеніне намыстанатын «қайраткерлер». Тым сүмірейтіп жібердім бе? Жоқ! Бұл шын ашығанымы. Көрмес — түйені де көрместің кебі емес. Емтиханның соңғы күні он бірінші диплом жұмысы комиссия алдына көлденең тартылды.

Төралқа мүшелерінің көпшілігі, академияның көнекөз ұстаздарды, әлгі жұмысты менсіне қоймайтын сияқты. Біреуі келіп құлағымға сыбырлап үлгерді. «Фильмнің авторы бір байғұс қыз еді. Аяғы ауырлап қалып... Он көзінізбен қарасаныз, Әкім аға», — деді. Оң басын қара

шыққан шашы күзелген қазақ келіншектері тыжырынып тұрып әлгі байғұстың сүтін алуға мәжбүр. Күн шыға келіншек үйіне қайтты. Екі баланы жуындырып, киіндіріп, мектепке аттандырды. Екі сиырдың жемін, шөбін әзірледі. Кеш батты. Шам жанды. Екі бала үйге берген тапсырмасын әзірлеп отыр. Өндері жүдеу. Бірақ кітаптары да, дәптерлері де тап-таза. Тағы да алагеуім... Тағы да ала сиырдың емшегіне жармасқан құс-құс саусақ... Тағы да есі кетіп аялдамаға қарай жүгірген әйел... Тағы да тас қаланың тас үйлерінен тасырайып шыққан тас жүрек, қырма шаш қатындар...

Қарапайым тірлікті көргенде, көңіл шіркін езіліп жүре берді. Он бес минуттың ішінде әлгі ұсқынсыз қара келіншек жан сұлулығын танытып үлгерді. Мені жібіту қиын. Жылап жіберуге шақ қалып отырдым. Бүгінгі Қазақстанның халі осы. Батыс емес, Шығыс... Біз Шығыс елі екеніміз есіме түсті. Қазақстанға қайтып оралдым. Бірақ сөз сынайынан байқадым, соңғы автордан өзге он дипломант Қазақстанның көк желкесінен асыра қарауын қояр емес. Егеменді еліміздің мүддесі, іргесі, ұлттық намыс, ана тілдің мүшкіл халі туралы толғанып-ақ айтқан сияқты едім. Бірақ оқу бітіріп тұрған, кеудесіне нан пісіп тұрған жастардың миына мен қакқан шеге бата қоймағанын сездім. Түніліп-ақ кетер едім, бірақ әлгі бір фильм туннельдің арғы шетіндегі жарық сәулесідей, қорықта жанған шырақтай көңіліме қуаныш сыйлай берді.

6. Күрсінесің, күлесің

Қала шетінде крокодил жатыр. Аш. Ол — киностудия. Бөлен айдан бері жарыққа, ыстық-суық суға, өндірістік алаңдарға төлем төленбеген. Оларды қашан төлейсің деп, үкіметке қашан пайда түсіресің деп жалаңдап, андып, салықшылар самсап жүр. Астанадан қаржы келсе, ең алдымен, қағып кететін солар. Одан қалғанды мұртын майлауға жұмсайтын кино төңірегіндегі шенеуніктер. Бұғалтырының айлығы әлемге әйгілі кинорежиссер Сатыбалдының жалақысынан бес-алты есе артық. Көркем шығарма жасайтын, заман келбетін кескіндейтін киногерлердің сиқы — қол жайып жүрген құлдың кейпі. Шырт түкіріп, шіреніп жүрген басшылар кино дегенді арық қазу деп ойлайтын сияқты. Жиналып, кенесіп, көркемдік туралы сөз қозғайтын Құлтөбе жермен-жексен болған. Совет заманынан қалған бір мысқыл мысал бар еді. «Киностудияның директоры танертенгі лездемеде үстелін тоқпақтап отыр дейді. «Кеше неге кино түсірімеді? Кешегі норма неге орындалмады?» деп айқайлайтын көрінеді. Режиссер байғұс сүмірейіп орнынан тұрады.

— Ойбай-ау, бәсеке-ау, қалай түсіремін? Кеше Тонваген де, Лихтваген де жұмысқа шықпады ғой, — депті. Сонда директор шіреніп отырып, шырт түкіріп, айтты дейді:

— Ендеше, Тонваген де, Лихтваген де бүгіннен бастап қызметтен қуылсын!»

Оқырманымыз: «Бұл Тонваген, Лихтвагендер деген кім?» деп отырған шығар. Бұл екеуі де кино түсіруге қажетті машинаның аты ғой!

Бүгінгі киностудияға кіріп барсаң, сол баяғы «Тонваген» мен «Лихтвагенді» қызметтен шығаруға дайын отырған директорды көресің. Күрсінесің, күйінесің... Күлесің. Күйзелесің. Киноның халі қинайды мені.

Туындылары арқылы әдебиетке жаңа леп, тың тыныс дарытқан Әкім Таразидың күнделік беттерінде жазылған жазбалары да ойлы толғамдарға толы. Қаламгердің қалам күдіреті, жазу, әдебиет хақында ой тербемейтін сәті болмаса керек. Жазушы күнделігінен үзік-үзік сырларды оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

24:00

Уа, Жаратқан ием, жер бетінде өзін құрған, Өзін еркіндік алып берген Қазақстан деген елінің енесін биік көтере гөр!

Уа, Жаратқан ием! Тоздыра көрме елімді, береке бере гөр, береке бере гөр, береке бере гөр!

08:00

Қағида: Өмірінді де, өлімінді де ешкімге міндет қылма, әй, Әкім!

13.03.99.

Үй көрдік (8-этаж). Дүкен араладық. Алпақай, саған «белсепет» (велосипед) көрдік. «Өзі мініп таңдасын» деп тежелдік.

«Труд» деген газетке әлдебір хайуандар Шолохов туралы өсек жазыпты. «Тіпті, жай ғана мақала жаза алмаушы еді, қалай жазушы болған», — дейді. Сондықтан Шолохов зынданға тығып тастаған әлдебір гений жазды дейді. Журнализм мен дарындылықты шатастыруға болмайды ғой. Көркем шығарма — жан туындысы, мақала — қалам туындысы. Төрт том жазған Шолоховтың төрт жол хабар жаза алмауы — занды.

Гений табиғаты, гений бейнесі қарапайым пенденің санасына сыймайды. Гений табиғаты — Жаратқан иеміздің нұры.

Шексіз, мәңгі ғаламды тоғышар өз қауашағының көлемімен ғана өлшей алады. Шексіздік пен мәңгілік қаудырлақ қауашаққа қалай сыйсын!

Кеше сазгер Жоламан телефон шалған. «Сізді ойлап риза болып отырмын. Кеуде соқпай, жымып қана үндемей жүріп бәрін жеңіп келесіз!» — дейді.

«Бәрін» дегенің кім? — деп едім, «Қоғамды, заманды!» — деді.

Сол сәтте бұл сөздерге мән берген жокпын. Бүгін есіме түсті. «Мән беріп» жатырмын. Әй, Әкім, қыртысың-ау...

Назымбек Бокаев қоңырау шалды. Өзім Сайын ағаға. Шомылумен, тазарумен өтті бүгінгі күн. Кітап оқу. 23:00

— Нанға ақша таба алмай жылап алдым! — деген еді алдыңғүні Дәмеш. Кеше біздің үйде де сағат 17:00-ден 22:00-ге шейін бір тиын болмай қалды. Кешкі 22:00-де Тония көптен бері кимеген бір киімінің қалтасынан 60 теңге тауып алды.

Алпақай! Бұны сен кейін білсін деп әдейі жазып отырмын. Самый страшный враг человечество — способность его память идеализировать прошлое и, пожалуй, будущее тоже.

Бұдан бұрын айтқан (күнделікке жазған) бір ойым бар еді, соны бүгін қайта жазып қойдым. Өнер (бұның ішінде өнердің барлық түрі бар, әдебиет те) — өмірдің (тіршіліктің) сөлі. Қауыз тозады, сөлі (сығып алған, суреткер, шебер) қалады, ғасырлар еншісі болып. Еврипид, Эсхил, Софокл, Омар Хайям, Томер, Фердауси, Шолохов, Әуезов, Мұқағали, Ду-Фу, Юрий Казаков, Михаил Лермонтов және басқалар...

Қолым бір тигенде, Алпақай, саған бір үлкен тізім жасап беремін... Алла жазса!

Екі сағаттай бакта жүріп қайттым. Ой келді: «Менің өмірбаяным Розадан басталған, одан бұрынғы Әкім — басқа адам!»

КӨРКЕМ ШЫҒАРМА — ЖАН ТУЫНДЫСЫ



Жүру — жүгіру. Тәнім тәрбиеге көндіге бастаған. Жүруді аңсайды. Жүрсем, жүгіргенді қалайды. Бұл — жеңіс. Жан шіркіннің тән шіркінді және бастағаны.

Ли Бо мен Ду Фуды оқысам, қытай болып кеткім келеді, Пушкин мен Лермонтовты оқысам, орыс болып кеткім келеді, Абай мен Мұқағалиды оқығанда ғана қазағым «қайта ораламын». Өкінбей ораламын. Өкінбей...

Ана тілімізді газет тілінен мұқият аршып алуымыз керек. «Социалистік Қазақстан» тілінен.

Күн бар. Үйде мен. Жуан-Бала, Құны-Пия қоңырау шалды. Лоджияда отырып күнге күйдім. Достоевский доспен сырластым. Федьканы мендей түсінетін қазақ жоқ. Это — не поза.

«Дертім асқынып барады... «Қызыл шаш катынды» бекер оқыған екенмін!» — деді Жуан да Жуан.

Он тоғыз жылдан бері жетімдік көріп, подвалда, балконда, суықта сұрланып, жырттылып, шашылып қор болған, қадір-қасиетінен айрылып қалған кітаптарым бүгін орын тапты. Тония, жан жүрегім армандап жүруші еді. Риза мен. Алланың нұры жаусын, жан жүрегім! Сенің гигантский еңбегің!

Жүріп, жүгіріп келдім. Кеше кешке қарай То-то шелпек пісірген. Аруақтарды еске алып, Құран оқыды То-то. Бүгін де аруақтарды еске алдық. Жұма ғой. Мен, әсіресе жарық дүниенің қызығын көре алмай кеткен Күләш қарындасым (үш жасында суға кетті) мен Танкист бауырымды (бір жарым жаста еді) еске алдым. Жарықтықтар.

Күләш қарындасымның шашы сапсары еді, сабан сары еді. Тұлымдары (өрілген) батып, шығып, ирелендеп бара жатқаны көз алдымда. Мен ештеңе түсінген жоқпын. Мамам «дүкенге» (Белбасарда) кеткен болса керек. Мен келгенде аспай-саспай бірдене айтыппын. «Әрең түсіндім. Тұра жүгірдім...» — дейтін мама. «Дейтін» дегенім — условно бір-ақ мәрте айтқан болар, шамасы. Жылаулар, жерлеу есімде жоқ. Танкист өмірден өткенде мен каналда жүргем. Оның да жылап-сықтауы, қайғы-қасиеті есте жоқ. Бұрмагүл апаның (Бұбу — Сараның өзге енесі, Ақбердінің тоқалы, ұлты қырғыз еді) мамамен күнкілдесіп отырғаны есімде... «Ақбердінің ауласында» бар...

Ақберді — руы Сіргелі, Саттар нағашымның қайын атасы еді.

Бәкір Тәжібаевтың әйелі (есімі есімде жоқ) Жомарттың (Саттар Ақбердінің күйеубаласы) жақын досы. Жомарттың әйелі Сара ма еді?... «Ақбердінің ауласында» бар. Екеуінің де атактары болған.

«Ақбердінің ауласына» қайта ораламын деп жүрмін ғой...

Ұйқының қабырғасын сындырыппын. 09:00-де ояндым. Есікті ұрып: «Роза, Роза!» деген Шәбайдың даусы екен. Қоңырау шалуды білмегені ғой. Лифтке де отырмапты. Екі ұлын ертіп келіпті.

Паркте жүрген Ғалым Ахмедов ақсақалға жолықтым. Жарты сағаттай әңгімелестік. Өте қызық.

Қыршынды тауының батыс беткейінде жер астына тас текпішекпен түсетін үңгір бар дейді. Рас болар. Әулиеатадағы зоовет техникумның директоры болып тұрғанда Мәскеуге барып, наркомнан 100 балаға лимит алыпты. Соған аштықтан ісіп-кеуіп көшеде жүрген қазақ балаларын орналастырған. «Шыбындай қысылды ғой Әулиеатаның халқы», — деді. Сюжет пе?

«Тарихи тұлғаны» оқыпты. Таңқалдым. 94 жаста ғой жарықтық!

«Сен баласың ғой!» — дейді. Онша менсініп тұрған жоқ.

1938-жылдары Жамбыл ауданының бірінші хатшысы болған. Мирзоян атылған соң қуғынға түскен.

Паркте жүргенімде (таңертең) бір кісі амандасып, жанасалай біраз ерді.

— Квартплата дінкелетіп құртты ғой, Әбеке, Президентке айтпайсыз ба? — дейді.

— Ит көп. Жүргізбейді. Иттерге салық салу керек! — дейді. — Жылуға, газға, лифтке және де үйде ит ұстағаны үшін...

Кешегі НТВ-дағы «қызықтың» салдары болар, бүгін «Рахаттың» орны үңірейіп қалыпты. Біздегі күй дегеніміз қуыс кеуде тұлып қой деймін, шамасы...

Пушкин де, Лермонтов та «Пайғамбар» деген өлең жазған ғой.

Лермонтовтікі Пушкиндікінің логикалық жалғасы, екі өлең де бір-бірінің логикалық жалғасы екен. Талдап, талқылап отырғанда аштым. Пушкин әкеліп түйіп тастаған жерден Лермонтов өрбітіп әкетеді. Бір шығарманың екі тарауы тәріздес (ҚазМУ-дегі бүгінгі дәрісім ғой бұл). Орыс группасының балаларына қатты әсер етті. Талдауға, талқылауға жетелеп отырдым. Жақсы балалар баршылық.

Тәреңкий келді. Бірдене деуге көңілін қимайсың. Анасының жағдайы — анау, жүйкесі тозған. Әкесінің жағдайы — анау, маскүнемдіктен азып, адам бейнесінен айрылған. Күндіз-түні үйде мелшиіп отырып,

тамақ соққаннан басқа шаруасы жоқ. Жай жүрсе, бірсәрі, «ақыл айтып», билік айтып, коқандап, боқтап, ұрып, ішкенін ірін, жегенін желім қылуға «шеберленіп» алған.

Қазір қазақ «еркектерінің» 80 пайызы әйелдерінің арқасында күн көріп отыр. Именно — отыр. Еше ұрады, боқтайды. Базардан тауып келген азын-аулақ нәпакасын балаларының аузынан жырып алып, ішіп қояды. Еше үйіне қонақ шақырады, кісімісіп, бөсіп жүреді.

Не ұлттық намыс жоқ, не адамдық қасиет жоқ. Есек құрлы еңбек те ете алмайды. Сөйтіп жүріп, «елімізді тонап жатыр» деп күнкілдейді. Әй, көк мисыз-ау, сен пысық болсаң, басқалар сенің еліңді, сенің байлығыңды тонап ма еді?!

Әйел, бала-шағаңа масыл болып, сор болып отыр осылай, енді он жылда нең қалар екен!

Жылдың төрт мезгілі — Жаратқан Алланың адам пендесіне (жан-жануарға да) көрсеткен мінезі. Көктем — мейірімім саған ауды дегені, жаз — ал, еркелеп бақ дегені, күз — тым тайрандап кеттің-ау, ескертемін деуі, қыс — қаһарыма қалма, тәубене кел дегені.

Бүгін Алматыға қыс бірден түсті. Кеше ғана жаз еді. Түксіп тұр. Түнімен жауын жауған. Ызғар. Тіршілік біткен бүрісіп, жиырылып қалған. Ал Ресей Сталинградты қоршаған «фашистер» тәрізді, Шауһар-Кентті жан-жағынан болат құрсаумен (танклермен) қоршап, қиратып жатыр. Өз халқымен өзі соғысқаны не сұмдық! Егер бандылармен, террорлармен қанмайдаңға шығу керек болса, Санкт-Петербург пен Екатеринбургтен неге бастамайды? Баскесерлердің көкелері сонда жүрген жоқ па? ОРТ ұялмай-қызармай репортаж жүргізіп тұр. У Ельцина не мирное лицо. Орыстай еңбеккор, негізі ақкөңіл елді қорлап, маскара қылып, жексұрын етіп бітті. Елінің бейнесіне мәңгілік қара таңба қалдырған жоқ па?! Өз құлқының, өз дәрежесің, өз тағын ойлаудың да шегі болу керек қой.

Қайсыбір халықтың құрамында нағандар неғұрлым көп болса (елу пайыздан асып кетсе), сол елде фашизм бас көтере бермек. Оқу, білім, әдебиет, мәдениет деген ұғымның қаратүнек жауыздыққа қарсы соғыс ашар тұсы — сол. Бірақ шіркін, ақ періштелерге (адамгершіліктің, нақ жолының ақ періштелесіне) мұрша берсе ғана...

Темірханның «Жас Алаштағы» нақыл сөз, ақыл сөздері ұнады. Мен Темірханды мойындадым. Окончательно.

Қазақ деген қара шалдан Аскан философ бар ма екен?! «...Жан — Құдайдың құр аты ғой, адамдар майын мінген!» дейді-ау данышпан.

Уа, Жаратқан ием! Домбыра жарықтықтың ерекше қасиеті (басқа аспаптардан бөлек) — оны тартқан адам өзі үшін, өзі тыңдау үшін, өзі сол домбыраға мұңын шағу үшін, өзі сол домбыраға сырын айту үшін, Жаратқан иемізге жалбарыну үшін тартады емес пе! Солай!

Ұлы жазушы деген сөз — топастар шығарған түсінік. Ұлы жазушы деген болмайды, шын жазушы деген болады. Ұлы деп жүргеніміздің бәрі — шын жазушы. Ұлы еместің бәрі — жете-қабыл, дүбәрә, жалған. Мәреге, көмбеге жетпей жығылған жүйрікке бәйге жоқ. Мәре, көмбе дегенім — өмірдің ұзақтығы емес, талаптың тереңдігі және де бұл тереңдік — төмен қарай кететін шыңырау тереңдік емес, көкке қарай атылған зымыран тереңдік! (Глубина высоты... Бийіктік емееес!)



**Әлия
БӨПЕЖАНОВА**

Қазақ руханиятында 60-жылғы буынның орны қашан да ерекше. Кеңестік саясаттың бел ортасында өмір кеше отырып ұлттық әдебиетімізде ренесанс жасаған бұл буыннан алтынның сынығындай, мықты рухтың көзіндей, өткен мен бүгінді жалғастырған бір тұлға бар. Ол – көрнекті суреткер, Қазақстанның Еңбек Ері Әкім Тарази. Туасы прозасы болғанымен, драматургияда, аударма өнерінде үлкен шаруа тындырған, рухани әлемі, шығармашылық аясы кең суреткер.

ТАРАЗИ ПРОЗАСЫ – ЗАМАННЫҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Әсілінде, заманның көркем бейнесін жасау онай шаруалардан емес. Өйткені өзің өмір кешіп отырған орта, қоғамның шын бет-бейнесін тану, оның даму заңдылықтарын зерделей отырып, жинақтаулар жасау – бірте-бірте, тәжірибемен келетін шеберлік. Әдетте, бұрқырай жазылып, жарияланып жататын прозалық шығармалардың бірталығы бір оқылымнан артылмайтыны осыдан болса керек. Ал өз прозасында заманының көркем бейнесін оның шын тынысы мен астарлы ақиқаттарын аша отырып өрнектейтін жазушының өнерлі сапары мазмұнды да нәтижелі. Мұның бір айқын көрінісі – жазушы Әкім Тарази шығармашылығы. Жазушының алғашқы әңгіме-повестері бейнелер динамикасымен, кейіпкерлері сан қырлы көзқарастарға мүмкіндік тудыра білуімен, бұл ретте қоғамдық-әлеуметтік факторларды алдыңғы планға қоя алуымен ерекшеленсе, кейінгі шығармаларында айқындала түскен новеллистикалық сипатты қоса айтқанда, жазушының бірден бөлектеуі көрінген. «Құйрықты жұлдыз» повесінен кейін Таразидың қай шығармасы да әдеби ортада пікірталастарға мұрындық болып, темірқазық идеяларын танытатын кейіпкерлері шығармадан-шығармаға өсіп отырды. Жазушының уақыт шындығын бейнелеген шығармаларының бірі – «Тасжарған» романы.

Бас кейіпкері Омар – «Құйрықты жұлдыздағы» Сәнжанмен рұқтас, бірақ одан гөрі әлеуметтік белсендігі жоғары, рухани бітімі келіскен, түп негізі мықты кейіпкер. Көпке сыйлы, сегіз қырлы, бір сырлы Омар аяқ астынан істі болады. «Бала өліміне кінәлі» деген күдікке ілініп, басына күн туғанда көп нәрсеге көзі ашылады. Сан шытырман оқиғаларға да тап болатын Омар, ақыры, үлкен сыннан сүрінбей өтеді, әділдік салтанат құрады. Жазушы кейіпкерін көбіне кимыл-қарекет үстінде көрсетеді. Оқиғаларының географиялық ауқымы кең романдағы тартыс адамдардың дүниетанымдық тартыс-қатығыстары болып жүргенді. Бүкіл қоғамды жайлаған көзбояушылық, мансап пен билік алдында бас ұру; әлеуметтік топтардың тұрмыс-тіршілігіндегі жер мен көктей алшақтық – бәрі-бәрі романда қоғамның шағын моделі отбасылардың тыныс-тіршілігінен аңдалады. Омар – Сәуле, Досым – Ұлмекен, Альберт Исаевич – Валентина, Жексен – Разия, Әли – Әлия, Мұса – Торшолок, Әбілез Кенжеевич – Рауза Ахатовна, Мамыржан – Қадияша, Мәтеков – Қаншайым отбасыларының әрқилы мінез-құлық, ниет-пиғылдары, өзіндік тағдырлары бар. Жазушы қаламы, әсіресе тоғышарлық, мансапқорлық, арызқойлық, күншілдік, қысқасы, рухани мешеулікті суреттеуге келгенде жүрдек. Бұл орайда оның кейіпкерлері тип деңгейіне көтеріледі. Кейіпкерлерінің болмысын өз кимыл-қарекеттері, психологиясын деталь арқылы да ашуға салмақ салады. Мысалы, қалалық атқару комитетінің орынбасары, яғни Омардың орынбасары Әбілез Кенжеевич

Омар шырғалаңға түскенде оның орнынан қатты дөмеленеді. Дәмесінің зоры сонша, ол қызының жоғалып кеткені туралы тірі жанға тіс жармайды. Әбілез Кенжеевич – отбасының сырты бүтін, іші түтін, әйелі Рауза бақытсыз, төрт түлігі сай, тұрмысы баянсыз жан. Оның үнемі балконға шығып, телескоппен жұлдыздарға қарайтыны бар. Басқаша, рухани таза өмірді аңсайды. Аяғын жоғары көтерген Әбілез телескоптың шынысын көлегейлеп тастаған тұста: «Миллиондаған жұлдыздарды Әбілездің аяғы басып қалды» дейді жазушы. Әбілез отбасына байланысты автор деталь ретінде жұлдызға иек артқанын байқасақ, әйелінің «ішкі жұмысына қол сұқпайтын, мәдениетті» Мәтековтің әйелі Қаншайым мен Мамыржанның байланысын айғақтайтын деталь етіп кілтті (*шкафтың кілті*) ойнатады.

Жазушы Ә.Таразидың өзіндік жазу машығы ерекшеліктерінің бірі ретінде кинематографтық стильді атау керек. «Әдебиетке кинодан келдім» дегенді өзі де айтады. Ал жазушының әдебиетке кинодан келуі – өзіне де, ұлттық әдебиетімізге де үлкен олжа салды. Бүгінде жаңа ғасыр әдебиеті ашқан жаңалық ретінде айтылатын жинақылық, характерлерді бірер штрихпен ашу, оқиғаларды анық-қанық бейнелеу, аз сөзділік, сөздің ішкі қуатын ашу, яғни артық-ауыс ой, шұбаланқы сөйлемдерге жол бермеу Таразидың сонау 70-80 жылдар белесіндегі шығармашылығының негізгі сипаттарының бірі болды. Кейіпкерлердің үлкен тобын, олардың бойындағы пенделілік пиғыл, қылықтарды сипаттауға келгенде жазушы юморы, әсіресе ирониясы мен сарказмы қамшы салдырмайды. 80-жылдар бедеріндегі қазақ әлеуметінің өмірін бейнелей отырып, тоғышарлық, әлеуметтік бей-жайлық, рухани зерде қалғуының тарихи, қоғамдық-әлеуметтік себептерін тереннен іздестірді...

Жалпы, жазушы шығармашылығында бүгінді кешемен, кешегі уақыт тарихпен себеп-салдарлы тығыз байланыстарда береді. Айталық, «Әулет», «Ақбердінің ауласы» повестері мен «Бұраштың әңгімелері» циклы оқиғалық, кейіпкерлердің қалыптасу-даму жағынан бір-бірімен тығыз байланысты. «Әулет» повесінің құрылымдық бітімі ондағы оқиғалардың тұтастығына нұқсан келтірмейді, керісінше, Қараспан әулетінің кешегісі, ал негізінен, бүгінгі тыныс-тіршілігін қамтитын оқиғаларды шашыратпай жинақтап беруге септігін тигізеді. Әр кейіпкеріне жеке-жеке тоқталып, отбасылық, адамдық қарым-қатынастар негізінде әлеуметтік мәселелерге терендейтін повесте қамтылар оқиғалар ауқымы кең.

«Ақбердінің ауласы» повесі мен әңгімелер циклына автордың басынан өткен кейбір өмірбаяндық жайлар да негіз болғандай. Оның кейде жекелік сипаттары сақтала отырып, өзгеше идеялық-эмоциялық қуат алады. Өзінің жазу мәнеріне сай автор бұл шығармасында да уақыт, әлеумет шындығын нақты, жекелеген тағдырлар – Ақберді ауласының тұрғындары: бала Хантай, Ақлима, Сапар, Әлім, Бүбісарра, Шура, Жәділ, т.б. арқылы бейнелейді. Повесте, сондай-ақ «Дүниенің шеті», «Қара танба», «Көпесбай» әңгімелерінде кейіпкер «менінде» авторлық «мен» елеулі үлесі болса, «Жүрек пен штық», «Жанбырлы түндер», «Шұнақ құлақ», «Батыр болмақ ойдан-ды», «Сарманқұлда» автор әңгімеші рөлін қанағат тұтады. Бірақ қай шығармасында да, жазушы, сыншы Р.Нұрғалиев атап көрсеткендей, адамның мінез-табиғатын әлеуметтік факторлармен тығыз байланыста алады. Кейіпкерлерін даралауда көркемдік тәсілдерді талғап қолданады, түрлі стилизацияға барады; бейнелілік кілтін контекстен іздейді.

Таразидың көркем тіліндегі ішкі ырғақ, үндестік-үйлесім, поэзиялық тыныс шығармаларының өнбойынан тым жақсы сезіледі. Жазушы кейіпкері Бұраш сияқты әр құбылыс-жайға тенеу іздейді және тым оқыс, жана да сәтті тенеулерді мол табады. Мысалы, «мәңгілік көзі — Айға» жазушы тенеулерінен көптеген мысал келтіруге болар еді.

Дүниежүзілік әдебиетте бір әулет төңірегінде жазыла отырып-ақ өз уақытының қасіреттерін, қоғамдық-әлеуметтік шындығын өзгешелеу бір ракурста көрсететін шығармалар аз емес. Шартты түрде жүйеленгенде, Т.Манның «Будденброттар», Д.Голсуорсидің «Форсайттар хикаясы», У.Фолкнердің Сартористер әулеті туралы трилогиясын әулеттік романдарға жатқызуға болар еді. Ә.Таразидың «Кен» романын аталған шығармалардан көркемдік принципі, жазылу тәсілі мүлде басқа екеніне қарамастан, шартты түрде әулеттік роман деуге болады. Жазушының өз сөзіне сүйенсек, «дүниеге өзі әкелген Қараспановтар

әулетімен біржолата қоштаса алмапты». Бұл романында жазушы өзі айтпақшы, «дәстүрлі романға қарсы соғысып, сюжетке, тартысқа басқаша келген», бұл сипаттар «Тасжарған» романында да қыла берген-ді.

Шындығында да, «Кен» романында тартыс характері басқашалау; жазушы уақыт қойып отырған сауалдарға жауапты жекелеген тағдырлар, жеке адамдардың болмысына, жан дүниесіне үніле отырып іздейді; романда шебер дәнекерленген хронологиялық сюжет жок, жазушы ассоциативті-фрагментарлық суреттеу арқылы көркемдік жинақтауға, біртұтастыққа жетеді. Сюжеттері бір-бірімен байланысыз жатқандай оқиғалардан, эпизодтардан тұратын романды тұтас оқып шыққанда ғана әлгі оқиғалар, күтпеген жағдаяттар, тосыннан пайда болған кейіпкерлер жинақтала келе белгілі бір тұтас картина

жанында ашылмай жатқан кені бар» деп алған жазушы сол кенді іздейді, мейлінше әр қилы мінез-құлық, характерлер галереясын жасайды. Бұл орайда Таразидің көркем тілі, образды ойлау жүйесі көмекке келеді. Жазушы тілінде ішкі кеңістік, поэзиялық тыныс қуат, көзге ұрмайтын, бірақ бірте-бірте дәм алдыратын әсемдік, кербездік бар. Жалпы, баяндауға «жаны қас» жазушы нені айтса да, кімді көрсетсе де мейлінше даралауға, жана бір қырынан ашуға ден қояды. Роман тілінен уақыт белгілері, көркем тіліміздің қазіргі даму заңдылықтары да байқалар еді. Жалпы, Таразидың көркем тілі, образды жүйесі әдебиетші, тілші ғалымдардың заманауи зерттеулеріне жақсы көрек.

Суреткер Тарази шығармашылығының келесі кезеңі күрделене түседі «Жаза», «Қорқау жұлдыз» романдары тақырып сонылығы өз

ҚҰРҮШ

жасап, көркемдік-әлеуметтік жүк көтереді.

Романдағы оқиғалар Қаратау аймағында өтеді. Автор Қаратауды әлеуметтік-географиялық ұғым тұрғысында алады да, ондағы адамдар тағдырына, сан алуан адамгершілік-әлеуметтік қарым-қатынастарға ден қояды. Пірәли шал мен Ақлима кемпірдің отбасы-ошақ қасынан, олардың алтын тойын өткізу қарекетінен басталатын роман сан тарау оқиғаларда да сол әулет төңірегіне қайта айналып соғып отырады. Пірәлидің қызы, тағдыр талқысына түскен Мәрзияның өліміне байланысты өтпей қалған той, төрт жылдан соң, романның соңына қарай өтеді. Осы төрт жыл ішіндегі оқиғалар негізінде Қараспан әулетінің тарихы, саясат диірменіне түскен кешегісі, ал негізінен бүгінгі тыныс-тіршілігі, қам-қарекеті, осы отбасына туысқандық, дос-жарандық, жегжаттық, ауыл-аймақтық ретпен қатысы бар кейіпкерлер, олардың өзіндік жеке дара тағдырлары — бәрі-бәрі жинақтала келе, жоғарыда айтқанымыздай, үлкен бір әлеуметтік орта тынысын береді.

Романда кейіпкерлер көп. Олардың әрқайсысына жеке тоқталып жатпай-ақ, Қараспановтар әулеті, Ботабай және ағайынды Кәкіш пен Мәкіш төңірегінде аз-кем пікір тартып байқасақ, бұл кейіпкерлер бір-бірімен еш қатынасыз, өз бетінше күн кешіп жатады. Бірақ шығармадағы негізгі тартыс осы кейіпкерлер арасында өтеді. Автор психологиялық-әлеуметтік параллельге ден қоя отырып, Қараспановтар, Ботабай — Кәкіш, Мәкіш Асабаевтар линиясын роман соңына дейін шашау шығармай алып шығады. Бұл тартыс — кейіпкерлер дүниетанымындағы, өміртанымындағы, көзқарастарындағы керіарамақтық, қарама-қайшылықтар күресі. Романда ерекше бір көңіл аударарлық бейне бар, ол — Балбала. Мәскеудегі Сауда институтында оқитын, үлкен бастықтың қызы Маринкаға үйленген, өз есебіне мықты, іскер, ол өз туыстарынан басқаша, жақсы, еркін өмір сүргісі келеді. Дегенмен де қолы жүріп тұрған жас жігіттің мұндай мақсаткерлігі оқырманын екіұдай ойға қалдыратын. Ал, бүгінгі күн биігінен қарағанда, жазушы осы бейнесімен елімізге келер нарықтық экономика мен оның жағымсыз құбылыстарын осы кейіпкерімен болжағандай көрінеді.

Романның екінші дәптерінен бастап аренаға Ботабай, Кәкіш пен Мәкіш шығады. Ботабай — мейлінше адал, тыныш та қоңырқай тірлігін дәтке қуат етіп жүрген жан. Баладай аңғал, жан дүниесі бай, өмірдің қарапайым философиясымен күн кешетін бұл кейіпкер адамгершілік күш-қуаттың трансформаторы сияқты. Шығармада бедерлі суреттелген екі бейне — ағайынды Кәкіш пен Мәкіш. Екеуінің негізі бір болғанымен мінез-құлықтары мүлде басқа. Кәкіш — кезінде комсомол қызметінде жолы болмаған, өзі оны кездейсоқтық деп есептеп, енді тек өмірден алып қалуды діттеген, айлалы, өзінше ақылды жырынды. Ен орманда, тау-тастың арасында еркін сайрандап жүрген ағайынды екеуі: сырт көзге сыр алдырмайтын, ішкі есебіне мықты Кәкіш пен оның айтқанына көніп, айдауына жүретін, ақылы шамалы Мәкіш, сондай-ақ осы Асабаевтар әулетінің тағы бір «жас перісі» Қайыржан Көпбаевтың өз «философиялары» бар. Жалпы, Ә.Тарази қаламы мұндай бейнелерді сомдауға келгенде аса ұшқырлық танытатынын тағы да айту керек.

Романының эпиграфын «Әр адамның

алдына, ізгілік әдіра қалғанда адамды қорлаудың, зұлымдықтың салтанат құру «пәлсапасын» ашады.

ТАРАЗИ ДРАМАЛАРЫ – УАҚЫТ КВИТЭССЕНЦИЯСЫ

Таланты өз алдына көркем киносценарий заңдылықтарын, теориясын меңгерген Таразидың драматургияға келуі заңдылық еді. Оның алғашқы драмаларының өзі әдеттегі ақ пен қара тартысы емес, көзге көрінбейтін ішкі бір тартыс-қатығыстарға құрылды, жана кейіпкерлерді шығарды. Уақыттың өзекті мәселелерін көтере отырып тартыс ұштығын жеке адамдардан да, қоғамымыздың тарихи даму жолдарынан да іздеді. Ә.Таразидың қаламдас досы Қалихан Ысқақпен бірігіп жазған «Апа, апатай», «Жәке, Жәкетай», «Кемпір іздеп жүр едік» комедиялары қоғамдық-әлеуметтік сатира деп тануға лайық болса, өзінің «Жаксы кісі», «Тыныш көшедегі көгілдір үй», «Жолы болғыш жігіт» атты драмалық шығармаларында да қоғамға, әлеуметтік ортаға деген сыни көзқарасы жүргеленді. Мәселен, «Жаксы кісі» пьесасына «жеке бастың күлкілі трагедиясы», «Тыныш көшедегі көгілдір үйге» — «күлмейтін комедия» деп жанрлық анықтама беретін автор бұл драмаларында «бүгінгі қазақ зиялылары» аталып жүрген ортаның қорқынышты болмысына үніледі. «Жаксы кісіде» «жаксы кісі» Ахмет Хазин үшін бастық болу — адам болу, қатарға енумен пара-пар және де қанша аяныш тудырмаймен де оның «пәлсапасында» өмір шындығымыз бар. Драматург — адам, жеке тұлға бағаланбаған қоғамда оның психология-танымындағы қандай да ауытқулардың рухани бишаралыққа әкеліп соғарын осы Ахмет Хазин бейнесі арқылы береді. Пьеса соңында тек жүрген, ток жүрген Ахмет Хазиннің бүкіл болмысы, «жаксы кісінің» жаксы өмірінің бағасы сараға түседі. Кроссворд шешкіш көршінің: «Ә! Ойлану керек екен-ау, Ә! Рас-ау. Ойлану керек. Ойлану, ойлану... ойлану...» деуімен аяқталатын шығарма Хазиннің ғана емес, бүкіл әлеуметтің трагедиясы; кроссворд шешпек боп бас қатыратын, бірақ әлеуметі, қоғамы туралы ойлап бас қатырмайтын, мүмкін оған өресі жетпейтін ұрпақтың трагедиясы туралы спектакль болуға сұранып тұрған пьеса. «Жаксы кісіні» Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық драма театрында сахналанған сол кездегі бас режиссер Ерсайын Тәпенов те «жеке бастың күлкілі трагедиясы» деген анықтама берген. Бұл анықтама автор үшін де, театр үшін де цензураны айналып өтудің бір жолы болған сияқты. Әйтпесе көрнекті актер Р.Баймағамбетов орындаған кейіпкер Хазин жеке бастың ғана емес, қоғамның үлкен трагедиясы ғой. Кейініректе Ф.Мүсірепов театрында көрнекті режиссер Ж.Хаджиев сахналаған драмада да жекелік сипаты басымдау шықты.

Жалпы, Тарази пьесаларын кілтін тауып сахналау онай емес-ті. Бұл — драматург стилистикасынан туындайтын қиындық. Бір қарамаққа диалогтарында күнделікті өмір, тыныс-тіршілігіміз. Мысалы, «Тыныш көшедегі көгілдір үй» пьесасының кейіпкерлері үшін өзара қарым-қатынастары әбден үйреншікті. Тыныш көшедегі көгілдір үй иесі, өзінше баянды өмір кешіп жүрген Асанға тыныштығы бұзылмаса болғаны. Ол өз мүдесі үшін ненен болса да, тіпті қаза тапқан қур-

стасының атағын пайдаланудан да тартынбайды. Ал ең сорақысы — айналасындағылардың оның бұл қарекетіне үлкен адамгершілік сипат беріп, қолпаштауында, яғни көзбояу, өтірік, жасанды өмір-тіршілікке өздерінің өбден бой үйретіп, белшесінен батып кеткендіктерінде; бір сөзбен түйгенде, жалғандықтың, көлгірсудің, өз-өздерін алдауды күнделікті өмір нормасына айналып кеткендігінде. Көрнекті режиссер А.Эфросша айтсақ, «Өмірлерінің драмалық мән-мазмұны күнделікті әдет-калыпқа айналып кеткен». Сондықтан да мұндай шығармаларды сахналаудағы «сверхзадача» — осы тұрмыс-тіршілік сипатты емес, оның астарынағы драманы, тіпті трагедияны ашу болса керек.

Комедия соңында тыныш көшедегі көгілдір үйде кезекті бір жауапты сынақта қаза тапқан Сәнжанды еске алу кешіне жи-

атпал азаматтың түбіне жеткен. Тіпті ата-анасын, әйелін, жалғыз қызын өлімге қиған Эзбергенді мөнгүрт, мөнгүрттіктің ең шектен шыққан түрінде бейнелеген автор (*оның есімін осылай деп алу да бекер емес*) үлкен ой жинақтауларға барады. 1994 жылы Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында режиссер Е.Обаев қойған «Індет» трагикомедиясы қазақ театрының үлкен табысы болды.

Таразидың тәуелсіздік кезеңіндегі драмалары дегенде, жыр алыбы Жамбыл мен көрнекті акын Мұқағали Мақатаев туралы пьесалары ойға оралады. «Алатау сынды алыбым» драмасын әріптес-досы Қалихан Ысқақ екеуі бірігіп жазды. Кезінде кеңес жыршысы атанған Жамбыл драмада өзге ракурстан көрінеді. Аурухана палатасында өң мен түстің, жарық пен түнектің арпалысына

тов түсіріп, 2008 жылы экранға шыққан екі сериялы фильмде тұлғаланып, халқына оралды. Жазушы киносценариймен шектелмей, Мұстафаның тағлымды тағдыры туралы роман жазуы суреткерлік-азаматтық борышын орындауы болса керек.

ТАРАЗИДЫҢ АУДАРМАДАҒЫ ДАРА ЖОЛЫ

Көрнекті суреткер Ә.Таразидың шығармашылығы жан-жақты. Оның бір елеулі саласы — аудармашылығы. Ал осы саладағы үлкен бір еңбегі — көрнекті қытайтанушы ғалым Н.Бичуриннің «Собрание сведений, о народах обитавших в Средней Азии в древние времена» атты көлемді еңбегінің аудармасы — «Орта Азияны мекендеген халықтардың көне

Күбұлай, Төле есімдерінің этимологиясы өз алдына, Наймангүл — Үкүтай ханның тоқалы Тураһын қатын екені, айта берсе мысал көп, ақыр соңында Ғұндар қағаны болып есептелетін Мөденің есімі Мөде емес, ол — Қараханның ұлы Бота екеніне дейін өз нұсқаларын ұсынады. «Шыршық қаласы деген Ташкент қаласы болу керек, Да-ли қаласы қазіргі Дели» дейді.

Түгелімен танымдық маңызы өте үлкен, оқырманның ежелгі тарихқа деген қызығушылығын тудыратын еңбекте нақты тарихи оқиғалар жыл-жылмен берілген. Мұның өзі жеңіл қабылдауға белгілі бір деңгейде әсер етеді. Айталық, «1220 жыл. Сол жылдың сәуір айында Шыңқұз хан Бұқараны алды. Маусым айында Самарқандты алды. Қыркүйек айының орта кезінде қоршауда жатқан Отырарды алды. Солтүстікке көшіп барып, Есіл өзенінің жағасында жайлауда отырды... 1221 жыл. Сол жылы көктемде Шыңқұз хан Бұқара мен Самарқандты қоршады. Ал оның үлкен ұлы Жолшы Әндіжан мен Баршынды басып алды» сияқты баяндаулар тарихтан аян екеніне қарамастан, әсері басқаша.

Аудармасының ара-арасында, аудармашы өз сынасөзін қосып отыратынын жоғарыда айттық. Ал еңбектің, соңғы 60 шақты беті аудармашы Ә.Таразидың өзіндік жеке зерттеулері деуге болады. Мұнда ол Н.Бичурин және оның өмір жолы, ғылыми жолы туралы кеңінен толғай баяндап, тарих жасау ісіндегі саясат туралы да сөз қозғайды. Бұл бөлімдегі ең маңыздысы — суреткер Ә.Таразидың қазақ тарихына деген өзіндік көзқарасы, ой-пайымдары. Ұзақтау болса да үзінді келтірейік:

«Бірнеше жылдан бері өз еркіммен, ешкімге айтмай, білдірмей көне тарихпен шұғылданып жүргенімде, менің бір аңғарғаным, ұлы моғолдар осы Маңғлай Іле-су деген сөзге тығыз байланысты ұғым сияқты. Қазіргі қазақ тілі 2500 жылдар бұрын қалыптасқан мыңқол тілінің тарихи кезеңдерде өзгеріске ұшырап, өзіне-өзіне даму түскен заңды жалғасы болып саналады.»

«...XIX ғасырда Еуропа ғалымдары тұруқ халқы деген ұғымды жасанды түрде «түркі» деп өзгертті. Біздің көз тұруқ деген атымыздан қашырып, алыстатып, адастырып алып кету үшін...»

«Біздің жыл санауымыздан 202 жыл бұрын Қытай тарихшыларының қаламына ілінген күн халқының алғашқы көсемінің аты Бота. Ол Ботаның қасындағы ержүрек жігіттері де өздерін күнбіз деп атады. Яғни, «күнге табынушы» деген мағынада» (Бота — Қараханның ұлы..)

«Никита Бичурин, жарықтық мыңқолдар да, күндер де, сақтар да, үйсіндер де, көк тұрұқтар да, одан кейін тарих бетіне ілінген басқа халықтар да «сұмь один народ» деп қайта-қайта айта береді. Оған біз мән беріп жүрген жоқпыз. Біз сол мыңқолдарды, күндерді, сақтарды, үйсіндерді, көк тұрұқтарды, осы кітаптан аталатын Суандарды, (Бай ұрығын) біз әртүрлі халық деп жазамыз. Ол еш ұқытта дұрыс болуы мүмкін емес...»

Аудармашының соңғы түйін зерттеулерінде бұдан басқа да көптеген өте қызығалықты өз-өзі зерттеулері мен ұсынатын балама нұсқалары жеткілікті. Бұған тарихшыларымыз назар аударса құба-құп. Бұл аудармалар өте үлкен білім, жігер мен рухани қуат нәтижесі, бір есептен, Ә.Таразидың тарихқа суреткерлік-тұлғалық көзқарасы деу керек. Ал ең бастысы, қалың оқырманның тарихи санасын орнықтыра түсуге ықпал етеді және аударма іліміне ден қоятын таланттар үшін жақсы әдіснама. Тағы бір айтармыз, Ә.Таразидың терең тарихи танымы өз алдына аударма саласындағы осы үлкен еңбегінің әсері соңғы кезең прозасында сезіледі.

Бүгінгі таңда Әкім Тарази — руханиятымыздың үлкен тұлғасы. Оның ұстаздық жолы бөлек бір өңгімесін арқауы. Қазақ әдебиеті мен өнерінде алпыс жылдан аса талмай еңбек етіп келе жатқан Тарази — заманымыздың көркем бейнесін жасау арқылы қоғамдық тарихи үдерістерді зерделеу-зерделетуде үлкен биіктерге шыққан суреткер. Оның тереңнен тартатын озық идеялары қоғамның өзін-өзі тануына, жаңғыруына ықпалын тигізсе, тек өзіндік, дара стилі төл әдебиетімізді көркемдік-стилистикалық жағынан байытты, поэтикасының құнарландырды. Кейінгі сан ұрпақ ұлтымыздың ғасырлар толқынында өзгеру, түлеу, жаңғыру үдерістерін, уақыт идеялары мен қоғам мүшелерінің арман-аңсарларын, жан дүниелеріндегі нәзік қалтарыстарын суреткер Ә.Таразидың бірде байыпты да мөлдір, бірде мысқылды да сыншыл көркемдік әлемі арқылы да таныры анық. Ал шығармашылығы мен өнегелі өмірі — өнер жолына аяқ басуды ойлайтын жас өскін үшін жақсы бағдарлам.

ТҰЛҒА ТАРАЗИ

налған топты тағы көреміз. Бұл соңғы сахнада кейіпкерлердің рухани жадаулықтары мейлінше анықтала түседі. Әр кейіпкер өзін, өресін өз сөзімен өшкерелеп бітеді. Көңіл қойсаңыз, осы кеште Сәнжан достарының денсаулығы үшін де, Асанның денсаулығы үшін де, Райдың денсаулығы үшін де арнайы тост көтеріледі. Ал Сәнжан туралы сөз — осы тостардың экспозициясы ғана немесе Асан үшін Сәнжанның өлімінен гөрі Сегізбаевтың ауырып қалғаны барып тұрған трагедия. Тіпті өздерін зиялы санайтын осы топта «аздап бас терісі келіскенде» жазушы Бұланнның өзі Сәнжанды еске түсіру кешіне емес, туған күнге келгендей-ақ қайтарда: «Жақсы отырыс болды. Дем алдық» десе, оған әйелі Рубь: «Сый көрдік. Үй иесі жалбақтап жатыр» деп қосам-жарланады. Драматург сол бір өзінше зиялы ортаны суреттей отырып қоғамдағы ахуалға, адамгершілік-имандылық параметрлеріндегі үлкен мәселені сынаға алады. Осыдан жарты ғасырдай бұрын жазылған драмадан бүгінгі ахуалымыз да танылмай ма...

«Жолы болғыш жігіт» драмасы М.Әуезов атындағы театрда қойылыпты. Спектакльдің режиссері Р.Сейтметов болғанын, Асау Бөкен — Танах — жолы болғыш жігіт рөлінде Әнуар Молдабеков ойнағанын театр сыншыларының (Ә.Сығабай, Қ.Уәлиев) кітаптарынан оқып, білдік. Спектакль бірер премьерадан соң жоғарыдан нұсқаумен «жабылып» қалыпты. Драмада тартыс Асау Бөкен мен Асан, ғалым Кірпішбай, Алтынтістердің, яғни жаңа және ескі көзқарастардың арасында өтеді. Мұның өзі де, түгтеп келгенде, көзқарас, концепциялар қақтығысына саяды. Пьеса туралы ғалым-сыншы Рымғали Нұрғалиевтің пікірлеріне негізінен қосыла отырып («Телағыс», «Жазушы» баспасы, 1987) Асау Бөкен бейнесінің ерекшелігі неде деген сауал төңірегінде ойлаңқы қарасақ, ғалым-сыншы айтқандай, «ноқта, жүген тимеген шу асау, қалтқы, тіреуіш дегенді білмеген, басы бос, кеудесі толық, аршынды жас айла-шарғыны ойламайды, қулық жасамайды, нысанаға тура тартады». Асау Бөкен екі жердегі екі төрт екенін дәлелдей алмай пәткерде. Кірпішбай, Асандар — жазушы-драматургтің дәстүрлі кейіпкерлері, ал «халықтың өкілімін» деп байбалам салатын арызшыл Алтынтіс — бишара, кірпіштей қатқан сананың көрінісі.

Алтынтіс психологиясының шегіне жеткен көрінісі — Эзберген Шерәлиев. Драматургтің ерекше бір шығармасы — «Індет немесе жаңа адам жасаймыз» трагикомедиясының бас кейіпкері. Атауынан көрініп тұрғандай, еліміз тарихындағы рухани індеттің генезисін, қазақ сахнасы үшін тың тақырыпты зерттеген шығарма. Кеңестік большевиктік идеологияның құрбаны болған қоғамның, тұтас бір ұрпақтың трагедиясын берудің көркемдік әдісі сәтті табылған. Жасы сексенді алқымдап қалған Эзберген Шерәлиев — қызыл идеологияның мейлінше берілген әскері, драматургше айтқанда: «партия мен социализмнің төрт бұрышты кірпіші». Оның есі, жады, иманы осы идеологиямен өбден ұланған. Ол көрер көзге ешкімге қиянат жасап жүрген жоқ, сондай байсалды, байыпты, салқынқанды жан. Алайда ол жасырын жасаған қара тізім талай

түскен кейіпкер. Жыр алыбының шынайы болмысын ашуға ден қойған авторлар ақынды белгілі бір тарихи-саяси кезең аясында қалдырмай, шек-шекараға сыймайтын қуатты талантын, халықтық даналығын ашады. Бұл драма Жамбылдың 150 жылдығына орай 1996 жылы М.Әуезов театрында сәтті сахналанды.

«Ақын. Періште. Махаббат...» драмасының басты кейіпкері — Мұқағали ақын. Автор мен кейіпкер замандас. Демек, тағдыр әртүрлі болғанымен өмір кешкен заманы, белгілі бір деңгейде арман-аңсарлар мен әлеуметтік-рухани ортада ұқсастық бар. Пьесаның негізгі ұстыны да осы сипаттар. М.Мақатаев өмірінің соңғы кезеңін арқау еткен, көркемдік шарыттылығы мол драмада ақынның жан дүниесі қоғамдық ахуал, қоғам мен жеке адам арасындағы ашық та жабық қарама-қайшылықтар арқылы танылады. Сонымен қатар драмада пьеса авторының сол кезеңге көзқарасы, өзінің жан дүниесі бар. «Ақын. Періште. Махаббат...» көп жылдардан бері М.Әуезов театры репертуарында. Режиссер Ә.Рахимовтің қойылымындағы спектакль кейінгі ұрпақтың Мұқағали ақынды тануы, кезеңнің көркем сипаты ретінде бағалы.

Көрнекті драматургтің осы театр сахнасында М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнесі» қойылуына мұрындық болғаны, сахналық нұсқасын жазғаны жақсы есте. Талантты режиссер Қайрат Сүгірбеков сахналаған бұл спектакль театрдың жаңа бір көркемдік-эстетикалық ізденістерге шыққанын анық танытқан туынды болды.

Драматург шығармалары — өз уақытының шынайы көркем бейнесі. Сыни көзқарас призмасынан өткізе отырып тартыс ұштығын жеке адамдардан да, қоғамымыздың тарихи даму жолдарынан да іздейді. Бұл орайда оның тағы бір қызғылықты драмасы — Қ.Қуанышбаев атындағы театрда қойылған «Үкілі жұлдыз» атты фарс-трагедиясы. Бас кейіпкерлері өмірін сахнаға арнаған қос құрбы Ай мен Би. «Өнерім — өмірім» — кеңестік кезеңде көп мақаланың тақырыбы ғана емес, өмірін өнерге арнаған көптеген актрисалардың өмірлік қағидасы болды. Өнер мен өмірдің аражігін ажыратпаудың трагедиясын драматург Ай мен Бидің тағдырлары арқылы бағамдатып, тағы да қоғамымыз үшін үлкен мәселе көтереді.

Жас кезінен үлкен орта көріп, корифейлерден тәлім алған Таразидың ұлттық кино өнеріне сіңірген еңбегі мол. Ұлттық киноны әдебиетпен құнарландырған, халықпен қауыштырған ұрпақ, 60-жылғылардың бастауында тұрған Тарази — көптеген киносценарий авторы. Айталық, оның сценарийлері бойынша кинорежиссер М.Бегалин түсірген «Тұлпардың ізі», Ш.Бейсенбаевтың «Арман-атаман», Б.Шамшиевтің «Қараш-Қараш оқиғасы» фильмдері ұлттық киноөнердің алтын қорына енді. Тарихымыздағы ақтандық тақырыпты көтеріп, көрнекті тұлға Мұстафа Шоқай туралы фильм түсіру идеясының авторы Ә.Тарази сценарийін өзі жазды. Тағдыры талайлы Алаш зиялысы Мұстафа Шоқай бейнесі кинорежиссер С.Нарымбе-





Оңайгүл
ТҰРЖАН

Кенес Одағының жас мемлекет ретінде жастықтың буына мас болып жүрген тұсы еді. Қол астындағы далалықтарды, яғни қазақтарды қызық ойыншық сияқты жылатып көріп, сындырып көріп, бүлдіріп көріп, өлтіріп көріп қызыққа батудың науқанына кіріскен 1930 жыл да келді. Ең бірінші олар қазақтардың қолындағы малын тартып алып, аштыққа ұрындырып көрді. Қу сүйек болған қазақтардың ит-құсқа қалай жем болып жатқанын фантастикалық кино көргендей тамашалап отырды. Сөйтіп, отырды-отырды да, тағы бірі «қызық» ойлап тапты. Ол «қызығы» — енді осыларды есалаңдандырып көру. Біз аштық жылдары туралы, репрессия жылдары туралы білетінбіз. Бірақ есалаңдандыру туралы білмейді екенбіз. Мен, мысалы, білген жоқпын. Көзі тірі қуәлар тұрғанда ешбір қылмыс тарихтың бетінен қашып шығып кете алмайды екен. Ә.Таразидың «Андрейіндегі» Манананы тағдыр өзі айдап Әкім Таразиге жолықтырғандай.

Шығармадағы негізгі үш кейіпкер — Андрей, Манана және Әкім — үш түрлі әлем. Үшеуі — үш басқа! Бірақ үшеуін біріктіріп тұрған тағы бір қасиет бар, ол — ішкі жан дүниесінің тазалығы.

Автор өзінің басты кейіпкері Мананамен алғаш танысқанын еске алып: «Әкім, сен білесің бе, мен қырық жетідемін деп саған өтірік айттым, шын мәнінде, мен төрт жүз жетпіс жастамын!» — деді. Апыр-ай, мына кісі ауытқып кеткен бе, санасында сәл бір мүкіс бар ма екен деп күдіктеніп қалдым, — деп келтірген тұсын оқып, алғашында бұл шығарма фантастикалық дүние емес пе екен деп қаласың. Әрі қарай оқи келе Манананың «төрт жүз жетпісі» өзінің осы қырық жеті жасында қанша бейнет кешкенінің көрсеткіші іспетті екенін түсінесің. Төрт жарым ғасырлық ғұмырға татитын не қылған бейнет сонда?

Өзінің немере інісі Андрейге Манана: «Сен мені еш уақытта таныған емессің. ...Сен менің сырымды білген емессің! Менің сырымды менің туған ағам, сенің туған әкең де білген емес! Менің сырымды... Менің сырымды ешкім білмейді. Жер бетінде ешкім білмейді. Аким де білмейді. Аким, мен саған айттып берер едім, менің сырым жаман. Аким, сен менің сырымды сұрама. Мен айтпаймын!» — дейді. Манананың «Айтпаймын!» деген бір ауыз сөзі айтқанынан да өтіп кететін сұмдықтың хабаршысы болып тұр. Сонда ол не жағдай еді?

Әр сөздің өз міндеті бар. Әр сөйлемнің өз көңіл күйі бар. Ал кейіпкердің «менің сырым жаман» деген сөздерінде жай ғана «жаман» емес, одан да өтіп кеткен жағдайлар «менмұнда лап» тұр. Оның әр сөзінің арасынан қасиет үні тамшылап жатқандай екен. Адам деген қандай қым-қиғаш, қандай күрделі жаратылыс десенші. Сыртқы тұрпатын қойшы, ішкі әлем деген шексіздіктің сай-саласында, ұңғыл-шұңғылында не жоқ дейсіз. Оны кей кездері қасиеті көп адамның өзі де аралап көруге қорқатын

Біз қазақ — ұлт ретінде кейде өткен жылдарымызға бұрылып қарағымыз келмейді. Себебі өткен жылдарымыздың кейбіреулері үрейден де үрейлі! Қарасақ болды, бізге өткен шақтағы қорқынышты жылдар өздерінің азап кешкен азалы көздерімен бажырая қарап, зәремізді алады. Лек-лек аш адамдардың қурап қалған шаштары жалбырап, тарамыс саусақтарының бір тілім нан сұраған үнсіз айқайы түсімізге кірердей. Сол ауыр жылдар естеліктеріміздің босағасынан әлі де тесіле қарап, бізден айырылар емес. «XXI ғасыр!» деп, «Цифрлы Қазақстан!» деп, алға қарай ұмтылып-ақ келеміз. Осы жарқын жылдарымызды одан сайын гүлдендірудің, өткен жылдардың есесін қайтарудың қызу еңбегінде келе жатырмыз. Келе жатып, сона-а-ау жылдардағы қазақтардың жанайқайына кейде амал жоқ бұрылып қаламыз. Әкім Таразидың «Андрейіндегі» айқайға оқырман ретінде мен де бұрылып қарап қалып едім, қазақтарды тура мағынасындағы есалаңдандыру науқанының үстінен түстім.

АНДРЕЙ мен МАНАНА

(Әкім Таразидың «Андрей» әңгіме-эссесі туралы)

шығар. Ал Манана сияқтылар — өзінің жан дүниесінің «азап вагонында» келе жатқандар. Автор өз кейіпкерінің әр сөзін сол калпында беру арқылы бізге осындай сырды жеткізеді. Ол сырды тындауға дәтін бармайтындай... Оны тындасаң, Манананың қасиеті саған да көшетіндей.

«Үлкен тапсырма болды бізге. Бүкіл Қазақстан бойынша үлкен тапсырма болды», — дейді Манана. «Үлкен тапсырма» деген сөздің өзі қазақ халқының өздеріне білдірмей қырып салудың Кенес Үкіметі үшін қаншалықты маңызды болғанын сездіріп өтеді. Сондағы «үлкен тапсырма» — укол салу тапсырмасы. Ол тіпті атом бомбасынан да сұмдық жағдай. Атом бомбасы — көзге көрінетін, қауіпті екені бірден байқалатын қару. Ал көзге көрінбейтін, жүрген ізі білінбейтін, дауысы естілмейтін қаруларды да Кенес Үкіметі қазақтарға қарсы қолданған екен. Манана айтады: «Біз киргиз (қазақ) ауылдарын бір жерге жинап бәріне укол салдық қой, укол! Білесің бе, сен? Укол! Мен алғаш ол уколдың не сыры бар екенін білмейтін едім», — дейді ол Әкімге айтып отырған әңгімесінде. Әрине, оны сондай қару жұмсауға бұйрық бергендерден басқа ешкім де білген жоқ. Білуге болмайтын еді. «Біз укол салғанда әскерлер, әскери адамдар киргиздарды қоршап тұратын далада болса. Үйде болса, біз укол салған үйлердің сыртында әскер тұратын», — дейді тағы да Манана. Не үшін қоршап тұрғандарын Манана түгіл, сол әскердің өзі де білмегені анық. «Укол салу керек!» — деді. Салды. Не үшін? Оны білуге хақысы жоқ еді. Білгенінді білсе, өзіне де сол укол салынатын еді. «Мен оны ол кезде білген жоқпын. Мен көп укол салдым...» — дейді ол. Көп укол!!! Көп укол деген сөз — көп қазақты есалаңдандырдым деген сөз! Оны Манана кейі-і-ін барып білді. Ал білген кезінде қазақтарға салған сол уколдары енді өзінің жанын жей бастады. Қалай жегенін автордың: «Манана Андрей айтқандай маған бір түрлі оқыс адам болып көрінді. Сөздері де, істері де түсініксіз, тосын», — деген жолдарынан ұғамыз. Адам мына жарық дүниеге өте түсінікті қалыпта келеді. Ал түсініксіз мінездің пайда болуына аса ауыр жағдайлар әсер етеді әдетте.

Әкімге Манананың сөздерінің де, мінезінің де түсініксіздігі — Әкімнің өмір тәжірибесі әлі аз, жастық шақтың жалынды күндерінде жүргендігінде болар. Автор өздерінің сол шақтарын бір ғана сөйлеммен: «Не болса соған күле беретін кезіміз» деп әдемі жеткізген. Иә, адамның не болса соған күле беретін кезі — жастық шағы. Жастық шақта адам бәріне мәз. Сәл нәрсенің өзі қуаныш. Бұл жастық шақтың өзіндік символы іспеттес. Жас келген сайын адамның сәл нәрсеге қуануы азаяды. Күлкі де есейіп кеткен

балаң сияқты бірте-бірте қашықтай береді. Әлде, бәріне ет үйреніп кете ме, әлде Манананың өкініштері сияқты болмаса да, түрлі сәтсіздіктер жиналып алып, күлкіңді де, қуанышыңды да салмағымен басып тұра ма екен?! Әйтеуір, көп қасиет жастық шақтың еншісінде қала береді. «Андрейді» оқып отырып, біресе жастық шағыңды аңсайсың, біресе 1930 — 1931 жылдардың көпке беймәлім болып келген сұмдығын оқып, шошынасың. «Мен киіз үйлерде ас ішіп, қонып та жүрдім ғой... Отыз бірінші жылы... отыз бірінші жылы... біз үлкен иттік жасадық», — дей береді Манана» деп еске алады жазушы.

Бұлар әдейі, жоспарлы түрде ауру таратқан екен. «Көкірек ауруын да тараттық біз. Ең қиыны, адамның ерік-жігерін құм қылатын дәрі салдық қой біз оларға. Есінен адасқан адамдай мәңгіріп қалды түгел Алтай халқы. Қайда жұмсасаң, бара беретін, не айтсаң, көне беретін халыққа айналды». Бұл — Манананың Әкімге айтқандары. «Мен киргиз халқының алдында күнәһармын. Мен киргиздарға қаншама түрлі уколдар салдым. Бастарын таз қылдық, мұрындары опырылып түсетін укол салдық. Мен, мен мына қолыммен», — дей береді Манана. Бірақ бұлардың ішінде атқарып жүрген қызметінің не екенін білгендер де бар болған. Сол білгендердің бірі Манананың дос қызы — Вера. «Ол мендей емес, бәленің бәрін біледі ғой деп ойлаймын. Біз укол салып үйге қайтып келгенде ол жымыңдап күле беретін. Мен кейде одан сұрайтынмын: «Сен неге укол салғанымызға қуанасың?» дейтінмін. Ол ... «Жай, біз маман ретінде іске жарап қалғанымызды айта да...» — дейді». Бұл айтылғандардың бәрі Манананың сөзі ғана емес, мұны сол кездегі Кремльден берілген «үлкен тапсырманың» негізгі мақсат-мүддесінің аса ыждаһаттылықпен орындалғанының есебі деп қабылдау керек.

Адамның өмір сүруінің ең басты кепілі — өмір сүруге деген құштарлық. Мұндай құштарлық мал мен анда да бар. Бар дейтін себебіміз оларда өлімнен қорқу, үрку сезімі бар. Ал осы құштарлық сезімін адамның бойынан алып тастаса, ол адам тіпті малдың деңгейінен де төмен түсіп кетер еді. Психологтардың айтуынша, мұндай дертке шалдыққандар есалаңдана, не үшін екенін өздері де түсінбестен жанталаса жүгіріп жүреді немесе ұйықтаған да емес, ояу да емес, мәңгірген калпында, мағынасыз көздерімен өткен-кеткенге үңіле қарап, біреу бірдене деп қалса, зәресі ұшып, жұмсаған жағына кетеді. Олар шаршағанын да, тоңғанын да сезбейді. Соқыр адамдардай сапырылысқан замананың ортасында сүрініп-жығылып, қаңғалақтай қаңғырып кетіп бара жатады. Қайда бара жатқаны да маңызды емес олар үшін. Өмір бойы

жыртқыш аңдардың психологиясын зерттеген К.Лоренц деген ғалым «табиғи «ауыр қару-жарағы» (мүйізі, азу тісі, ауыр тұяқтар) бар аңдардың өз күшіне өзі тежеу сала алатын өте күшті ішкі механизмдері де бар. Осы тежегіш күштері арқылы бұл аңдар өз тұқымдастарын құртып жіберуден сақтанып жүреді. Мысалы, ғаламат күшті арыстандар «әлім келеді» деп басқа бір арыстанды өлтірмейді. Сөйтіп, арыстандар ғаламының сақталуын қамтамасыз етеді», — деп жазыпты. Ал адамдар ше? Адамдардың дене бітімінде басқаны өлтіріп жіберетін табиғи «қару-жарағы» жоқ. Бірақ адамға ғаламат күш ретінде ақыл-ой және ғажап таланттылық берілген. Ол таланттылық қабілетінің ішінде бәрі бір. Сол бәрінің ішіндегі қауіптісі — адамның адамға жасайтын қастығы. Мананалар — сол қастық механизмінің кішкентай тетіктері. Бұрап қалсаң, өздерінің қастандық қызметтерін ойланбастан, өкінбестен, ренжіместен, таңғалмастан атқара береді. Дегенмен, адамға тән тағы бір қасиет — іште жатқан құпия сырды сақтай алмайтыны. Ондай құпия нәрсе ішке сыймайды. Сол ішке сыймайтынының әсерінен Таразидың кейіпкері де бір күні өздерінің не істеп жүргендерін біреулердің құпиялап айтқандарынан біліп қойыпты. Сол біліп қалған сәттен бастап Манананың санасында аласапыран басталған. Оны автор тәптіштеп жазып жатпай, тек ол айтқан сөздердің астарымен білдіріп отырады. Осындай ерекшеліктеріне қарап, мен бұл туындыны психологиялық драма жанрына жатқызар едім. Өйткені мұнда кейіпкерлердің ішкі психологиясы алдыңғы орынға шыға береді және шығарманың өн бойы тұтас оқиға. Мұның ішінде суреттеулер жоқ. Бар! Бірақ оның өзі автордың жан дүниесіндегі алай-дүлейдің сол сәттегі толқынысын жеткізу үшін бір-екі жерде қолданылады. Мысалы: «...Төменде білінер-білінбес бүлкілдеп ағып жатқан Москва өзенін мен сол арада аса жуан айдаһарға теңедім. Айдаһар болғанда қабыршығы жыбырлап, сәулеленіп білініп тұратын, ұзын, иретіліп солға бір, оңға бір бұрылып кететін айдаһардың жұп-жуан бел тұсы сияқты. ...Апандай өңешінен кедергісіз өткен еліктің лағын місе тұтпай, бүлқына түсіп, оқыс кимылға дайындалған ашқарақ айдаһар...» деп суреттейді жазушы. Ал бұл суреттеуде Москва өзені тіпті өзен ретінде көрініп тұрған жоқ. Ол шынында да жазушының шебер тілімен Кенестік саясаттың құлқыны болып көрініп тұр еді.

Кейіпкер Әкімге талай сөз айтқан болар, алайда автор сол талай сөздің ішінен негізгілерін тандап алып отыр деп пайымдаймын. Сол тандалғандарының бірі Голощекин туралы, оның әлі де тірі және осы Мәскеуде тұрып жатқанын айта

келіп: «Менің зейнетақымнан оның зейнетақысы он есе көп» дегені. Неге оларға осыншама көп зейнетақы тағайындалған екен? Шамасы бұл — кеңестік заманның мемлекеттік деңгейдегі саяси ауызбастырығы. Мемлекеттің қылмысы неғұрлым зор болған сайын, сол қылмысты білетіндердің зейнетақысы да соғұрлым зор болған екен деген формула шығаруға болады. Ауыр қылмыстың куәгері ретіндегі Манананың да тұрмыс жағдайының өте жақсы екенін автор оның

тіргендей де әсер берер еді. Бұл шығарма өзінің осындай «қарабайырлығымен» көркем. Әкім Тарази көркем сөз таба алмай қалған жоқ. Ол ондай көркемдеуден әдейі қашты. Шығарманың ширығып тұрған құндылығы да осында.

Мұнда басты кейіпкердің бірі — Андрей. Андрей: «Әй, Әкім, сен шынында да ақылды адамсың. Сен Шыңғыс ханның ұрпағысың ғой, далалықсың ғой, алыстағыны көресің. Мен қалада өскенмін. Көп нәрсені біле бермеймін», — дейді.



ақшасының көптігімен, Мәскеудің қақ ортасында айналасы атшаптырым кең үйі бар екенімен айтып өтеді. Кеңестік саяси жүйенің тағы бір қаруы — осы. Білгенінді айтқызыбайтын «қарудың» мұндай да түрі болған. Шығарманың бұрын-соңды айтылмаған осындай шындықтарды кейіпкердің сөзімен жеткізу тәсілі өте ұтымды екен. Бірақ оның бәрі, саясаттың мақсаттары бадырайып айтылып тұрған жоқ. Бәрі де автор жазған деректердің астарында жатыр. Бұл тұста автор кейіпкерлерінің астарлы сөздерінің терең қабаты не нәрсеге мензейтінін ұғындыра отырып, шығармаға тек соларды ғана арқау еткен. Астарлау детальдары мақсатты жерден дәл шығып тұр. Міне, осындай шындықтарды өзі де білмей айтып қалған Таразидың бұл кейіпкері — өзіне осындай қарудың қолданылып жатқанына қатты намысы келгенімен, одан шығып кететін жолдың тарс жабық екеніне көзі жеткен адам.

Бір Манананың бойында екі түрлі адам бар екенін байқар едік. Біреуі — кезінде адамдарды жындындыру науқанына белсене кіріскен адам, екіншісі — өзі білмей жасаған сол қылмысы үшін азап шегіп жүрген адам. Қайсысы жеңер екен? Екеуі де өмір сүргісі келеді. Бірақ бұл туынды автор қайсысын жеңдіргісі келсе, соған жеңіс алып беретін туынды емес. Бұл шығарманың бір ерекшелігі кейіпкерлері өмірдегі өз есімдерімен және өздерінің бастан кешкен оқиғаларының ішінде жүр. Тіпті автордың өзі де. Мұндай стильдегі шығарманың кейіпкерлері қолдан жасалып, оқиғалары ойдан құрастырылып, автор қалай бұрам десе, солай бұрыла кететіндер емес. Бұлар — авторға ерік бермейтін кейіпкерлер. Автор олардың алдында еріксіз болғандықтан да қалай бар, солай жазып шыққан. Шығармадағы тарихи шындыққа құныққан кезде, оқырман одан әдеби шығармаларға тән көркемдік, әдемі сөздер, қызба-қызыл суреттеулер дегенді іздемейді де. Ал егер ондай әдеміліктер тұрса, тіпті ол оқырманға басы артық нәрсе сияқтанып, кедергі кел-

Андрейдің бұл сөзіне мен оқырман ретінде ерекше назар аудардым. Андрейдің бұл сөзіне қарап, далада туғандардың алыстағыны көретінінің себебін де енді тапқандаймын. Өйткені дала кең. Жақындағыдан басқаға қарамаса, кәдімгі екі көз де алыстағыны көруден қалады ғой. Дәл сол сияқты көкірек те, ой-сана да далада жүріп, алыс қиырларды, ұзақ-ұзақ жолдарды, құс ұшып, қаз қонған өзен-көлдерді, құйын кезген даланы, түнгі аспанның ғажайып көріністерін, айлы түннің тіл жеткізгісіз көркемдігін көріп жүріп, қиялы да алыстарды шарлап, кеңірек ойлауға бейім болатын болса керек. Соны мына қалалық Андрей бір-ақ ауыз сөзімен жеткізіп тұр. «Мен қалада өстім. Көп нәрсені біле бермеймін» дейді. Алысқа қарайын десе, көз де, көкірек те тас үйге барып тіреле беретін жағдайдың қиял әлемін шектейтіні рас болғаны ма? Бұл — Андрейдің өзін далада өскен адаммен салыстыра көруі арқылы көз жеткізген шындығы. Автор оның айтқан талай сөзінің ішінен осы сөздерді әдейі теріп алу арқылы далада өскендердің бойында болатын биологиялық па, физикалық па, әйтеуір, бір ерекшеліктерге қатысты бір шындықтың барына сілтеме жасайтындай.

Автор бұл кейіпкерінің тағы бір қасиетін айтады: Андрей көшеде тұрған милиционер көрсе болды, әй-шәй жоқ, киіп тұрған формасының жез түймесін жұлып алады екен. Бұл не әдет? Автор Андрейдің саяси көзқарасы туралы ештеңе айтпайды. Бірақ осы қылығы арқылы оның өзі өмір сүріп жүрген жүйенің жалпы құрылымына, бағыныштылық деген жүйеге риза еместігін сездіріп жүретіндей. Өзіндік қарсылығын көрсеткендегісі ме екен, әйтеуір, оғаш қылықтарымен басқалардан өзгешелеу адам. Әлде, өзінің немере әпкесі Манананың ауыр тағдырының бір қайтарымы болсын дей ме екен? Ол Манананы ерекше құрметтеді. Адам төзбес мінездерінің бәріне кешіріммен қарады. Ақшасы үшін емес екені анық. Кеңестік жүйе жасаған ауыр қылмыстардың зардабын тартып жүрген

Манана үшін өш алғысы келетіндей. Тұтас бір халықтың сыртқа шыға алмай тұншығып жатқан сол кездегі қоғамдық жүйеге деген қарсылығы осы Андрейдің бойында жүргендей.

Тағы бір деталь — Андрейдің өнері. Бірақ ол ән айтқанда шкафтың ішіне кіріп алып айтады екен. Неге? Оның бұл қылығы — Андрейдің болмысындағы адам бетіне қарап сөйлеуге ұялатын ұяң мінезінің хабаршысы. Егер ол шкафқа кірмей-ақ, отырған орнында отырып айта берсе, автор оның ән айтатыны туралы айтпай кетуі де мүмкін еді. Жалпы, адам бойындағы мінездің небір иірімдері көп жағдайда көрінбей жатады да, осындай бір сәттер де көрініп қалады. Жақсылығы да, жамандығы да. Әкімге Андрейдің басқаларға қарағанда бір табан жақындығының да бір сыры осындай қасиеттерінде жатса керек және өмірдегі Әкім Тарази да кез келген анау-мынауға еріп жүре беретін адам емес. Андрейдің оғаш мінезінің түп төркінінен нағыз ақкөйлек, адамгершілік қасиеттің иесі екенін таниды әрі ежелгі досындай серігіне айналады.

Бұл шығармада Андрей мен Манананың қандай екенін Әкім баяндаса, Әкімнің кім екенін Манана мен Андрей баяндайды. Баяндағанда отыра қалып, айта бастамайды. Біз ол баяндауларды үш кейіпкердің диалогынан табамыз. Бұл туынды: «Он бес республикадан жиналған отыз екі тыңдаушы Мәскеудің Воровская көшесінде екі жылдық курсқа келіп оқи бастағанымызға он бес күндей болған», — деп басталады. «Осы он бес күннің ішінде маған іш тартып, мені жағалап өзі танысып, сөзге шақырып, үзіліс кезінде кофе ішіп жүрген жана танысым Андрей Вердиян мен Арик Агабабов деген жігіт еді», — дейді автор. Арик Агабабов Әкімге «Шыңғыс ханның ұрпағы» деген ат тағып қойған. Андрей Әкімнің әр қылығына риза болған сайын: «Шыңғыс ханның ұрпағысың ғой» деп, оның сөзі мен мінезінің астарынан арғы тарихтың көрінісін тапқандай болып жүреді екен. Өзіңді білмесе де, ұлтыңды білу арқылы сыйға бөлену үлкен мақтаныш емес пе?!

Туындының негізгі діңгегі болып тұрған Манананың: «Сен, Аким, мынау шалапайға сене берме. Бұл ақымақ. Бұл алысқа бармайды. Бірақ сен осы Андрейден көз жазба, бірге жүр» деген сөздерінен оның Әкімді бір көргеннен-ақ өзіне жақын тұтып қалғанын көрер едік. «Мынау шалапайға сене берме» деген сөздерінен екеуін салыстыра қарап, өз бауырынан әлдеқайда озық тұрған қазаққа деген бағасын көрер едік және інісіне: «Андрей, енді сен келген сайын өзінмен бірге Акимды алып келетін бол. Егер Акиммен бірге келмесең, мен саған көк тиын бермеймін, түсіндің бе?» — дейді. Мынадай достан айырылып қалмаса екен деген бауырмалдық жатыр бұл сөздерде.

Манана өзінің ең соңғы хатын да Әкімге арнапты және Голощекиннің телефон нөмірін қалдырыпты. Ол алдыңғы кездесулерінің бірінде Әкімге: «Мен сені Шая Ицхаковичпен таныстырамын», — деген еді. Бірақ оған үлгермеді. Сол кездегі жап-жас Әкім де Голощекин деген адаммен танысуға құштарлық таныта қоймаған болар. Өйткені қазақты қырғынға ұшыратқан осындай адамның болғаны турасында біздің тарихтың беті тастай болып жабық тұрған және оны айтуға болмайтын кез еді. Дегенмен Манананың соңғы хатын оқып тұрған Әкімнің «Голощекин деген сөзді бірнеше рет қана әкемнің аузынан естіген едім» деп жазғанын оқып, сол кездің өзінде

ол туралы сыбыр-сыбыр әңгімелер жүре бастағанын байқар едік.

Автордың баяндауынан біз қазақ баласын көрген сәтте Манананың ішкі әлемінде дүр көтерілген дауылды байқадық. Сол күндердің сұмдығы есінен кетпей жүрген Манананың қазақ баласын, яғни Әкімді алғаш көрген кезде санасы хаосқа айналып жүре берген сияқты. Баяғы өзі укол салып, жындыландырып жіберген адамдары мына жап-жас, келбетті қазақтың, яғни Әкімнің кейпінде тіріліп, қарсы алдынан шыға келгендей. Тіпті Манана дәл осы сәттен бастап адам кейпінен адасып қалып, адам сияқтылардың жапан даласына лақтырылып тасталғандай кейіпке енді ме екен?! Оның бойындағы кәдімгі адамға тән қасиеттердің бәрін баяғы өзі салған уколдары жан-жақтан талап, улы құмырсқалардай жапырлай бас салған сияқты. Автор өзінің осы кейіпкерін бір көргенде оның тек біртүрлі екенін байқағанымен, оның өз құрбандарының кебін киген, есаландау, бақытсыз қалпын әрбір қиымылы мен сөзі арқылы жеткізген екен.

Автор асылып тұрған Манананың аяғында табаны балшық-балшық етігі болғанын және «ас бөлменің төрт бұрышында сол балшық етіктің іздері қалғанын» жазады. «Бір ғажабы, қарама-қарсы екі қабырға кемінде жиырма-жиырма бес мәрте етік табанымен тебілген» дейді автор. Бұл Манананың жан арпалысының таңбасы дер едік. Сыртқа атыла шығуға жанұшыра ұмтылғанымен, кек пен ызаның шығып кетер есігі жоқ еді. Тағдырын тепкілегені шығар. Автор осы көріністерді де бекер жазып отырған жоқ. Кейіпкерінің өлер алдындағы жағдайын көп сөзге созбай-ақ, қабырғада қалған етіктің іздерімен айтқан екен. Із деген де керемет қой. Оның да айтары көп. Бұл етіктің іздері Манананы азапқа салған свастикадай үрейлі екен.

Зерттеушілердің айтуынша, ішкі өкініш, өзін кінәлі сезінудің ауыртпалығы «бұл — іште ырылдап жатқан алып құбыжық тәрізді, не кетпейтін, не тынышталмайтын дүниядың ең жабайы да жыртқыш аң тәрізді» дейді. Автор мына етіктің іздерін баяндау арқылы оқырманға «не кетпейтін, не тынышталмайтын дүниядың ең жабайы да жыртқыш аңмен» Манананың қалай айқасқанын сипаттап отырғандай. Бұл да автордың көркем шығарма жазудағы қысқалықты нұсқаған өзіндік тәсілі дер едік.

Біз жап-жас халық едік негізі. Бірақ бізді 70 жыл бойғы рухымызға жасалған эксперименттер шаршатып кетті. Дегенмен біз әлі де тынбыз және соңғы ширек ғасырда жақсы тынайып қалдық. Қай халық жоспарлы түрде қырғынға ұшыратылған болса, ол — аса дарынды халық болған деген сөз. Өзінен асқан дарындылардың көзін жойғысы келетін жойымпаздық науқаны — соның дәлелі. Егер де ол тумысынан мал сияқты халық болса, билік оларды қырып-жоюға қаржы жұмсап не қылады?.. Мен біздің қазақтың қандай қырғынға ұшырағанынан қазағымның қандай батыр да қасиетті, дарынды да алғыр халық болғанын және қазір де сондай халық екенін болжаймын. Ал кей жағдайда еріншектігімізді, көнбістігімізді, ұйқышылдығымызды сол уколдардың генге тарап кеткен және әлі күнге дейін әлсіз де болса, күшін байқатып қоятын әсері ме деп те ойлап қалам.

Қысқасы, бұл шағын ғана әңгіме-эсседе әлі де таусылмайтын әңгіме бар.



Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ,

жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Адам деген бала кезінде көрген-білгенін өмір бойы ұмытпайды ғой. Бір күні Амангелді деп аталатын ауылымның батыс жақ шетіндегі клубтан «Арман-атаман» деген киноны көрдім. О кезде фильмнің атын ғана білеміз. Ал сценарийін кім жазды, режиссері кім, тіпті актерлерінде де шаурамыз жоқ. Ең бастысы, кино қызық болса, болғаны.

«Қызық» туралы түсінігіміз де — «қызық». Соғыс, атыс-шабыс, ұрлық-қарлық, сосын... күлкілі нәрселер, біз — балалар үшін «нағыз қызықтың» өзі болатын. Содан ба, көбіне DEFA (ГДР) киностудиясының үндістер жайлы фильмдерін көргіміз келіп тұратын. Бірақ сол күні киномеханик көкеміз Келдібек «Арман-атаман» деген киноны (сценарийдің авторы Әкім Тарази, режиссері Шәріп Бейсембаев екенін, ал рөлдерде Архимед Ысқақов, Мұхтар Ишмухамедов, Мұрат Әбусейітов, Сапар Базарбаев, Мұхтар Бақтыгереев, Кәукен Кенжетеев, Бикен Римова, Лидия Аиравалар ойнағанын кейін білдім. Киноны «Қазақфильм» киностудиясы түсіріпті) көрсетті. Шыны керек, сол жылдары қазақ балалары туралы тамаша кинолар экранға бірінен кейін бірі шығып жатты. 1963 жылы «Менің атым Қожа» дүниеге келсе, сол фильмнің ізін суытпай, 1967 жылы экранға жолдама алған кинокартина Әкім ағаның «Арман-атаманы» еді.

Одан бері қаншама жыл өтті. Көбісін ұмытыппын. Есімде қалғаны — Арман мен Теміртон деген балалардың есімі. Киномның «қызығы» мұнымен бітпейді, «қызықтың» көкесі қолыма «Арман-атаман» деген кітап түскенде болды. Балалар туралы кітапты керемет жақсы көретінмін, бас алмай оқып шықтым. Мұқабасына үнілсем, Әкім ағамның аты-жөні тұр. Міне, менің жазушы ағаммен алғашқы таныстығым осылай басталған.

Тура күні кешегідей есімде, Жамбыл облыстық «Еңбек туы» (қазіргі аты — «Ақ жол») газетінде тілші боп жүрген кезім болатын. Бір күні түскі астан соң тамақ басып, демалайын деп редакцияның алдындағы фонтанға бардым. О кезде күндердің күнінде «субұрқак» деген сөздің пайда болатынын ойламақ тұрмақ, түсімде де көрмеймін. Барсам, бір орындықта аспанға атқылаған суға қарап Әкім аға отыр. Ағаның повестері мен әңгімелері газет, журналдарға басылған сайын қасына ақ водолазка киіп түскен суреті жарияланатын. Содан танып алғам ғой, қасына имене басып бардым да, «Ассалаумағалейкүм» деп қос қолдап сәлем бердім.

Әкім ағаның бір нүктеге басын бір жағына қисайтыңқырай қарап, ойланып отыратын әдеті бар екен. Алматыдан келген атакты жазушыға бірінші рет сәлем беруім. Құр сәлемдесе салмай, баяғыдағы бала көңілімде қалып кеткен «Арман-атаман» туралы айтқым келді.

— Аға, сіздің «Арман-атаманыңыз» маған қатты ұнады.

Бетіме байыппен бір қарап алды.

— Рақмет, қайда жұмыс істейсің?

— Мына, «Еңбек туы» газетінде, — Желке тұсымдағы газет редакциясының ғимаратын көрсеттім, — тілшімін.

— Ә, жақсы екен. Үлкен журналист, жазушы бол, айналайын!

Сосын жымыды. Мен өзімнің балалар туралы кітаптарды жақсы көретінімді айтып жатқам бұ кезде.

Кейін білдім, ағамыз облысқа шығармашылық іссапармен келіп, басқа да шараулары болуы керек, облыстық газет редакциясының дәл қасындағы «Жамбыл» қонақүйіне аялдапты. Бұл, шамамен, 1987 жыл-ау.

Бір күні редакциядағы басшымыздың бірі Бақтияр Әбілдаев ағамыз:

— Жігіттер, Әкім ағаларыңның бір жақын ағайыны қайтыс болыпты. Барып көңіл айтайық. Қаза болған жерде жастардың қол күшінің көмегі де керек, оны да ұмытпаңдар, — деді.

Шағын аудандардың бірі екен, біз барған кезде аулаға киіз үй тігіліп, мәйітті

сараң ғой.

Сосын..

— Мен Шерхан Мұртазадан бір жас кіші болсам да үнемі «Шераға» деп құрмет тұтамын. Шераға алдымда мұз жарғыш кемедей өмірдің дауылына қасқайып қарсы жүрсе, мен кішкентай қайықтай ылғи сол кемеңнің ығында жүремін, — деуі де азаматтық үлкен сөз болды. Асқар шындай ағасына деген ол сөзден Әкім аға биіктей түспесе, кішірейіп қалған жоқ, әрине.

Әкім ағаны соңғы рет Алматыдағы Орталық мемлекеттік архивтен кездестірдім. Өзін емес, сөзін. Асыл ағаның бұл кезде тоқсанға келген кезі.

Көктен іздегенім жерден табылғандай сөзге қуанып, құныға үнілдім. Тақырыбын «Соңғы сокқы» — алғашқы қарлығаш деп қойыпты. Құжаттар ішінде оның «Соци-

ПАРАСАТ ЖАҒАЛАУЫ

содан шығару туралы сөз боп жатты. Ақ сәлделі молда да жүр. Бір жігіт әңгіме үстінде мәйіттен қорқатынын айтып қалып еді, Әкім аға:

— Жігіттер, өлген адамдардан қорықпаңдар, олар сендерге ештеңе істемейді. Қорықсаңдар, тірі адамдардан қорқыңдар, — деді байсалды қалпымен.

Әкім ағаның осы сөзі есімде мәңгіге қалып қойды. Сосын жұмыс істеп жүрген жігіттерді көтермелеп: «Ой, сайдың тасындай екен бәрі де!» — деп жігерлендіріп отыратын әдетін де байқап қалдым.

Әкім ағама Шерағаның сексен жылдық мерейтойына келгенде тағы да сәлем бердім. Сахнаға көтерілген ағаның сөзін аузынан шыққанын-шыққанша түртіп алу үшін, қағаз-қаламымды дайындап, құлағымды да түріп отырдым. Әкім аға сонда сахна төрінде тұрып Шераған туралы бұй деді:

— Токсаныншы жылдардың соңын ала АҚШ-қа жолымыз түсті. Нью-Йорктің көкке ұмсынған зәулім ғимараттарының бірі — Эмпайр-Стейт-Билдингтің (мұнараның атын орыс тілінде «Дом Имперского Штата» деп аударуға болады дейді) ұшар басына шығарды. Сол зау биіктен төмен қараған мен төмендегі адамдардың жүрісін тырбандап бара жатқан тасбақаларға ұқсатып, бұл «қызықты» Шерхан ағам Мұртаза да көрсін деген оймен:

— Шераға, мына жерге келіп төмен қараңызшы, көшенің шетіндегі жолмен кетіп бара жатқан адамдар тасбақалардан айнымай қалады екен, — деп қасыма шақырдым.

Төмен қарау үшін Эмпайр-Стейт-Билдингтей төкәппардың биігіндегі алаңның шетіне жақындау керек. Мұндай тәуекелді көңілі хош көрмеген және АҚШ штаттарындағы бірмен-бірі таласқан неше түрлі ғимараттарынан да асқак Тәңіртауды ғана мойындайтын Шерағам сонда:

— Әй, Әкім, көрсен, өзін көре бер, мен пенделердің тасбақа сияқты тырбандап жүргенін көргім келмейді. Мен адамдардың кеудесін керіп, өр мінезімен оқшауланып, әрқашан қасқайып, тік жүргенін көргім келеді, — деп әдемі қалжынымен бірге өзінің өмірлік ұстанымын да білдіргендей болды.

Сонда... сахнадағы сөз сөйлеп тұрған жазушыға қарап отырып Шераған туралы ақиқатты ішіне бүкпей, халқына шын пейілімен жеткізген Әкім ағам да ер екен деп ойлап едім. Басқалар болса, мұндай мадаққа



листік Қазақстан» газетіне жарияланған қиындысы да жүр. Машинкаға терілгені де сақталыпты. Детектив жанрының шебері Кемел ағаның өмірі мен шығармашылығы туралы ізденіп жүрген адамға бұдан артық қандай олжа керек.

Әкім аға сөзін: «Іргесін кеңге жайған үлкен әдебиеттің барлық жанрлары бірге дамып, қаз-қатар толыса түсетіні анық. Біздің назарымызға іліккен «Соңғы сокқы» романы қазіргі қазақ әдебиетінің ауқымы кенейе түскенінің тағы бір айғағы. Өйткені ол — әдебиетімізде кенжелеу дамып келе жатқан детектив жанрында жазылған алғашқы роман.

«Соңғы сокқы» — тарихи детектив. Онда сонау дүрбелен кезеңнің шытырман оқиғаға толы бедерлі суреттері бар. Жазушы Кемел Тоқаев бұдан бұрын да осы жанрда еңбек етіп жүрген қаламгер. Сондықтан да оның өзінің алғашқы романының сюжеттік желісіне советтік Жетісу жеріне қауіп төндірген Дутов бандаларын жою тарихының күрделі оқиғасын алуы да жазушы творчествосының жаңа сатыға көтерілгенін хабар береді» деп бастапты.

Тұшына, тамсана оқып шықтым. Әкім

аға ары қарай: «Жазушы, ең әуелі, сол дәуірдің шындығын көрсетуге мұқият қараған. Ауыл мен станица, қала мен дала, оларды жайлаған адамдар — бәрі-бәрі де ешбір әсірелеусіз қаз-қалпында көрсетілген. Колдан бағы тайса да қарсыласып қалуға даяр бай-қулақтар, Совет өкіметіне қарсы жанкешті күрес ашып жүрген Дутов әскері, әлдеқалай болады деп екі жаққа бірдей жағынып жүрген саудагерлер — бұлар таразының бір басы да, екінші жағында — революция жауларына қарсы күресте әбден шындалған Қасымхан, Давыдов сияқты Жаркент уезінің басшылары, олардың сенімді серіктері Махмуд, Мұқай, Жүсіп, Ахметтер, сонан соң өз өкіметі үшін жанын пиде етуге даяр ел қазақтары мен станица орыстары. Бұлардың сыртында басқаға пәле іздемей, өз жайын өзі күйттеп жатқан момын ел тағы бар. К.Тоқаев романында оқиға да, сол оқиғаларға қатысар кейіп-

керлер де қыруар. Бірақ роман жүзінде суреттелетін әрбір оқиға Дутовтан кек алар сәтке өтер өткел сияқты болып көрінеді», — дейді.

Есіме бірі аға, бірі іні болып, достығы мен әзіл-қалжыны жарасқан екі қаламгер Кемел Тоқаев пен Әкім Тарази келді. Әкім ағаның Кемең кітабына жазған рецензиясынан бөлек, «Қарт Қожақ» атты досы туралы жазған естелігі де оралды. «Кемел аға Тоқаевпен біз үнсіз табыстық. «Сарғабанда болған оқиға» хикаясын оқыдым. Ұнаттым. Ұнатып қана қойғам жоқ, таңғалдым. Шытырман оқиғалы шымыр шығарма екен. Шыжғырған май жұтқандай жүректі айнатытын трафареттен мезі боп жүрген кезім. Қарапайым да көркем тілі жуас өзеннің ағысындай алысқа қарай, ой, пікір, парасат жағалауына қарай тарта береді екен...» — деп төгілтеді ағамыз. Тағы бір жерінде: «Жарты жылдай жақсы араласып, қыр-сырын ұққандай болған кезімде Кемел ағаға «Қарт Қожақ» деп ат қойдым. «Ер Тарғын» жырындағы Қарт Қожақ. Кемел ағаның сырт келбетін, жан дүниесін жыр кейіпкеріне ұқсаттым», — депті. Әкім ағаның досы, ағасы жайлы бұл естелігін оқу керек. Толық оқымасаң, Әкім ағаның

досына деген сағынышын, құрметін, жанашыр інілік ізетін сезіне алмайсың.

Сексенінші жылдары ғой, «Қазақ әдебиеті» газетіне Әкім ағаның Шығыс Қазақстан облысына барған сапарынан бір дүниесі жарқ ете қалды. Сол сөзінде Әкім аға Талаптан Ахметов деген жас жазушыны таппқанын, әңгімесін оқып, ұнатқанын айтып, жазушылар ауылына қуана қар салғаны бар. Әкім ағаның сүйінішке толы бұл сүйініші сөзі — Талаптан достың әдебиеттегі тұсауын кесті, жолын ашты. Жазушылық деген ауыр жолдағы өзіне деген сенімін оятты. Айтайын дегенім, Әкім ағаның жүрген жерлерінде талантты жастарды іздей жүретін жақсы әдеті де бар болатын.

Ағамыздың «Қарапайым да көркем тілі жуас өзеннің ағысындай алысқа қарай, ой, пікір, парасат жағалауына қарай тарта береді екен...» деген Кемең арнаған сөзін бүгін өзіне қарата айтқым келіп отыр. Әкім аға да біздің буын үшін суы тынып аққан терең өзеннің шүйгіні мол, саялы жағалауындай еді.



Ұларбек
НУРҒАЛЫМҰЛЫ

Кейде ойлаймын: «Әй, мен со-нооу Алтайдың ар жағында қой қайырып жүрген бала едім ғой...» деп. Бұл ой әр кезде келе берме-се де, «осы мен классик жазушы Әкім Таразиге шәкірт болдым-ау» дегенде ылғи да бір соғып өтеді. Ал Әкім Таразиге қазақ жазба прозасының негізін салушылар-дың бірі Ғабит Мүсірепов ұстаз болған, аға болған! Ойпыр-ай, сонда қалай боп кетті?! Осы тұста қопаңдап қалам, «әй, енді жақсы шығармалар жазу керек, отыру керек!» деп оңашада өз-өзімді қамшылап қоям.

Тоқсаныншы жылдары Қытайдағы қазақтарға Қазақстаннан «Орамал» деген кітап барды. Қазақтың таңдаулы жазушыларының бір-бір шығармасын енгізіп, арнайы құрастырған. Әкім Тарази есімін алғаш сонда оқыдым. «Қызыл сиырдың құны» деген қызық әңгімесі болды.

Кейін Алматыда Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясынан көрдім. Магистранттардың ғылыми жұмысын қорғау жиналысына келіпті. Ұстаздар, студенттер қаумалап амандасуға мүмкіндік бермеді. Ол кезде олар қайдан білсін, бір кездері менің де Астанаға барарымды, әйгілі Таразидың өз сөзімен айтқанда «сүйікті шәкірті» атанарымды. Том-том романдарын оқып, түнімен дөңбекшіп ұйықтай алмай жататынымды, жазатынымды. Ол кезде олар қайдан білсін, жазушы, драматург Роза Мұқанованың шайын ішіп, үшеуден-үшеу әдебиеттің әңгімесін айтып отыратынымызды. Үшеуден-үшеу қала сыртына шығып биебаудың басында сағаттап саумал ішіп отыратынымызды.

Астанаға келген соң біраз жыл өткенде мен де магистратураға оқуға түскім келді. Қабылдайтын ұстаз Әкім Тарази екен. Соны естігенде, шынымды айтсам, жүрексіндім. «Ол кісімен сөйлесу қиын» деген әңгімені де құлағым шалған. Барғым келмей біраз жүрдім. Ақыры бардым. Қазіргі Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінде ізденуші, талапкерлермен әңгімелесу жүріп жатыр екен. Әкім ағаның алдына біраз адам жиналып қалдық. Қаздай тізіліп отырған бізге асықпай бір барлап қарап шықты да: «Ал өздеріңді таныстырыңдар», — деді. Менің әзірге сөйлегім жоқ. Бұғыныңқырап отырмын. Таныстыру басталды. Отырғанда бірінен соң бірі орындарынан тұрып аты-жөні, туған жылы, оқыған мектебі туралы тапқа айтқандай зулата жөнелді. 5-6 адам бастауыш мектептің баласындай өздерін таныстырып шықты. Үйленген, балалы-шағалы мен үшін мына жаттанды таныстырулар бір түрлі оғаш көрінді. Тіпті олай айту мен үшін ынғайсыз сезілді. Содан кезек өзіме келгенде орнымнан тұрып, сөздің біссімбілесін: «Мен аңшының баласы едім...» — деп бастадым. Селсоқ отырған Әкім аға қарап қалды. Қарап қалғанда мен де іркіліп қалдым. Көзі сондай өткір екен. Сөйтті де «Мен сені қабылдаймын», — деді. Мен де аң-таң, айналам да аң-тан! Әлдене айтқым келіп, қипақтап едім, «Отыра бер», — деді.

Сөйтіп, оқуға түстім. «Мен сені неге ұнаттым, білесің бе?» — деді алғашқы сабақтардың бірінде. «Жоқ», — деймін мен. «Әдебиетке әдебиеттен келетіндер болады, әдебиетке өмірден келетіндер болады. Қазір сонғысы азайған. Сен сол аздың бірісің», — деді.

Әкім аға сабақ барысында ұзақ әңгімелеседі. Бірақ ешқашан ұзынсонар әңгіме айтпайды. Бізді көбірек сөйлетеді, тындайды. Содан өз әңгімемізді өзімізге сараптатады. Бір қызығы, өзінің ұлан-ғайыр шығармашылығы туралы айта бермейді. Өз шығармаларын «оқындар» деп те айтпайды. Ал менің Тарази шығармаларын оқуым күтпеген жерден бас-

талды. Кішкентай ғана әңгіме еді. Онда бір ақсақалдың әрекетінен қазақ ақсақалының отағасы ретіндегі биік образы алып таудай, асқар шындай көз алдыма келе қалды. Сол әңгіме туралы жазғым келді. Содан бір ғана әңгіме емес, тағы бір-екі шығармасын оқып көрейін деп «Тасжарған» романынан бастадым. Содан не керек, өзгеше бір уақытқа сүңгітім де кеттім. Ары қарай бірінен соң бірін оқып, Әкім Тарази әлеміне тартыла бердім.

«Тасжарған» романындағы Кеңес үкіметінің китұрқысына ішкі қарсылығы қабында өзін қоярға жер таппай аласұратын

КЛАССИКТИҢ САБАҒЫ

бас кейіпкер Омардың алай-дүлей жан дүниесін, қыспақ қоғамның қысасын көрген сайын күйіп-жанып өршеленген көңіл күйін, Маңғыстаудың үстінен ұшып бара жатып: «Маңғыстау — қазақтың бет-ажары десек, жүзінді заманалар оспасы, заманалар камшысы осып-осып тіліпті-ау, елім...» — дейтін зар-запыранын жаныммен сезіндім. Автордың өзі жанымда отырып құлағыма сыбырлап отырғандай әсерден шыға алмай қалдым.

«Қорқау жұлдыз» романындағы сырты сондай қазақы, сырты сондай әдепті көрінген мектеп директоры Сәрсенбайдың Кеңес идеологиясы қара тырнағының ұшына дейін сіңіп кеткен бейнесін, сырты аңқау көрінгенімен, қос құлағын бітеп қойсаң да саясаттың сыбырын естіп, соған қызмет ету жолында адам баласын аямайтын кейіпін аршып тұрып ақтарып бергеніне қайран қалдым.

Сонда бүкіл мектепте көзтүрткі болып қуылып жүрген Тұнқатар деген мұғалім жігіт бар. Оның бар жазығы — сабақты басқаша өтетіні. «Сен неге басқа мұғалімдермен бірдей методпен өтпейсің?» — дейді күндіз-түні бақылаушы қойған мектеп басшылығы. Сонда Тұнқатар айтар еді: «Оқулық бірдей, бағдарлама бірдей, адам мінезі әртүрлі ғой, метод деген мінез емес пе, мен қалай басқарарша өте алам?» — деп. Романның басында сондай мәдениетті, сондай жақсы көрінген мектеп директоры Сәрсенбайдың сол Тұнқатарды қорлағанын, ақыры соттатып тынғанын, сол соттан шығып бара жатып, қаладан ауылға келіп мұғалім болып жүрген, Тұнқатарды сондай құрметтейтін, сондай жақсы көретін Лима деген қыздың орнынан сүйретіліп тұрып, бір шелек бензин сатып алып, үстіне шылқылдата құйып сіріңкені тартып жібергенін, лаулап жанып көшеде кетіп бара жатқанын...

Сол Лиманы Сәрсенбайдың сондай сұрықсыз, мұрттын шайнап сөйлейтін есалаң інісі Арасанбай әйел қылып алып, оны ұрмай-соқпай, түнімен мысықша миаулап, есікті тырмалап, етіне таңба түсірмей сабап (есалаң болғанымен заңды біледі, «Әкелің ұрсаң, арызданса, соттап жібереді дегеннің бәрін біледі») жындандырып жібергені өз алдына бөлек әңгіме. Сонда Лима талмаусырап жатып жұлдыздарға қарап лағып сөйлейтін. «Маңайындағы мың-сан сәулелерді жұта беретін тойымсыз қара жұлдыздар...» — дейді. Қорқау жұлдыз — қорқау қоғам. Лиманы да жұтып әкетті. Аппақ гүлдей Лима қыз өртеніп кетті... Тұнқатар түрмеге...

Бұл 1987 жылы жазылған роман. Біз «1986 жылы Қонаев кетті, Колбин келді, соған жас-тар қарсы болды» деген ақпаратты ғана білдік қой. Ал мына роман стандартқа сыймайтын адам табиғатының соншама қысасқа түскенін, шырға-шырға шегіне жеткен қоғамдық психологиялық халін жеріне жете қалай жеткізген, қалай?! Проза, көркем шығарма құлағына сөйлемейді, жүрегіне жеткізеді. Айқайламайды, сенің ішіндегі айқайды көтереді.

Бірде Әкім Таразидың кітаптарының тұсаукесерінде жазушы Төлән Әбдік сөйледі. «Бір нәрсеге қайранмын, осы Әкім ағамның шығармалары сол кездегі цензурадан қалай өтіп кетті екен?» — деді. Рас, қалай өтіп кеткен? Бірде Әкім ағадан мен де сұрағам, «Соны өзің ізденші...» — деп сынай қарап біраз отырған. Сосын «Мен басшылық қызметте жүрдім ғой, партия мені «біздің адам» деп ойлайды ғой,

сосын мен көбінесе шығарманың басын барынша тартымсыз қылып жазам әдейі, «қырағы көздер» біраз оқып, жалығып, түк түсінбей тастай салса деймін. Солай болды өзі, ал бірдене байқап жатса, бұлтарып шығар жолдардың ұшығын шығарып қою да керек», — деді.

Анау бір «2 999 999+1» деген әңгімесін оқығанда төбе шашым тік тұрған-тұғын. Кеңес үкіметі құрыла сала «елді тендікке жеткіземіз» деп Торғай өңіріне барып, елді асырап отырған, жұртқа сыйлы бір байдың жас әйелін «жас, сұлу кедей қызды бай дүниесімен сатып алған, әйел тендігін орнатамыз» деп айдаладағы



танымайтын жас жігітке қосып, оларды Кеңес үкіметінің арқасында ғашығына қолы жеткен жандар етіп көрсетіп, бір ақынды жалдап поэма жаздырып, оны Мәскеуде шығатын таралымы ең көп газетке бастырып кетеді бір үкімет адамы.

Қош деңіз, 1931 жылы аштықта сол өңірге әлгі үкімет адамы тағы барады. Ел қырылып қалған. Өліктерден арбаның аты үркеді. Сөйтіп, бір иен тамға кірсе, көзі қып-қызыл боп қанталап кеткен біреу адам етін жеп отырады. Таниды. Баяғы «ғашығына» қосып кеткен жігіт. Алдында әйелінің басы жатыр. Бағыда бұған «ғашығы» деп тартып алып берген байдың әйелі. Екі төсі баланың жұдырығындай болып екі бөлек жатыр...

Үкімет адамы жігітті алып шығады. Арбаға мінгізеді. Ауыр ой үстінде келе жатады. Жүйкесі сыр береді. Жынданып кететіндей сезінеді. Әлгі жігіттен қорқа бастайды. Бір кезде әлгі жігіт: «Дүзге шығам», — дейді. Арбадан түсіп, ары қарап шаптырып тұрады. Үкімет адамы сыртынан қарап тұр. Тапаншасын қолына алады. Ішінен: «екі миллион тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың тоқсан тоғыз қазақ қырылып қалғаны ескім жоқтамағанда бір сені кім жоқтамақ, ит!» — дейді де шүріппені басып қалды...

«Адамзат тарихындағы аянышты эпизод» деп жазып едім осы әңгіме туралы. Бұлардың бәрі Тарази шығармаларынан шөла сөйлегендегі, жорта кешкен ой, желдей соғып өткен сезім ұшқындары ғана деп білініз.

«Күлтай жеңешем мен Александр Солженицын» дейтін шығармасы... Автордың алай-дүлей көңіл күйі... Шығарманы жазып отырып тоқтатып қойып қиналғаны... Таң алдында досы Қалиханға телефон шалғаны, екеуі Қалиханның бақытсыз балалық шағын айтып мұңдасқаны... Александр Солженицынның қазақ туралы айтқан кесірлі сөзіне кейіндері, жабырқағандары...

Жазушының 90 жас мерейтойы өтті. Халықаралық ғылыми конференция өтті. Жазушылар, ғалымдар сөйледі. Роза апай Ұлттық кітапханадан Тарази залын дайындады. Оған өзінің кітапханаға берген кітаптары, қолжазбалары, жеке заттары тап-тұйнақтай қойылған. Соны көріп риза болды. Ескі естеліктер алдынан адамдай тіл қатып шыққандай, әр қайсысымен сырласқандай күй кешкені көрініп тұрды. Мүмкін бізді де сондай бір толқынысты ойлар шарпыды. Жиыннан соң үйіне дейін бардым. Отырып шай іштік. «Жүректерім, жандарым, бәрі қаумалап...» — деп қалың оқырманына, Роза апайға ризалық айтып

отырды. Сайын досынан бастап өзге де достарын айта береді. «Достарымның бәрі кетті ғой», — деді. Мұнайып қалды. «Олар да осындай сый-құрметті көрсетсе ғой» дегендей бір сезім кешті, бәлкім. Түк сөйлегім келмейді. Жүзіне қарасам, қаншама кейіпкерлері есіме түседі, қазір ғана алдымда томашадай болып отырған Таразидың тұла бойынан өткізген, жанын езіп, жүрегінен сығып шыққан кейіпкерлер...

Иә, «Москва — Баласаз» деген романындағы бас кейіпкердің образы сұмдық қой! Долданып кетсе, бүкіл ел қорқатын сол жігітке кәдімгі башылар, шенеуніктер киетін костюм, галстукты көрсетсең, жынын алған бақсыдай жым бола қалады. Үкіметтен өлердей қорқады. Сол бас кейіпкердің күйі Кеңестік саясат үрейін алып қойған қазақ хәлі емес пе, қандай аянышты еді...

Соның бәрін жүрегінен өткізген, соның бәрі туралы ауыр бұлттай ой кешкен, соның бәрін ақ қағазға түсірген Тарази! Белгілі бір заман аунап түскенде ол заманды жамандап айта беру кімнің қолынан келмейді. Ал соның ішінде жүріп, сол уақыттың өзінде айта білу... қандай ерлік, қандай жүрек, қандай парасат керек оған!? Біздің кейде «сол уақыттың қаламгерлері сол саясатты жырлады ғой» деп үстірт тон пішіп, бәрін білетіндей шөлақ қайырып отыратынымыз бар ғой. Сонда ішіне, астарына үңіліп оқымаймыз ба, қалай? Қазақ қаламгерлерінің тар заманда тапқан амалы, айла-тәсілі қаншама шығармаларында демін ішіне тартып әлі жатыр.

Әдебиет әлемінде түрлі жазушы болады. Бірақ құрыштан құйылғандай, дәуірдің, уақыттың кейіпкерін сомдайтын суреткерлер көп болмайды. Сол аздың бірі — Тарази! Мың адамның бейнесінен мың адамның қасиетін бойына сіңірген бір адам жасап шыққандай шеберлік керек кейіпкер жасауға! Таразидың бір ғана Кірпішбайының өзі миллион адамның бейнесін бір өзіне сіңірген бір кейіпкер емес пе?!

Тарази шығармаларын зерделей оқыған адам әсіресе сабет үкіметінің ішек-қарнын ақтарып отырады. Ұңғыл-шұңғылын түгел кезеді. Адам санасына не арқылы қандай өзгерістерді енгізгенін көзбен көріп отырғандай күй кешесің.

Бірде әңгімелесіп отырып баласы Алпамыс туралы сұрадым. «Қалай тәрбиеленді?» деймін ғой баяғы. Бір оқиға айтып берді. 5-6 сынып оқитын кезі болса керек, Алпамысты мектептен алуға барса, Алпамысқа екі-үш бала жабылып төбелесіп жатыпты. «Дуалға жасырына қалдым», — дейді Әкім аға! «Өзі төбелессін, өзі жеңсін, жеңе алмаса, таяғын жесін» дедім, бір кезде әйтеуір үшеуінің бетін қайтарды. Етек-жеңін жинап қақпаға қарай беттегенде түк көрмеген адамдай алдынан шықтым, жағдайын сұрап едім, ол да ештеңе болмағандай: «Бәрі жақсы», — деді. Сол кезде «е, е, е азамат болған екенсін» дедім» дейді. Атақ-абыройын салып баласына жастайынан жәрдемдесіп жататын ата-аналарды ұната бермейтін. «Уақытша жеңіс әпергендей болады, ал өмір қатал ғой...» — дейтін.

Кейде Әкім аға биік таққа мініп алып мынау өмір-тіршіліктің үстінен қарап отырғандай әсер беретін. Бәрін түсініп, бәрін кешіріп, сабырмен, салмақпен, аса бір үлкен әкелік қамқорлықпен! Сол биік таққа жоғарыдан келіп отыра қалған жоқ қой, жоқшылықты да, тоқшылықты да, достық, сатқындық, аярылқын бәрін көре жүріп, өзегінен өткізіп, санасында сараптап, сан алуан кейіпкерімен қағазға түсіріп, әбден толысып, енді тек сол биік тұғырдан жұртының тілеуін тілеп отырған даналық дәуірін көргендеймін.

Әр сөз, әр батасында тұтас қазақтың, ізгі ниеттегі күллі адам баласының, жер шарының амандығын тілеп отыратын. Жаттанды, ұй-қасты бата емес, әр сөзді өзінің жүрегінен суырып шын тілейтін. «Е, Жаратушы Ием, қазақ деген момақан халқымды жарылқай гөр!» деп жалбарынатын. Енді сол шексіз сүйген халқы, қалың оқырманы «жаны жәннатта болсын» деп дұға қылады.

Халқының ауыр кезеңдерден өтіп жатқан тұсында қолына қалам алып, қазақтың күллі болмысын бойынан өткізе, жан дүниесін тербете отырып қағазға түсіру қандай қиын?! Әкім Таразидей ұлы ұстаздан, классик жазушыдан сабақ алған шәкірт, ынталы оқырманы ретінде мен соны қапысыз сезіндім. Бұл алды-артын андай қоймаған, бір кездері қорқа-қорқа алдына келген шәкіртке классиктің сезіндірген сабағының бір парасы ғана...



Айтбай
СӘУЛЕБЕК

СЕН АМАН БОЛ

Шырын ба едің?
Жұпар иісі аңқыған,
Жырым ба едің?
Шалқар көлдей шалқыған.
Құштарлықпен бал ерніңді өпкенде,
Рахат сезім иірімінде балқығам.

Күнім бе едің?
Шұғыла-нұры төгілген,
Түнім бе едің?
Ай сәулесі көрінген.
Қуанғаннан теңіздейін толқимын,
Өмірімсің өлең болып өрілген.

Бақыт па едің?
Басыма кеп қонатын,
Жақұт па едің?
Сыр-сандыққа толатын.
Ақ пейілмен аймаласқан сәттерде,
Шаттық,
Ләззат –
Бәрі менде болатын.

Сен жоқ сәтте бақытсыз боп жүремің,
Сен бар жерде бақыттымын, білемін.
Сен жоқ сәтте қысылады жүрегім,
Сен аман бол!
Осы менің тілегім.

МЕН СҮЙГЕН ЕРІН

Мен сүйген ерін –
Алқызыл гүлдей ашылған,
Жұмақтың исі сезілетіндей шашыңнан.
Өзіңе дейін өтпеген болып көрінді,
Алғашқы сезім – махаббат менің
басымнан.

Мен сүйген ерін –
Қызғалдақ сынды құлпырған,
Бота көздердің кірпіктеріне сыр тұнған.
Жанартау сынды атылып кетіп
жүрмесін,
Жүрегіңді сипап, басу айтайын бұлқынған.

Мен сүйген ерін –
Нәп-нәзік,
Жұмсақ,
Бал шырын,
Сеземін анық,
Тәп-тәтті дәмін тамшының.
Махаббат сынды өмірді сақтай білейік,
Осынау қысқа сабындай болған қамшының.

Мен сүйген ерін –
Ешқашан,
Еш кез болмаған,
Дәл мұндай бақыт ешкімге әлі қонбаған.
Шабыт шалқыды,
Көңілім көкке жеткендей,
Жыр-сәлем осы,
Өзіңе арнап жолдаған.

МӘҢГІЛІК ОТ

Құр сүлдем қалды,
Қалмады басқа ештеңем,

Өзімнен қорқам,
Өзімнен-өзім сескенем.
Лапылдап жанған оттай ем кеше
бақытты,

Тұтана алмадым,
Нем қалды сонда өшпеген?

Сезім де кетті,
Жүрек те кетті,
Өзіңмен,
Ғашықтық оты ғайып боп
кетті көзімнен.
Ес-түссіз сүю осы ма еді,

ЛАЛАГҮЛІ ЕҢ, МАХАББАТ ДЕГЕН ТАУДЫҢ

Ей, Алла,
Шөкімдей қуат қалмады ақыл-төзімнен.

Көрмесем сені,
Көзім де көрмей қалардай,
Кесеме біреу у қосып балды салардай.
Ғашықтық зары – ең ауыр жаза екен ғой,
Жалғыз қалғанда жанымды біреу алардай.

Махаббат неткен тәтті едің,
Неткен қатал ең?
Төзбесем оған,
Өзімді-өзім атар ем.
Сүйгенім менің жарығын төккен
Күн болса,
Күн сайын кешке ұясына бірге батар ем.

Көрмеуге сені,
Ендігі шыдай алмаспын,
Сынығы едім,
Тот баспайтұғын алмастың.
Құшағы жердің кең әрі жайлы болғанмен,
Мына түріммен ұзаққа қала алмаспын.

Жарқ етіп шықсаң,
Алдымнан таң боп күлімдеп,
Қуаныш қан боп тамырларымда жүгірмек.
От құшағына махаббат мені орайды,
Тұрған сәтімде құр сүлдем қалып дірілдеп.

СҮЮ

Сүйіп қалдым,
Қайтейін,
Сүйіп қалдым,
Сенсіз мүлде қалады ұйып қаным.
Еніп кеттім махаббат майданына,
Дей алмаймын,
Көрермін бұйыртқанын.

Сүйіп қалдым,
Қайтейін,
Амал бар ма?
Махаббаттан нәр алғам жаралғанда.
Бірін-бірі сүйетін ғашықтарға,
Бұл фәниде алынбас қамал бар ма?

Саған арнап шығарармын әнімді,
Сезімім де от сияқты жалынды.
Махаббат!
Ол – Алланың марапаты!
Сүймегендер ұға алмайды жанымды.

Сүйгенімді аңсап, күтіп, жылайын,
Қуанғаннан көз жасымды бұлайын.
Адам Ата, Хауа Анадан тараттың,
Сүйгендерді жарылқай гөр, Құдайым!

СЕНІ ОЙЛАСАМ

Сені ойласам,
Жаным тыныш табады,
Саған жырды жүрек өзі жазады.
Ыстық сезім лапылдасын,
Сөнбесін,
Махаббаттың тарқамасын базары.

Сені ойласам,
Тәтті түстер көремін,
Пейіштегі гүлзар баққа енемін.
Бақыт деген –

Көрсете көрме, ей, Алла,
Ғашық жүректің сөнгенін.

СҮЮ КЕРЕК

Сенің көзің
Мөлдіреген,
Тұп-тұнық,
Тұратындай бір шындықты ұқтырып.
Сүйе білу –
Жазылмайтын дерт емес,
Сүйе білу –
Адамшылық,
Мықтылық!

Сүю үшін жол жүресің, азапты,
Бастан кешіп,
Қорлықты да,
Мазақты.
Маған салса,
Ұлы адам деп атар ем,
Махаббатты кие тұтқан қазақты!

Сүю деген –
Махаббаттың жаршысы,
Сондықтанда сүйе алмайды бар кісі.
Сүйе алмайтын сорлыларды фәниде,
Жазалайды Жаратқанның қарғысы!

Сүю керек,
Өлу керек,
Сүйіп те,
Шыдау керек,
Қызғанышқа, күйікке.
Сүйгендерді Алла өзі қолдайды,
Қалады олар арман атты биікте!

АМАНАТ

Күлкің қандай әдемі,
Күлкіңді мен ұнатам,
Атып келе жатқандай
Қосақталып бұла таң.
Күле алмаймын мен сендей,
Күлемін деп, Құдай-ай,
Өзімді-өзім жылатам,
Өзімді-өзім жұбатам.
Көзің қандай әдемі,
Көзіңді мен өбейін,
Қорықпасаң, сәби ғып
Жыр-бесікке бөлейін.
Маған сені кез еткен
Тағдырыма не дейін,
Жүректегі сезіммен
Сені желеп, жебейін.
Ғашықтық деп аталған
Дертке ұрындым, асқындым.
Баяғы әуен емеспін,
Тіпті басқа, басқа үнім.
Таудан асқан тасқынның,
Өмірімді уыстап
Бір өзіңе тапсырдым...

МЕН СҮЙГЕН ҚЫЗ

Мен сүйген қыз
Жылап та алады,
Жүрегінен кейде сыр ақтарады.
Алланың сыны –
Ең ауыр сауал,
Кей кезде өтпей, құлап та қалады.

Мен сүйген қыз
Бұлақтай тұнық,
Мөлдір көзінен құпия-сыр ұқ.
Мен ғана оның кілтін табамын,
Жүрегіңде оның жабулы құлып.

Шын сүйген жүрек өзі емдеп, жазады.
Ғашығы салған кездейсоқ жараны.
Шын сүйген жүрек быт-шыт қып жою,
Қаяу боп түскен өкініш-наланы.

Мен сүйген қыз
Тұрақ табады,
Жүрегіңде оның жыр сақталады.
Күнәсі болса, өзіме жазам,
Мен сүйген қыз
Жұмаққа барады.



Сенің ыстық құшағың,
Бір сен үшін бәрі-бәрін беремін.

Сені ойласам,
Сезім от боп жанады,
Сенсіз жерде өртке ұласып барады.
Ынтық сезім құмарынан шықпаса,
Алынбайды махаббаттың қамалы.

Сені ойласам,
Ұмыт болар барлығы,
Әсер етпес патшаның да жарлығы.
Сенің нәркес жанарыңды көргенде,
Құлпын ашар махаббаттың сандығы.

Сені ойласам,
Жаным тыныш табады,
Саған жырды жүрек өзі жазады.
Бірін-бірі құлай сүйсе ғашықтар,
Түкке тұрмас махаббаттың азабы.

МЕН СІЗДІ ҰНАТҚАН ПЕНДЕМІН

Мен – сізді ұнатқан пендемін,
Аспанда емес, жердемін.
Бұйрығын алып Алланың,
Сізді қуантуға келгенмін.

Мен – сізді ұнатқан пақырмын,
Қорқақ емеспін, батылмын.
Жырыммен сізге мәңгілік,
Ескерткіш қоятын ақынмын.

Мен – сізді ұнатқан ғашықпын,
Алдыңызда тұрсам, жасықпын.
Жанарыңыз жарқыл қаққанда,
Кетіп қалуға асықтым.

Мен – сізді ұнатқан пендемін,
Сүйгенім барда төрдемін!



Талапбек
ТЫНЫСБЕКҰЛЫ
Қарашоқы

Тамыздың желі бетіме өбетін,
Таң ата анам мосы керетін.
Бишігін әкем беліне алғанда,
Сарымойын саулық мекіренетін.
Қоралы отар сосын өретін.

Шатқалда өскен шұғұнығыңнан,
Шаттықтың шексіз сырын ұғынғам.
Суырлы сайдың самалы желіп,
Сезбедім қырдың суығын ұрған.

Жылқылы жұртқа ұнағасын ба,
Арсылдайды арлан түн арасында.
Тұсамысымен тықыршып тұрар,
Тұмарлы торым тұма басында.

Тылсымы сан-мың таудың ұқтыратын,
Ұларлар салған ән құнықтыратын.
Сарқымыз бөккен сабаның даусын,
Сабаудың үні жаңғыртыратын.

Төрт түлік түгіл ғашық аңдар да,
Күреңше күлген жасыл аңғарға.
Қос науа басын қорыс қылатын,
Бұғы бейбақтар ащылағанда.

Әр кезең сайын арлы ауыл қонған,
Асырған шыңы арманыңды айдан.
Жеңгелер алған бармағы балдан,
Сары атан шөккен сары қарын майдан.
Айраның қайран, қаймағын қайран.

Тауын жыр етіп, тасын жыр етіп,
Әз жанын өтер ақын жүдетіп.
Шекілдеуікшіл шауқарғалардан,
Балқарағайдың басын күзетіп.

Туған жер

Туған жер қойны дара, бақ қандай,
Жүруші ем күнде аралап қанбай.
Жүдедім налып, аттанар шақта,
Жүрегім қалып бара жатқандай.

Ауылым көшер атанын қомдап,
Бауырым көшер сапарын оңдап.
Тауларым қалды, бау-бағым қалды,
Жолдарым сені, қапамын ойлап.

Бұлбұлың едім орманыңдағы,
Әуені бөлек өз бағындағы.
Молалар үнсіз мұңға батады,
Бөрілер жортқан жондарыңдағы.

Ертегі күннің елесі қайғы,
Есіме алдым неге осы жайды?!
Атамның шыққан төбесі қалды,
Апамның жайған өресі қалды.

Қиялда кезіп аралап бәрін,
Құрандай ұйып жазам аттарын.
Қиырда қалған құйқалы мекенім,
Құдайға ғана аманаттадым.

Мұңымды қуып тәтті ойлар бүгін,
Ағылды асау аққайнар жырым.
Асыға күтем, атағашыңа
Айналып Алаш ат байлар күнін.

Алтай мұңы

Төрт бөлінген тұранымның тұрағы,
Алтайымда аспан жылап тұрады.

Талапбек Тынысбекұлы ақын, 1982 жылы 17 қазанда Алтайдың Қабасында дүнге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Филология факультетінің түлегі. Т.Тынысбекұлының шығармалары «Жас толқын», «Алатау жырлайды», «Қазақ поэзиясының антологиясы» қатарлы ұжымдық жинақтарға енгізілген. «Арғы жағы Ертістің бергі жағы» жыр жинағының, «Ақтулы Қожаберген батыр» мақалалар жинағының авторы. Республикалық, халықаралық жыр мүшәйраларының жеңімпазы. Еліміз Тәуелсіздігінің 35 жылдығына, Қазақ көшінің басталғанының 35 жылдығына орай, осы жылдың 18 сәуір күні 17:00 де Астана қаласындағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының үлкен залында ақынның «Жезбұйдалы жылдар» атты жеке шығармашылық кеші өткізіліп, «Бұланай», «Жер тағы», «Жезбұйдалы жылдар» атты әдеби кітаптарының тұсауы кесіледі.

ЖАНАРЫМА СЫЙМАҒАН ЖАСЫЛ АЙМАҚ



Кең далаңды кернейлетсе көкбөрі,
Ер бабамның естілгендей ұраны.

Тәңірімдей тәу ететін текті ием,
Жасыныңдай жарқылдасам көк тілем.
Асан жортқан алып құрлық төсінде,
Алтайымдай аңыз мекен жоқ, білем.

Жатсынбассың жұмағыма баласам,
Шамырқансам шуағыңа таратам.
«Ағажайды» шырқағым кеп тұрады,
Қарағайлы қойнауыңа қарасам.

Қаным сіңді самырсынды жотаңа,
Тарихыңды тұмишалама тасаңа.
Сырыңды ұқтыр, шыныңды ұқтыр ботаңа,
Сақтан қалған сыбағалы босаға.

Селеулі қыр, сенен дүбір естідім,
Жон жараңды жырымменен тепшідім.
Қарақатты, қызылқатты қолаттан,
Қызыл қанның исі аңқиды, бек шыным.

Қайыңды өзек, тобылғы сай, ұшқатты,
Қиялымды, жыр-әнімді ұштапты.
Тау сұңқардың қанатына мінгізіп,
Тал тұлпардың тізгінін де ұстатты.

Көңілімнің айтылғанда бір әні,
Күмбез кеудем күңіреніп тұрады.
Алтай қайғым ортаймасын ойласам,
Ертіс жасым етегімді жуады.

Мұнарыңдай мұң арылмай жүрген ем,
Бұлағыңдай сыңғырласын сырлы өлең.
Шынарыңдай жақпар жарып шыңда өнем,
Қыраныңдай құзда туғам, құзда өлем!

Ескі жұрт

Үнілесем үн қосқан ырғайлы шын,
Жыр қайғысын ақынның тыңдаймысың?!
Сағынышым санамда ұлғайды шын,
Ақ бөркіңді алыстан бұлғаймысың?

Жұпар лебі жұбатып аршалы қыр,
Алқабыңда адасып қанша әнім жүр?
Жете алмадым, шаршадым, аңсадым құр,
Жұрт ойды екен жоныңнан қай сағынғыр?!

Тәңірімнен енші алған төсін еміп,
Егітесің ескі жұрт есіме еніп.
Кербестіге мінетін кекіл өріп,
Кербез күннің кетсемші көшіне еріп.

Жақпарыңды жаңғыртып тошалалы,
Қайда қалды қалқаның қосар әні?
Жылдарымның жетелеп жоталары,
Жаңбырың ғой жанымның босағаны.

Төрт түлігі мыңғырып ен жайлаған,
Елді ойлағам, сағынып жерді ойлағам.
Келмес күннің керуені-ай көз байлаған,
Енді ол заман сағымдай белде ойнаған.

Күй жылатты көңлімді ән жұбатпай,
Сезілуші ең серіңе мәңгі бақтай.
Ескі жұртқа елеңдеп тұрам ылғи,
Атағашын айналған арғымақтай.

Аламойнақ

Тәңіріме тәубә етіп тұрам күнде,
Қиянатын ғаламның қиям кімге?!
Тірлігімде татитын мың әлдіге,
Әжем айтқан есімде бір әңгіме:

– Әй құлыным, дәл сенің бір жасыңда,
Арда Алтайдың Сарықамыр жылғасында.
Сөткесіне сел үдеп құйды асыға,
Көз жасы күзгі аспанның құрғасын ба?!

Жанарыңа сыймаған жасыл аймақ,
Ғажабыңа қарт Алтай ғасыр айғақ.
Меңдетіпті даланы жасын ойнап,
Селдетіпті таулардың тасын айдап.

Еске аламын сол шақтың әр уағын,
Тағдырыңның тентегім, таны мәнін.
Отын етіп атаңның шаңырағын,
Аспан оғы атылды, налымадым.

Иман айтып құшақтай бердім сені,
Тырс-тырс тамып төсіме көздің селі.
Сенің аман қалғаның сөздің соңы,
Ит өліпті іргеде көрдім соны ...

Әжем сөзін айтпады ары қарай,
Қинамадым, қарт жаны налымағай.
Ажал оғы мені атқан тегі қалай,
Ала мойнақ итіме дарығаны-ай!

Ит болмаса бұл күні мүрдемін бе,
Кім әкелер жөргектен жырды өмірге?!
Ренішім жоқ менің кім де кімге,
Аламойнақ ғұмырын сүргеніме.

Сартап болған сыры бар сұлбасында,
Тегін өлмей тентек ой туласын да.

Көмілердей тағдырын тыңдатуға,
Тегі мендей ұл керек бұл ғасырға.

Майқабырға

Еске алмайды егіліп бал шақты кім?
Сонда екен ғой селкеусіз бар шаттығым.
Көшкен елге кеселеп көтертетін
Ақ айранын анамның аңсап тұрым.

Күргейлетіп, қозы, лақ күнгейлетіп,
Тал таяқты тақымда зір меңдетіп.
Ақшағылдың шыңынан арман құған,
Жылдарымды жібергем кімдерге ертіп?

Сыйпаған кекілімнен желі еркелеп,
Жүрегім жұртымды айтсам неге өртенед?!
Қара шал қайыс өрген қайран мекен,
Апамның өресіне көлеңкелеп.

Майқабырға мыңғырып түлік өрген,
Жарысатын бұлақтар күліп өрден.
Бейтті кезең басында кім қалды екен,
Молаларға мұң шағып күңіренген?!

Таңғы нұр

Жаз жайлауға бармағалы көп болған,
Көшті көрші, көшті ауыл, көшті арман.
Қобыраған қозы үйшікте бос қалған,
Менің балғын бала ойыным басталған.

Ертегідей елестейтін ескі өмір,
Төржайлауым мен шыңдалған төс темір.
Шу қалаға шерін шертіп шепте жүр,
Тар жықпылда тай құлақтап өскен ұл.

Бәрі қиял, бәрі ертегі секілді,
Өткенімді есіме алдым, не тынды?!
Рухыменен, ғұрпыменен өшкенін,
Жұртыменен жүрегіме көшірді.

Таңғы нұрға жон арқасын жылтып қыр,
Шыққа оранған ширғады бүртік гүл.
Кезең асып күлімдеген күн кербез,
Қараша үйдің түңілігін түртіп тұр

Жылқы жыным буады...

Әке,
Көп болды кер жорғаңды мінбегелі,
Жылқы жыным буады күнде мені.
«Тақымынан тай кетпес жүрдек еді»
Деп ауылым сыртыман күндер еді.
Жылдардың жаңылдырды сүрдегі оны,
Ол да бір еске алатын күндер еді.

Қосар атын жетелеп жолға шығар,
Ел сүйінген ауыл ек жорғасы бар.
Ат пен ерін алашым жолда сынар,
Мен ержетер кезіме болды асығар...

Жалында ойнап жетілдім жүйрігіңнің,
Сыбағамнан алғам-ау сыйды бұрын.
Бұрысы жоқ құдайдың бұйрығының,
Бұйырмады дәл бүгін бір құлының.

Жаяу қалдым тентіреп, қала шулы,
Бәлкім бабам мұныма әлі ашулы.
Атсыз қазақ бақсыз деп аласұрды,
Арғымағын тағы да таң асырды.
Елес құшып қарсы алдым қара түнді,
Тұлпар тағдыр таусады тағатымды.

Қабаның қысы

Қабада өткен қайталанбайды еш тағдыр,
Үкілі орманды сыңсыртай дейсің кеш қайбір?!
Сілкінетіндей сезілуші еді аспан дүр,
Оқырын тарпып оқыранғанда бесті айғыр.

Қамыққанымен қараша үйдің қамы үшін,
Қиялап турап қаусайды шопан қазысын.
Аянмен аңдап алдағы күннің аңысын,
Тәтті қиялмен таң асырады тазысын.

Үскірік аяз, шымышылап бетті қарып тұр,
Ақжорға жүріп алқынып жатыр алып қыр.
Сүркейлі күннен әлде бір сұмдық бағып сыр,
Дәу қара төбет қынсылап ише сарып тұр.

Бұлғынды мекен, із қудыма екен бір тентек,
Бозала таңда сырғақты мұзда бүрсектеп...
Өмірдің жолын омбылап келем бұлжектеп,
Ақтазы қиял бала арманымды тірсектеп.

Қазір Қазақстанда салынып жатқан «Келешек мектептері» – қатардағы қарапайым мектеп емес. Бұл – бала өзін еркін сезінетін, оқуға қызығатын жаңа форматтағы білім ордасы. Өйткені бүгінгі білім беру жүйесі – ел дамуының басты тіректерінің бірі. Сондықтан мемлекет айқындаған білім саясаты аясында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы мен 2026–2030 жылдарға арналған «Қазақстан балалары» бағдарламасы сапалы, қолжетімді және заманауи білім берудің нақты тетігіне айналып отыр.

Ақтау қаласындағы №35 «Келешек» мектебінің басшысы ретінде бұл бастамалардың қағаз жүзінде емес, күнделікті өмірде қалай жүзеге асып жатқанын өз тәжірибемде көріп келемін.

Біз үшін мектеп – тек білім беретін орын емес. Бұл – әр баланың болашағы қалыптасатын орта. Жаңа форматтағы «Келешек мектептері», ең алдымен, инфрақұрылымымен ерекшеленеді. Заманауи пәндік кабинеттер, STEM-зертханалар, робототехника, хореография залдары, алғашқы әскери дайындық кабинеттері мен коворкинг аймақтары қарастырылған. Сонымен қатар төрт спорт залы, заманауи жиһазбен жабдықталған оқу кабинеттері және аспаздық, тігін, ІТ бағытындағы шеберханалар бар. ІТ-сыныптар оқушылардың теориялық білімін практикамен ұштастыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде оқушылар тек тыңдаушы емес, олар – зерттеуші, жасаушы, өз идеясын іске асыра алатын тұлға. Барлық сынып интерактивті тақта, компьютер, мультимедиялық құралдармен қамтылған. Бұл оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етуге мүмкіндік береді. Электронды кітапхана, оқу залдары жүйелі жұмыс істейді. Бұл жерлерде оқушылар тек сабақ оқып қана қоймай, шығармашылықпен де айналыса алады.

Сонымен қатар «Келешек мектептері» жобасы аясында инклюзивті білім



«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»:

ЕЛ БОЛАШАҒЫНА САЛЫНҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТИЦИЯ



беруге ерекше назар аударылуда. Әрбір бала – ерекше және әрқайсысының сапалы білім алуға тең құқығы бар. Біздің мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін арнайы жағдайлар жасалған: бейімделген оқу бағдарламалары, логопед, дефектолог, психолог мамандардың қолдауы, кедергісіз орта. Ең бастысы, мұндай балалар қоғамнан бөлінбей, өз қатарластарымен бірге білім алып, әлеуметтенеді. Бұл – тек білім беру емес, бұл – адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Мектебімізде қауіпсіздік жүйесі күшейтілген. Ғимарат толық бейнебақылаумен қамтылған, кіріп-шығу арнайы турникеттер арқылы бақыланады. Бастауыш және жоғары сынып

оқушылары үшін бөлек блоктар қарастырылған.

Алайда ең үлкен өзгеріс ғимаратта емес, оқу мәдениетінде. Біз оқушының білімге деген ішкі қызығушылығын оятуды басты мақсат етіп отырмыз. Сабақ барысында сыни ойлау, зерттеу дағдылары, пікір айту мәдениеті қалыптасады. Оқушылар өз ойын ашық жеткізіп, жауапкершілік алуды үйренеді. Бұл – сапалы білімнің негізгі көрсеткіші.

Тіл саясаты да жүйелі түрде жүзеге асуда. Қазақ тілінің мәртебесін арттырумен қатар, оқушылар орыс және ағылшын тілдерін меңгеріп, көптілді ортада еркін жұмыс істей алады. Бұл олардың жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті болуына жол ашады. Ұлттық құндылықты дәріптеу – ең басты мақсатымыз. Әр баланың бойына халқымыздың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сіңіруге атсалысудамыз.

Мұғалім – білім сапасының басты кепілі. Сондықтан педагогтардың кәсіби дамуына ерекше мән берілуде. Біліктілікті арттыру курстары, тәлімгерлік жүйе, тәжірибе алмасу алаңдары мұғалімнің үздіксіз дамуына мүмкіндік береді. Қазіргі ұстаз – тек білім беруші емес, бағыт беруші, тұлға қалыптастырушы.

Мектепке дейінгі және орта білім арасындағы сабақтастық та күшейіп келеді. Балалардың мектепке бейімделуі жеңілдеп, оқу үдерісіне тез қосылуы – осы жүйелі жұмыстың нәтижесі. Ал жаңартылған оқу бағдарламалары оқушыларды өмірге бейімдеуге бағыт-

талған: олар тек білім алып қана қоймай, шешім қабылдауды, командада жұмыс істеуді, жауапкершілік алуды үйренеді.

Шынымды айтсам, директор ретінде ең маңызды көрсеткіш – ата-аналардың сенімі мен балалардың өзгерісі. Бүгінде біз оқушының өздігінен білім іздейтінін, жана нәрсеге қызығушылық танытатынын, өз болашағына жауапкершілікпен қарай бастағанын көріп отырмыз. Бұл – жүргізіліп жатқан реформалардың нақты нәтижесі.



Бүгін мектеп қабырғасында білім алып жүрген оқушылар – ертең ел экономикасын дамытатын мамандар, жана идеялар әкелетін кәсіпкерлер, қоғамға бағыт беретін көшбасшылар. Олардың бүгін алған білімі мен қалыптасқан құндылықтары Қазақстанның ертеңгі деңгейін анықтайды. Сондықтан «Келешек мектептері» жобасы – жай ғана білім беру бастамасы емес. Бұл – ел болашағына салынған стратегиялық инвестиция. Біз әр баланың мүмкіндігін ашу арқылы, тұтас ұлттың әлеуетін арттырып отырмыз.

Бүгінгі мектеп – ертеңгі Қазақстан. Ал «Келешек мектептері» сол болашақтың берік іргетасын қалыптастырып жатыр.

Любовь НАМ,

Ақтау қаласындағы №35 «Келешек» мектебінің директоры,
Маңғыстау облысы



Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы ҚР Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының Басқарма Президенті Ақылбек Күрішбаевқа анасы

Бакен ОМАРҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты, қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшылығы, «Қазақ әдебиеті» газеті мен «Жұлдыз», «Жалын», «Простор» журналдарының еңбек ұжымы белгілі ақын Асқар Токмағамбетовтің қызы

Роза АСҚАРҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты, марқұмның туғандары мен отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Бір күні сатирик Садықбек Адамбеков Жазушылар одағының секция мәжілісінде өзінің жаңа комедиясын оқыпты. Комедия тым ұзақ екен. Мәжіліске қатысып отырған ақын Сырбай жалығып жиі-жиі күле берсе керек.

— Ей, сен неге күлесің? — депті Садықбек Сырбайдың күлгенін жактырмай. Сонда Сырбай күлкісін тыймай:

Комедия болған соң күлмегенде қайтеміз! — депті

АРҒЫ АТАСЫ АРАБ ҚОЙ.....

Драматург Қалтай Мұхаметжанов бірде Араб елдеріне келген бір топ жазушыларға Алматыны аралатады, қаланы тамашалап шаршаған діндар арабтар «енді мешітке барсақ» деген тілек айтады, Қонақтың, оның үстіне шет жұрттық қонақтың меселін қайтаруға болмайды. Қалеке Астанадағы маңдайға басқан жалғыз мешіттің көрер көзге қораштығынан қысылса да, амалсыз апаруға мәжбүр болады.

Құдай үйінің көркіне көңілдері тола қоймаған арабтар сыртқа шыға бере:

— Осы мешіт тұрған көшенің аты қалай? — деп сұрайды.

— Пушкин көшесі, — дейді Қалекең.

— Жалғыз мешіттеріңізді кәбірдің атындағы көшеге салдырғандарыңыз қалай? — деседі мұны ерсі көрген арабтар дипломатиялық биязылықты қоя тұрып.

Сонда Қалекең жұлып алғандай:

— Пушкиннің арғы атасы Араб қой, соны мензеп мешіт тұрған көшеге әдейі Пушкин атын бергенбіз, — деген екен.

Ел жактан келген бір ағайын есімі қалың қазаққа белгілі сықакшы, халқымыздың сүйікті ақыны Оспанхан Әубәкіровпен әңгіме кезінде:

— Оспанхан қарағым, ішімдік атаулыны сен мүлде қойыпты деп естідік қой, сол сөз рас па? — деп сұрайды.

Сонда Оспанхан иығын көтеріп, басын шайқап:

— Япырмай, бұныңыз жақсы жаңалық екен... Бірақ өзім бұл жаңалықты әлі естімеппін! — деп жауап беріпті.

ӘРІПТЕСТІҢ ӨЗІЛІ

Көрнекті ақын Несіпбек Айтөв пен сатирик Көпен Әмірбек бір жылдың төлі, түйдей құрдастар. Сондықтан да бірімен-бірі қалжындасып ойнай береді екен. Баяғыда Қытай билігіне Хуа Гофэн деген коммунист келгенде, Несіпбек досына арнап мынадай өлең шығарыпты:

*Қытай жақта — Хуа Гофэн,
Біздің елде мына Көпен,
Екі залым бір заманда,
Қалай ғана туады екен?!*

ТӨТЕ ЖАУАП

Белгілі сатирик Жүсіп Алтайбаев біраз уақыт жұмыссыз жүріп қалады. Бұрын басшы қызметтерде істеген Жүсекең Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөліміне барады. Жағдайын айтады, жұмыс сұрайды. Бөлім меңгерушісі:

— Облыстық газетке редактор болып Ақтөбеге барыңыз, — дейді. Жүсекең көнбейді.

Бөлім меңгерушісі:

— Онда Ақмолаға қалайсыз? — дейді.

Сонда Жүсекең:

— Төбене бармай отырғанда, молаңа барады дейсің бе? — деген екен.

авторлары да көріп отырады. Құдайберген Сұлтанбаев бұл жолы сатирик Үмбетбай Уайдиннің «Күлкінің де түр-түрі бар» деген сықағын орындайды.

Құдайберген орындап болғаннан кейін өз шығармасын жатқа білетін, әрі күлкінің анадайы да бар, мынадайы да бар деп жілік-жілікке бөліп жазған

...деген екен



ЖИЕННІҢ ӨЗІЛІ

Бұдан біраз жыл бұрын Атырау облысында қазақ әдебиетінің күндері өтті. Жұбан Молдағалиев бастап барған біраз қаламгер топ-топқа бөлініп, аудандарды аралап, оқырмандармен кездесті. Индер ауданында болған ақын-жазушылар табиғаты тамаша талай жерлерді көрді. Қаламгерлердің арасында осы жердің түлегі — сатирик жазушы Есенжол Домбаев та жүрді. Ол мені жиен деп еркелететін. Өзі де менен кем еркелемейтін. Сол жолы да көңілді қалжынымыз аз болған жоқ.

Аудан басшысы шырайлы жердің шырайын айта бастаса болды, Есаған тұрады да:

— Бұдан біраз жыл бұрын, мен Алматыға көшпей тұрғанда, осы жер сидай дала болатын, — деп қапталдаса кетеді.

Тағы бір жерге келгенде:

— Бұдан біраз жыл бұрын, мен Алматыға көшпей тұрғанда, осы жер ап-ашық алаң болатын, — деді тағы да тақуаланып. Тағы бір жерге келгенде тағы да сөйтті.

Әріге шыдамадым. Мен жиендігіме басып:

Рас, рас, нағашы-еке, сіз жүрген жерге шөп шығушы ма еді? Туған жеріңіздің көзі сіз Алматыға кеткен соң ғана ашылған екен ғой, — дедім.

Жұрт ду күлді.

Айтуын айтсам да, япыр-ай, қатты айтып қойдым ба деп сондағы қысылғаным-ай...

КҮЛКІНІҢ БІР ТҮРІ

«Тамашаның» кезекті репертуары дайындалып жатады. Артистер сатиралық шығармаларын ойнап, оны

Үкең отырып:

— Құдайберген-ау, бәрі жақсы. Тек бір күлкіні тастап кеттің ғой, — дейді.

Құдайберген:

— Қайсысы? — дейді.

Үкен:

— Мынаушы, — деп қолжазбасын көрсетеді.

Құдайберген:

— Оны әдейі тастап кеттім, — дейді.

— Неге? — дейді Үкен.

Сонда Құдайберген:

— Ойбай, Үке-ау, ол өзіміздің Камал Сейтжановичтің күлкісі ғой. Оны салсақ экранға шықпай қаламыз, — депті.

¹ Камал Сейтжанұлы Смайылов — ол кезде Қазақ КСР Телевизия және радио хабары жөніндегі Мемлекеттік комитеттің төрағасы.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ САТИРИК

Сейіт Кенжеахметов кезінде суретші, актер, такпақшы, сикыршы, күлдіргіш клоун, ағаш шебері, фотограф, шебер құрылысшы болған. Оның әсіресе пеш салатын өнерін жақсы көрген ауыл қарты Жанділда «міне жігіт» деп риза болыпты. Сол Сейіт Қостанайға газетке жұмысқа орналасыпты дегенде, әлгі қарт: «Әй, әттеген-ай, Торғайда жүре бергенде, атакты пешші болатын еді-ау!» — деп өкініпті. Енді бірде «Сейіт жазушы болыпты» дегенде: «Онысы жақсы екен, енді пеш салуды ұмытып кетпесе жарар еді», — депті. Кейін сол жазушы төрт бөлмелі үй алыпты дегенді естігенде: «Бәрекелді-е-е, оның үйі жылы болады, өйткені пешті оның өзі салады ғой», — деп қуаныпты.

САН САПАҒА ЖЕТКІЗЕДІ

Халық ақыны Шәкір Әбенев қа-

ламы орысшаға да, қазақшаға да, татаршаға да жүйрік айтыс ақыны, белгілі сатирик Токтархан Шәріпжановпен қалжындаса береді екен.

— Сен, көксөкқан, тағы бір қатын алды дейді ғой, рас па? — деп сұрапты бірде Шәкең Токтарханнан.

— Өзіңізге ұқсаймын деп тағы біреуді жанартқаным рас, — дейді Токтархан да айылын жимай.

— Өй, жынды, ұқсамай қал, ұқсамай! — дейді Шәкір кейіп. Сосын ұзақ ғұмырында өзінің де жеті әйел алғаны есіне түсіп:

— Бұл сенің нешінші қатының? — деп сұрайды.

— Небәрі үшіншісі ғана, — дейді Токтархан қосынғандай болып.

Сонда Шәкір аз-кем ойға батып:

— Мұның дұрыс екен, — депті, — кетем деген қатынды ренжімей кетіре бер, келем деген қатынды ренжімей келтіре бер... Әлгі пәлсапада сан сапаға жеткізеді деген қағида бар емес пе. Түбінде көптің ішінен тәуір біреуі сұрыпталып, сапалы қатынға сен де ие боларсың.

АНТ ПЕН ҚАНТ

Талантты жас ақын Әубәкір Қайранов бірде «Балдырған» журналының редакциясына барады. Бұрынырақта өзінің қызмет істеген жері екен, жігіттермен қауышып, әңгіме-дүкен құрысады.

— Не жаңалық, Әбіш? — дейді жігіттер.

— Жаңалық сол... кеше Одақтың Президенті ант берді, оны өздерің де естіп жатқан боларсыңдар, — дейді Әубәкір әңгімені саясат жағына бұрғысы кеп.

Сонда сатирик-ақын Бейсенбай Кірісбаев:

— Әбіш-ау, ант бергенше халыққа қант неге бермейді екен. Әңгімені содан бастасаң етті, — депті мырс етіп.

ТҮЙЕНІҢ ОРТАН ЖІЛІГІНЕН ШҮМЕК ЖАСАП БЕРЕР ЕДІК

Халық жазушысы Қабдеш Жұмаділовтің 70 жылдық мерейтойы «Ұры жар» деген жерде өтіп, оған Қажытай Ілиясұлы да бірге барады. Тойдан кейін аудан әкімі Қабдеш бастаған Алматыдан келген қонақтарды шығарып салып, «Ұры жар»-дың шыға берісіне дастарқан жайып, құрмет көрсетеді.

Мерейтойының көңілді өткеніне риза болған Қабдеш аға, тойды ұйымдастырып, өзіне құрмет көрсеткен аудан әкіміне, атқамінер азаматтарға рақметін айта келіп, үлкен тебіреніспен Барқытбелдің көркем табиғатына тамсана қарап тұрып:


— Шіркін, осы өлкеде осы қалпымында, қайтадан дүниеге келсем, әлі де қыруар шаруаны тындырар едім ғой, — депті.

Осы кезде Қабдеш ағаның сөзін іліп ала жөнелген Қажекен:

— Рас айтасыз, Қабеке, егер осы қалпыңызда, осы өңірде дүниеге келсеңіз, онда сізге түйенің ортан жілігінен «шүмек» жасап берер едік, — деген екен.

Мұны жактырмай қалған Қабдеш аға:

— Қойшы-ей, Қажытай! Тәп-тәуір әңгімені өстіп бүлдіресің ғой, — депті.



Балтабек ДОСМҰРАТҰЛЫ
(жазушы) 85 жас



Өмірзақ ҚАЖЫМҒАЛИЕВ
(жазушы) 85 жас




Катирә ЖӘЛЕНОВА
(ақын) 75 жас



Әбжан ӘБІЛТАЙ
(ақын) 75 жас



Орынбай ЖАНАЙДАРОВ
(ақын, аудармашы) 75 жас



Светлана ҚАЙЫРҒАЛИЕВА
(жазушы) 70 жас



Әнуар ТАРАҚ
(ақын) 70 жас



Ертай АШЫҚБАЕВ
(ақын) 70 жас



Сәндібек ЖҰБАНИЯЗОВ
(ақын) 60 жас



Жанарбек ӘШІМЖАН
(ақын) 50 жас



Мерейтой құтты болсын, қаламгерлер!

● ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘДЕБИ СЫЙЛЫҚТЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Мәскеу қаласында Русский ПЕН-центр тағайындаған Фазиль Искандер атындағы халықаралық әдеби сыйлықтың тоғызыншы маусымының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Үздік шығармалар алты номинация бойынша анықталды: «Көркем проза», «Көркем публицистика», «Поэзия», «Драматургия және киносценарий», «Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті», «Орыс тіліне аударма».

«Көркем проза» номинациясында Александр Киров «Где-то рядом Карма» әңгімелер жинағы үшін, ал Павел Крусанов «Совиная тропа» романы үшін лауреат атанды. «Поэзия» номинациясында Ефим Бершин «Человек параллельной эпохи» жинағымен және Игорь Волгин «Прикосновенный запас» жинағымен жеңімпаз болды.

«Көркем публицистика» номинациясында Вячеслав Недошивин «Автопортрет врага» очерктер жинағы үшін, ал Андрей Щербак-Жуков «Мой Кир

Булычев, мой Рэй Брэдбери и другие мои писатели...» атты еңбегі үшін марапатталды. «Драматургия және киносценарий» номинациясында Вадим Федоров «Ладушки» атты бес бөлімнен тұратын драма қолжазбасымен үздік деп танылды.

«Балалар мен жасөспірімдер әдебиеті» номинациясында Елена Албул «Нос Варвары Сидоровой» жинағы үшін және Вячеслав Ар-Серги «Удмуртское море» кітабы үшін лауреат атанды.

«Орыс тіліне аударма» номинациясы бойынша қазақстандық қаламгер Фархат Тамендаров «Гончие псы» повесі жеңімпаз атанды.

Русский ПЕН-центр – 1989 жылы құрылған халықаралық жазушылар ұйымы. Аталған сыйлық жазушы Фазиль Искандердің есімін ұлықтау мақсатында тағайындалған. Әр жылдары бұл марапаттың лауреаттары қатарында Александр Кабаков, Вячеслав Куприянов, Александр Мелихов, Валерий Попов, Эдуард Русаков, Роман Сенчин сынды қаламгерлер болған.

Аталған халықаралық сыйлықтың жалпы жүлде қоры 900 мың рубльді құрайды.



Редакторлар кеңесінің төрағасы
Мереке ҚҰЛКЕНОВ

Бас редактор
Бауыржан ЖАҚЫП

Бас редактордың орынбасары
Қали СӘРСЕНБАЙ

Редакция алқасының мүшелері:

АЙТҚОЖИНА Марфуға,
ӘБДІҚҰЛЫ Төлен,
БАҚТЫГЕРЕЕВА Ақұштап,
ЕЛУБАЙ Смағұл,
ИРАН-ҒАЙЫП,
КӨПІШ Әшірбек,
ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас,
ҚАНАЗ Молдахмет,
ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота,
НҰРЖЕКЕ Бексұлтан,
НҰРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай,
ОРАЗАЛИН Нұрлан,
СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек,
СЕЙСЕНБАЕВ Роллан,
СМАТАЕВ Софы,
ШАХАНОВ Мұхтар,
ЫСҚАҚБАЙ Марал

Жауапты хатшы
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ

Әдебиет бөлімі:
Жүніс ОМАР

Мәдениет және руханият бөлімі:
Мәлдір РАЙЫМБЕКОВА

Әлеумет, тарих бөлімі:
Рымтай КӨКЕНАЙҒЫЗЫ

Компьютер орталығының жетекшісі
Данияр ҚАБА

Терімші
Рысқұл ЖҰМАБАЕВА

Корректор:
Айнаш ӘЛДИБЕК

Меншікті тілшілер:
Астана қаласы,
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,
Қарағанды, Ұлытау облыстары

Айтбай СӘУЛЕБЕК,
Алматы облысы

Ержан ТОҚТАРҰЛЫ
Абай облысы

Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ
Ақтөбе облысы

Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ
Атырау облысы

Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА
Батыс Қазақстан облысы

Бауыржан ҒУБАЙДУЛЛИН
Жамбыл облысы

Көсемәлі СӨТІБАЙҰЛЫ
Жетісу облысы

Жангелді НЕМЕРЕБАЙ
Қостанай облысы

Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ
Қызылорда облысы

Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА
Маңғыстау облысы

Сағындық РЗАХМЕТ
Павлодар облысы

Серік ЕЛІКБАЙ
Түркістан облысы

Айдар СЕЙДӨЗІМ
Шығыс Қазақстан облысы

Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ
Шымкент қаласы

Момбек ӘБДӨКІМҰЛЫ

Кезекшілер: Мәлдір
РАЙЫМБЕКОВА

**РЕДАКЦИЯНЫҢ
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**

8 (727) 272-88-17

e-mail:
kazakh_adebiety25@mail.ru

Мекенжайымыз:
050009. Алматы қаласы,
Абылай хан даңғылы,
105-үй. 3-қабат.